

Есей би

Есей би туралы мақалалар,
ойлар, пікірлер

ЕСЕЙ БИ

ӘОЖ 94 (574)
ББК 63.3 (5Қаз)
Е79

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев, Д. Ысқақұлы, Қ. Әбдезұлы, Л.Ж. Мұсалы

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор *Г. Пірәлі*

Е79 Есей би туралы мақалалар, ойлар, пікірлер /
Құрастырған Ж. Дәдебаев. – Алматы: Абай институты,
2025. – 203 б.

ISBN 978-601-08-4897-9

Кітапта ілгеріде өткен көрнекті би, қоғам қайраткері
Есей би Алдамұратұлының (1663-1740) ататегі, өмірі мен
заманы туралы танымдық мақалалар, тағылымды ойлар
мен пікірлер жинақталған.

Кітап оқырман көпшілікке арналған.

**ӘОЖ 94 (574)
ББК 63.3 (5Қаз)**

ISBN 978-601-08-4897-9

© Абай ғылыми-зерттеу институты, 2025

Бірінші бөлім. ЕСЕЙ БИДІҢ АТАТЕГІ

**Кеңес АУХАДИЕВ,
Амантай БІРТАНОВ,
Шәріпбек ЖАМАЛБЕКОВ**

ШЕЖІРЕГЕ БАЙ ЕЛМІЗ

Қазақ халқы көшпелі және отырықшы өмір салтымен, кең байтақ өлкесімен, табиғи байлығының молдығымен, бай әлеуметтік қатынастарымен, терең де тағылымды рухани байланыстарымен, өзіндік дәстүр-өнегесімен адамзат тарихынан үлкен орын алған іргелі елдердің бірі, тіпті, бірегейі десек, артық айтқандық емес. Қадым замандардан бері батыр бабаларымыздың даңқты ұрпақтары осынау ұшы-қиырына қол жетпейтін ұланғайыр даласын, соның төсінде еңбек көрігін қыздырған бейбітшіл елін жатжұрттықтардан найзаның ұшы, білектің күшімен қорғады, тарихын тағдырымен сабақтастырды. Болашағын болжап, келер күннен үміт күтті. Азаттық, теңдік, татулықты ту етіп көтеріп, ынтымақты болуды жыр қылды.

Иә, адамзаттың ежелгі тарихы сол кезден бері ұрпақтан ұрпаққа ауызша тарап, халық жады арқылы рухани дүниенің қайнар көзіне айналғаны баршамызға мәлім. Сонымен бірге көне Қытай жазбаларында кездесетін құнды деректерде, Шыңғыс хан жылнамаларынан жеткен «Алтын шежіре» мен «Моңғолдың құпия шежіресінде», М. Дулатидің «Тарих-и-Рашиди», Әбілғазы Баһадүрдің «Түрік шежіресі», Ж. Қадырғалидің «Шежірелер жинағы», М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ат-түрік», Рашид-әддиннің «Жылнамалар жинағы», Қ. Тауасарұлының «Түп-

тұқияннан өзіме шейін», Ө. Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баяны», Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы», Құрбанғали Қалидұлының «Тауарих Хамса», Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Қазақ шежіресі», Ш. Құдайбердіұлының «Түрік-қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», М. Тынышбайұлының «Қырғыз-қазақ халқының тарихына қатысты деректер» тәрізді еңбектерде өткен тарих тағылымдары, ата-бабаларымыздың елдік-ерлік салттары мен ұлтқа ұран, ұрпаққа үлгі-өнегелері кеңінен көрініс тапқан. Сол секілді Геродот, Аристей, Птолемей, Фукидид, тағы басқа тарихшылар мен Ш. Уәлиханов, Н. Аристов, В. Бартольд, Н. Баскаков, Н. Бичурин, Н. Кононов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, М. Қозыбаев, М. Қойгелдиев, М. Дүйсенов, Ж. Молдабеков, Ж. Дәдебаев және өзге зерттеуші ұстаз-ғалымдар еңбектерінде қазақ халқының арғы-бергі тарихына, мәдени-рухани құндылықтарына ерекше көңіл бөлінген. Әсіресе түркі халықтарының адамзат тарихында алатын орны мен атқарған рөлі, қосқан үлестері, ұлттық мұраты мен халықтық ділі (менталитеті), ел мен жерді қорғауы, өмір-тұрмыстағы, еңбектегі және ортақ мүдде жолындағы іс-әрекеттері жан-жақты сөз болады. Мұның бәрінен де тарихы бай, тамыры терең, дәстүр өнегесі мол қазақ халқының жүріп өткен жолы, биік бел-белестері айқын танылады. Бұлардың еңбектеріне қанық жандар түркі халықтары ішінде қазақ елі де өзінің арғы-бергі тарихи кезең көріністерін, асыл армандары мен ақиқат айнасын кейінгі ұрпаққа ауызша да, жазбаша да жеткізе білгендігіне куә бола алады. Бұдан түркі тілдес халықтардың (қазақ, қырғыз, түркімен, башқұрт, чуваш, хакас, т.т.) Атлант пен Тынық мұхиттары жағалауына, Таяу және Орта Шығысқа, Оңтүстік пен Шығыс Азияға, Алтай мен Атырауға, Алатау мен Қаратауға, Арқа өңірі мен Жетісу өлкесіне ерте дәуірде-ақ қоныстанғанын, тұрмыс-тіршілігі сонда өткенін байқаймыз.

Жоғарыда аттары аталған зерттеушілердің ой-пікірлеріне табан тіресек, осылардың арасында қазақ халқы ауыр да күрделі тарихымен, ұшқан құстың қанаты талатын шетсіз де шексіз жерімен, мәні зор мәдени-рухани құндылықтарымен ерекшеленеді. Егер еліміздің көне дәуіріне, өзіндік даму бел-белестеріне байыппен қарасак, онда, сөз жоқ, қазақ зиялылары бұл бағытта да сан алуан ізденістер жасап, өте маңызды ой-пікірлерін, көзқарастарын айтып та, жазып та қалдырғанын аңғарамыз. Мысалы, Шоқанның мына пікірі еріксіз ойға шомдырады:

«Днепр мен Оралдан бастап сонау Амур мен Зунгари-Олаға дейінгі ұлан-байтақ жерлердің бәрі бізге бір жерден бір жерге көшіп қонып, кезіп жүрген көшпелілердің кең жазық сахарасындай болып көрінеді. Малдан басқа күн көрері жоқ көшпелі азиялыққа жайлы мекен болған бұл байтақ сахара ежелден бері сонау тұрақты жаз жайлауы, қыс қыстауы болып келеді.

Көшпелі сахаралықтың ішіп-жері де, киінері де малмен табылады, жанының тыныштығынан гөрі оған мал қымбат» (Ш. Уәлиханов. Таңдамалы. Алматы, 1980 жыл).

Ең бастысы – тарихымызды түп-тұқияннан өзімізге дейін жетік білуді қара бастың қамы үшін құрбандыққа шалып жібермей, ұлтымыздың жан мен тән тазалығын, бауырмалдығын, отаншылдығын, тағы басқы асыл мінез-құлықтарын сақтап, нығайту үшін пайдаланған жөн. Шежіре сол үшін керек.

Біздің осы сүбелі де сүйекті еңбекте қазақ деген іргелі елдің бір бөлігін құрайтын Ысты шежіресін тілге тиек еткендегі көздеген мақсатымыз да, түп-тұқияннан өзімізге дейінгі тарихты білу арқылы қазақ деген ұлттың табиғи болмысын танытып, жас ұрпақтың жүрегінде отаншыл мақтаныш сезімін ояту. Сөздің шындығына көшсек, өз ортасынан шығып, елге тұтқа болған азаматтарымен мақтану қазақтың қай баласына да жарасады.

Нағыз ер жігіт кіндік қаны тамған жерін құрметтейді, ал ата жұртын аса артық ардақтайды. Олай болатын себебі, қазақта ата жұрт ұғымы бәрінен де биік, бәрінен де

кастерлі. Соны жете ұғынған Димекен (Қонаев) өзінің «Ақиқаттан аттауға болмайды» (Алматы. 1989 ж.) деген ұлағатты естелік кітабында өз ата тегі туралы былай дейді: «Н. Аристовтың деректеріне сүйенсек, Үйсіннен Ақсақал (Абақ), Қараша би, одан Бәйдібек туады. Біздің ата-бабамыз сол Бәйдібектің екінші әйелі Зеріптен туған Жәлменбеттің Ысты деген бел баласынан тарайды...

Ата-бабам тегіне тартып, мал бағып, қауға ұстаған кісілер екен. Шаруа баққанмен қара басының қасиетін кадірлей білген. Кісі есігін сағаламай, еңбегін емген, олар осы күнгі Қапшағай өңірінен Күрті өзенінің оң жақ жағалауын, негізінен Іленің сол қанатынан мына Күйғанға дейінгі жерді қоныс етіпті. Ертеректе бұл жерлер Төменгі Іле болысы, Верный оязы, Жетісу губерниясы атанған. Қазір осы түгін тартса майы шығатын өңірді Алматы облысына қарасты Балқаш, Күрті аудандары жайлап жатыр.

Ата қонысты бұл өңірмен шектеуден аулақпын. Тылсым тарих қойнауына үңілген сайын не бір жұмбақ шежірелер алдыңнан шығып жатқан заман ғой. Жан кадірін мал аяғынан іздеген халықпыз. Бабаларымның ата жұртының аясы Шу бойымен өрлеп, Талас өзенінің төменгі тұсына дейінгі жерді алып жатыр. Жамбыл облысының Талас, Мойынқұм аудандарын қамтып жатқан ұланғайыр жер маған сондай ыстық көрінеді».

Бұл сөздерді Димекен өз ата-бабасына қатысты айтқан, әрине. Егер Ысты елінің ежелгі және бүгінгі қоныс тепкен аумағын атап өту керек болса, онда ол төмендегідей: Ежелде Үштөбеден бастап, Балқаш көлін жағалай Іленің, Күртінің құйылыстары, Хан тауымен, Шу, Талас өзендерінің төменгі сағалары, Мойынқұм мен Бетпақдаланың, Ұлытаудың арасын, қазыналы Қаратаудың күнгейі мен теріскейін жаз жайлау, қыс қыстау етіп, бабасы Бәйдібектен тараған туыстарымен тату сыйластықта өмір сүрген. Қазіргі кезеңде: Оңтүстік Қазақстан облысының Бәйдібек, Созақ. Жамбыл облысының Сарысу, Талас, Мойынқұм, Шу, Алматы облысының Балқаш, Кербұлақ

аудандарын мекендейді. Аумалы-төкпелі заманның ықпалымен Қырғызстан мен Өзбекстанда да көп тараған.

Енді әңгіме арнасын Ыстыға бұрайық. Ысты – Ұлы жүз құрамындағы көптеген тайпалардың бірі. Шежіре деректері бойынша, Бәйдібектің екінші әйелі Зеріптен Өлмағанбет (Қалмағанбет), Жөлменбет туады.

Жөлменбеттің Сыланды атты әйелінен Ысты, одан Жауатар, Жауатардан бастап Ойық, Тілік, Сызыққа дейінгі аралықта 29 буын бар. Бұл шежіре, Қытай деректерінен жиналып кітапқа қосылды.

Тағы бір назар аударарлық факті жөнінде белгілі жазушы-ғалым Қойшығара Салғараұлының ой-пікірі сонылығымен қызықты. Ол өзінің Күлтегін ескерткішіне байланысты «Егемен Қазақстан» газетінің 2002 жылғы тамыз айында шыққан нөмірлерінің бірінде жарияланған «Бумын қаған және Істімі қаған» деп аталатын ғылыми-зерттеу мақаласында былай деп жазады: «...Осы орайда қашан Түрік қағанаты құлағанға дейін Ыстымы қағанның ұрпақтарының еншісінде болған он оқ халқының іргелі тайпаларының біреуінің «Ысты» аталатыны және оның таңбасының Түрік қағанатының негізін қалаған ежелгі қыпшақ тайпаларының «көсеу» деп аталатын көне таңбасымен бірдей болуы да біраз ойға жетелейді. Тайпа атауының өзінің билеушісімен атала беретіні – түрік халықтарында бар дәстүр».

Осының өзі адамға көп ой салады, ғылым әлеміне терең бойлатады, жан-жақты зерттеуді қажет ететін өте маңызды мәселе екеніне оқырман көңілін еріксіз аударады.

Келешек ұрпақтың есіне сала кететін ерекше жағдай – Шапырашты мен Ошақтының аналары ерте қайтыс болуына байланысты Сыланды анамыз Ыстыға қосып, екеуін де емізген. Сондықтан Шапырашты, Ысты, Ошақты жәй туысқан емес, «Емшектес» туысқандар.

Сыланды анамыз кіші енесі Нүриланы (Домалақ Ана) ерекше ұнатып, қатты сыйлайды екен. Онымен көп сырлас болыпты. Осыны сезіп білген Домалақ Ана: «Ағарып алдыма түспесең де, қарайып соңымда қалма», – деп

Сыландыға өзінің батасын беріпті. Сыланды айы жетіп ұл табады. Жас сәбиді Нұрила Ана әуелі өзінің емшек сүтімен ауыздандырып, «ұрпағың өркен жайсын, өзің сияқты ысты болсын!» – деп тілек айтады.

Ел арасында «Шежіреден заман озбас, озса да ол тозбас» деген қанатты нақыл бар. «Алаш» ұранды, киіз туырлықты халқымыз оған еш уақытта салғырт қарамаған, керісінше, жіті көңіл бөліп, жас ұрпақты тәрбиелеудің басты құралы деп санаған. Сондықтан да алдыңғы ұрпақ кейінгі ұрпақты тарихи тұлғалардың – Түрік он оқ елінің Ысты Тон Шор Ұлысының қолбасшысы болған Жауатар батырдың, Жоңғарға қарсы күрескен Бөрібай батырдың, аты аңызға айналған шешен әрі батыр Бөлтірік Әлменұлының, «от ауызды, орақ, тілді» атақты ақын-жырау Майкөттің, елу жыл ел ағасы болған Д. Қонаевтың және басқаларының өнегелі өмірі арқылы өз Отанын сүйуге, елін, жерін қорғауға тәрбиелеп келді, келешекте де тәрбиелей береді. Дәл мұндай үрдіс – Қазақстанның барлық облыстарында, кез келген түкпірлерінде тіршілік етіп жатқан ағайын, ел-жұртқа тән қасиет. Осындай асыл да берік қасиетінің арқасында әрбір елді мекеннің ержүрек батырлары мен дана билері қиын-қыстау кезеңде «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығарып, жауға келгенде жылдам күш біріктіріп, дұшпанына есесін жібермеген, бір сүйем жерін жатқа бермеген. Соның арқасында қазақ халқы «асты – кеніш, үсті – ырыс» бай даласына ие болып отыр. Қазіргі жастарымыздың бойына сондай ұлттық рухты сіңіру – үлкендердің басты борышы, өмірлік негізгі міндеті.

Қазақтың алты қанат ақ орда құрылымында үлкен мән бар. Таратып айтсақ, алты қанат кереге «Алты алаш» дегенді білдіреді. Ал алты қанат керегедегі уықтар қазақтың қара шаңырағын биік көтеріп, оның босағасын берік ұстап тұр деген әдемі тұжырымды алдымызға тартады. Қазақ шаңырағын берік ұстап тұрған уықтардың бірі – Ысты.

Сондықтан да Ысты шежіресін білу қазақ халқының арғы-бергі тарихын, бастау-арнасын танып зерделеу үшін

кажет. Бұл ұлттық мемлекетті, оның қалыптасу жолын, тілін, ділін, рухын жас ұрпақтың санасына сіңіріп, баянды ету үшін керек. Мұны жүзеге асыру кәделі де сауапты іс болып табылады. Үлкеннің кішіге өнеге етер, тәлім-тәрбие берер ізгілікті жолдарының бірі осы екенін ұмытпауға тиіспіз.

Дереккөзі: Бәйдібек баба – алып бәйтерек. Ұрпақтар шежіресі. – Алматы: Өнер, 2003.

Қалаубек ТҮРСЫНҚҰЛОВ

ИСТЕМИ ҚАҒАННЫҢ ҚАЗЫҒҰРТТА ЗЕМАРХТЫ ҚАБЫЛДАУЫ

Сонау көне дәуірлердегі түркілер туралы алғашқы дерек қытай жазбаларында 542 жылдан бастап кездеседі. Түркілердің шығу тарихы мен өркендеп, жарты әлемді билеп тұрған кездері туралы әйгілі түркітану ғылымының корифейі аталған Л. Гумилевтің «Көне түркілер» атты және басқа еңбектерінде кеңінен айтылған (48). Біз оған тоқтап жатпаймыз. Бір ғана еске сала кететін мәселе тарихтағы түріктердің өздері туралы өздері қалдырып кеткен тас жазулар, яғни ғылымдағы Орхон-Енисей жазулары деп аталып кеткен ескерткіштер. Бұлардың негізгілері – VI-VIII ғасырларда түрік қағаны Могилан (Білге қаған) мен оның бауыры Күлтегінге және Тоныкөкке арналып қойылған құлпытастар. Осындағы жазуларды оқудың кілтін алғаш ашқан ғалым Томсон (Дания) мен Радлов. Қазір оның мәтіндерін қазақ ғалымдары тікелей қазақ тіліне аударып жүр. Бұл да түбі бір түркіліктің айғағының бірі болса керек (Қазақшаға тұңғыш аударған М. Жолдасбеков Қ.Т.).

Біздің тоқталмағымыз осы түркі қағандығының Мұқан қаған тұсындағы қолбасшысы Истеми. Ол Мұқан қағанның әкесінің інісі болатын. Өзі өжет, алғыр, әскери әдісті жетік меңгерген, ел мүддесін өз мүддесінен жоғары ұстаған Истеми өз кезінде Түркі қағанатынын шекарасын барынша кеңейтіп, құдіретті ел қатарына қосты. Ол 554 жылы Батысқа қарай жорық жасап, 555 жылы Батыс теңізіне жетті. Осы туралы Л. Гумилев өз кітабында: «Олардың әскері 555 жылы Батыс теңізіне жетті. Мұны Каспий емес, Арал теңізі деп түсінген дұрыс, өйткені

Фирдоуси Истеми билеген елдің шекарасын Шыннан (Қытай) Жайхунның (Амудария) жағасына дейін және Гүлзарунның (Сырдария) арғы бетіндегі Шаш (Ташкент) қаласына дейін деп анық көрсеткен», – деп Фирдоусиге сілтеме жасайды.

Жаңағы тас жазулардағы «Артымызда (батыста) Темір қақпаға дейін» деген жолдар осы жорықтың көрінісі. Сол Темір қақпа Байсын тауындағы Бұзғал асуы немесе Қытай жылнамаларындағы қаңлы жеріндегі Темір қақпа деп түсінсек, ол – Өгем тауларында. Истеми осы жорығында, Л. Гумилев айтқандай, «Орталық Қазақстанды, Жетісу мен Хорезмді өзіне бағындырып алды» да, ат басын Орал тауы мен Еділ өзеніне тіреген соң, кері бұрылды. Өйткені бұл кезде ол өз тылында қалып бара жатқан эфталиттерден (соңғы кездері «абдалдар» деп аталып жүрсе де, біз оқырманды шатастырмау үшін бұрынғы атауын алдық – К.Т.) секем алған болатын. Бұл кезде отырықшы ғұндар деп аталатын эфталиттер Тұрпан ойпаты мен соғдыны өз еріктеріне қаратып алған еді. Түркілердің оңтүстік бөлігін билеген Истеми осы кезде парсы (Иран) елімен қатынас жасауды ойластырды. Ал өздері эфталиттермен қырғи-қабақ болып жүрген парсы шахы Хосрав 1 Ануишрван 564 жылы одақ болуды ұсынып, түркілерге елші жібереді. Истемиге керегі де осы болатын. Ақыры ол өз қызын парсы шахы Хосравқа әйелдікке берді.

Міне, осылай жағдайын жақсартып алып, Истеми эфталит жеріне шығыстан басып кірді. Бұған эфталиттердің Соғды жері арқылы өтіп бара жатқан Истемидің елшілерін қырып салғаны себеп болды. Истеми мен Хосрав әскерлері екі бүйірінен тиісіп, эфталит патшасы Гатифара күл-талқан болып жеңілді. Ал парсы әскерлері батыста қыр көрсеткені болмаса, соғысқа онша араласқан жоқ. Гатифара Соғды жеріне қарай қашты. Кескілескен ұрыстар Шыршық өзенінде, Қаршы даласында өтті. Шешуші шайқас Бұхара маңында болды. Осыдан бастап эфталиттер мемлекеті біржола жойылды. Әмударияның оңтүстігіндегі эфталит жерлерін Хосрав өзіне қосып алды. Дәл осы жер бөлісу

мәселесі түркілер мен парсылардың арасында қырғи-қабақтық туғызды. Бұған кейбір экономикалық жағдай да әсер етті. Енді түркілердің билігіне біржолата өткен соғды жері арқылы сонау Батыста жатқан Византия елімен сауда жасау аса тиімді болатын. Ол үшін парсылардың жерінен өту керек. Бұл парсыларға тиімді емес. Оның үстіне дәл осы кезде парсылар жібек құртын өсірудің сырын елдеріне жасырын жеткізіп, енді Ұлы Жібек жолы арқылы сонау Қытайдан келе жатқан жібек маталарын өз елінің үстінен Византияға өткізіп жіберуге мүдделі емес еді. Сондықтан парсы патшасы 566-567 жылдары өз еліне әкелінген Түрік қағанатының керуеніндегі жібек маталарды түгел сатып алып, керуеншілердің көзінше өртеп жіберді. Екінші керуен де сәтсіз оралды. Бұл парсылардың өздерінше жібек матаға зәру еместігін сездіргені болатын, әрі Византияға өткізбеу үшін әдейі сатып алып, тағы да өртеді.

Міне, осы кезде соғдылық, соңынан әлемдік тарихта аты қалған, Маниах дейтін кісі Истеми қағанға кенес берді: енді Византиямен байланысты басқа жолмен жүргізу керек. Ол жол Каспий теңізі мен Кавказ тауы арқылы Византияға тікелей бағыт ашу. Ол үшін барлаушы ретінде батысқа елшілік жіберу керек. Ақыры осы елшілікті Маниахтың өзі басқарып, 568 жылы Константинопольге жетеді. Түркі елінің елшісін сол кездегі Византия императоры Юстин II өзі қабылдаған. Осы туралы тарихи дерекнама былай дейді: «Император скиф тілінде жазылған хатпен (грамотамен) танысып, елшіні ықыласпен қабылдады. Ол елшілерден өздері келген патшалықтары мен жалпы түркі елі туралы мәліметтер сұрады. Олар өз елінде төрт патшалық бар екенін, тек ең жоғары басшылық Дизабұлдың (батыс тарихында Истемидің аты осылай аталған – К.Т.) ғана қолында екенін айтты... Бұрын сақтар деп аталған түркілер Юстинге елші жібергендіктен, енді бұл да осылай етіп елші жіберуді шешті. Ол шығыс қалаларының губернаторы Земарх Киликиялыққа (Кликиен) осы сапарға дайындалуға бұйрық берді». Дизабұл Истемиді соңғы кездері

тарихшылар Азбол деп атап, «Азу бол» деген тіркестен шыққан деп жүр.

Осы үзінді Түрік қағанаты туралы қалам тартқан барлық тарихшылардың табан тіреп жүрген дерегі, әйгілі Византия тарихшысы Менандр Протектордың жазбаларынан алынды. Оның тарихи еңбегінің үзінділері Византия императоры Константин Порфирородный (X ғасыр) шығармаларында сақталған. Ал түркі әлемін зерттеуде бұл автордың еңбегінің де көп қолданылатыны белгілі. Ол аса білімдар, тарих пен мәдениетке көп көңіл бөлген император.

Сонымен, Менандр жазбалары мен Истеми қағанның тарихына келейік. Түрік қағандығының елшісі Маниахпен ілесе шыққан Земарх тобы Каспий, Хорезм арқылы Согдианаға келгенде, алдарынан шыққан бір топ түркі саудагерлері елшілік адамдарына темір сатып алуды ұсынады. Менандр мұны түркілер өз елінде темір өндіретін орындар бар екенін көрсету үшін әдейі істеген әрекеттері болу керек деп түсіндіреді. Мұнан соң түркілердің бақсылары Земарх тобын Ордаға жақындаған жерде жанып тұрған оттың арасынан өткізеді. Осыдан соң барып бұларды Истемиге алып келеді.

Оңтүстік Қазақстандағы Қаржан қыраттарындағы биік шың – Қосмола шыңы. Бұл осы өңірдегі ең биік шың. Шымкент облысының кез келген нүктесінен қарасаң да, алдымен көзге түсетіні – осы Қосмола шыңы. Егер Ташкенттен Шымкентке қарай жол жүрсең, алдымен көзге түсетіні осы шың. Оның үстіне ол бүкіл жол бойы көзден таса қалмайды. Өзі шамамен Ташкент пен Шымкенттің дәл ортасында тұр. Жалпы тау сілемдерінен бөлініп, ілгерірек тұрған Қазығұрт тауы Қосмоланың Шымкент жағында. Ал осы Қазығұрт пен Қосмоланың арасында, Қосмоланың етегінде деуге де болады, Алтынтөбе дейтін жер бар. Ол да тау сілемдері, нағыз жайлау. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, осы жерден бағы замандарда алтын өндіріліпті.

Міне, біздіңше Истеми қағанның Земархты қабылдайтын жері осы маң, яғни Қазығұрт тауының

төңірегі. Эктаг Қосмола, ал Алтын тау – Алтынтөбе. Қосмоланың неге бұлай аталғанын сонау Византиядан келген Земарх тұрмақ, ауылда жүрген біз де білмейміз. Сонымен, Истеми қағанның ордасы Қазығұртта болған, сонау Батыс өлкеден келген тұңғыш елші де ең алдымен Қазығұртқа келіп, түркілер салты бойынша отпен аласталған. Демек, Қазығұрт бір кезде Нұқ пайғамбардың кемесін қайырлатып, қазақ халқын әлемдік өркениетпен жапсарластырса, VII ғасырда өздерін өркениетті елміз деп санаған Рим империясының елшісін тұңғыш рет қабылдаған қасиетті орын.

Истеми хан 576 жылы қайтыс болған соң оның орнына ұлы Қара Шор отырды. Ол Батыс өлкенің бас билеушісі ретінде Тардуш хан деген шенге ие болды. Қара Шор 555 жылдан бастап көптеген жорықтарға қатысып, Батыс пен Шығыстың түркі әскерлері барған тұстарының бәрін шарлаған аса батыл, тапқыр жан болатын. Дегенмен осы түркі билеушілерінің ішіндегі ең беделді басшының жолы болмады. Оның мақсаты Батыс түрік және Шығыс түрік қағанатының басын біріктіру еді. Бұл ниеті іске асудың орнына, түркі әлемінің күйреуіне әкеліп соқты. 584 жылы түркілердің ұлы ханы Арслан Тобо хан жақында өлетінін сезіп, орнына түркілердің салты бойынша ұлы Амрақ емес, ағасының ұлы Төременді қоймақ болды. Шатақ осыдан басталды, иі жұмсақ Амрақ хан деп жарияланды. Мұны жақтырмаған Төременнің жақтастары өзі жуас Амрақты жәбірлеп, кемсіте берді. Ақыры, Амрақ өз орнын кезінде өзін қолдаған Шетуге берді. Төремен болса Або хан (Аға хан К.Т.) деген атақ алып, мемлекеттің солтүстігіне кетті. Шетудің ордасы, Бас хан ретінде, Өтікен тауларында болды. Амрақ та сыбағадан құр қалған жоқ, ол хан деген атаққа ие болып, ордасын Толы өзенінің жағасына орналастырды. Ал Қара Шор бұрын да Батыс өлкесінің басшысы еді. Амрақтың ордасы әке ордасының орнында, Қазығұрт пен Қосмоланың етегінде болды.

Біздің түрік хандарының кикілжіңін тәптіштей баяндап жатқанымыз да осы Қара Шор ханның мекеніне

байланысты. Л. Гумилев «Көне түркілер» атты кітабында: «Ставка Кара-Чурина располагалась у горы Актаг», – деп жазады да оған «Актаг Белая гора (в Северном Тянь-Шане)», – деп түсінік береді. Осы «Актаг», біздің ойымызша, Қазығұрт пен Қосмола.

Дереккөзі: Тұрсынқұлов Қ. Шығармалары. Бес томдық. Том 5. Қазығұрт. Тарихи-танымдық жазбалар, эссе-әңгімелер. – Алматы: Фолиант, 2014.

Қойшығара САЛҒАРАҰЛЫ

ІСТЕМІ

Бұл арада Істімі үнемі батыста болды, сол себепті көне қытайлықтардың оны білмеуі де мүмкін ғой деуге де болмайды. Өйткені, бұған олардың Түрк қағанаты бөлінбей тұрғанда Қытаймен тікелей араласта болған Істімі түгілі, кейін жеке бөлінген Батыс Түрк қағанатының, тіпті, Қытай империясымен қатынасқа шықпаған кездегі кіші хандарын (қағандарын), яғни Істімінің балалары: парсылармен соғысып жатқан Датуды, Терістік Кавказда жүрген Тәнханды әулеттік тарихнамаларына кіргізіп, олардың іс-әрекетін қалдырмай тізіп жазып отырғаны дәлел.

Қалайда, бұл жерде, қытайлықтардың басқаны білмесе де, дәл Істімінің әуелден жақсы білгендігіне дау болмаса керек. Оған «Жаңа Таң кітабының», жоғарыда айтылған: «Батыс түріктің арғы тегі – Надуллудың немересі Туву. Оның (Тувудың) үлкенін Тумын Или қаған, кішісін Шідиәнми немесе Сідими деп те атайды», – деп басын ашып, нақтылап көрсететін дерегі куә. Бұл, былайша айтқанда, көне қытайлықтар Істімінің есімін ғана емес, оның Тувудың баласы Бумынның туған інісі екендігін де әуелден біледі деген сөз. Бірақ, солай бола тұрғанмен, қытай деректемелерінен 553-554 жылдардан былай қарай Істімі есімі кездеспейді. Менің түсінігімде, бұл – терең ойласуды керек ететін факт.

Тарихтан Түрік қағанатының Шығыс Түрік қағанаты, Батыс Түрік қағанаты болып екіге бөлінгені белгілі. Тарихшылардың айтуынша, осы Батыс Түрік қағанатының ұлы қағаны Истеми (Істімі).

Осы айтылғандарды бір арнаға тоқайластырып, ой түйіндесек, «Жыу кітабының»: «Бумын өлгеннен кейін орнына баласы Кыло «Исижи қаған» деген атпен таққа отырды», – деген дерегіндегі «баласы» сөзінің «інісі» дегеннің орынына жаңылысып жазылып кеткен деп толық сеніммен айта аламыз. Дұрысы «Сүй кітабының»: «Бумын өлгеннен кейін таққа інісі И қаған отырды», - деген дерегі. Мұны бір деректемеде кеткен қатенің екіншісінде түзетілуі деп қабылдаған жөн. Сонда Бумыннан кейін қаған болған, яғни Бірінші Шығыс Түрік қағанатының екінші қағаны Істімі екені шындыққа айналады. Ал бұл «Жыу кітабының» Исижи қаған, «Сүй кітабының» И қаған, «Жаңа Таң кітабының» Шідиэн-ми қаған дегендерінің бәрі әр әулеттік шежіреде әр түрлі аталып келген бір-ақ адамның, «Күлтегін ескерткішінде» төл атымен берілген Істімі қағанның есімі болып шығады. Осыдан келіп, осы кезге дейін дүдәмал болып, түйіні шешілмей келген біраз мәселенің ақиқаты да анықтала бастайды.

Ең алдымен, Бумын қайтыс болғаннан кейін інісі Істімінің қаған болғаны шындық болса, онда қазіргі тарихшылардың Естеми, Істеми, Истеми, Істемі деп, есімін әркім өз қалауынша құбылтып алып жүрген адамы Істімі емес, басқа адам болып шығады. Себебі, олардың Істімі деп алып жүрген адамы 572 (кей деректе 576) жылы өлген. Ал, біз айтып отырған Істімі ағасынын артынан ұзамай, 5-6 айдан соң, сол 553 жылдың өзінде қайтыс болған. Оның осы жылы өлгенін байырғы түрктердің тарихынан мағлұмат беретін қытай жылнамаларының бірде-бірінде жаңағы 553 жылдан кейін Істімі есімінің не «Жыу кітабындағыдай» Исижи, не «Сүй кітабындағыдай» И, болмаса кейінгі «Таң кітабындағыдай» Шідиэнми, Сідими түрінде болсын, бір рет те кездеспейтіні растай түседі. Егер олай болмай, шынымен қазіргі тарихшылар айтқандай, Істімі 572 жылы қайтқан болса, онда атақты ағасынан кейін жиырма жыл өмір сүріп, бүкіл Батыс өңірді билеген, әйгілі Жібек жолын қолында ұстаған, Иран мен Византия империясының

іргесін солқылдатқан атақты қаған туралы қытай тарихшылары, сөз жоқ, бұлайша үнсіз қалмас еді.

Осы арада айтылғанның ұғынықты болуы үшін тарихшылардың қазіргі Истеми деп жүрген адамының атын нақты білгендіктен «Истеми» деп алып жүрмегенін де ашып айта кеткен жөн. Олардың Истеми деп жүргендері – Византия мен Парсы деректеріндегі Дизабул қаған. Оны да әр деректе: «Дизавул», «Сизавул», «Дизибул», «Сизибул», «Силзабул» деп әр түрлі айтады. Көне қытай жазбаларында бұл есім мүлде кездеспейді. Қытайлықтарды жатжұрттықтар есімін қанша жерден бұзып береді дегенімізбен, олардың атақты адамдардың есімінің, тіпті болмағанда алғашқы буынының дыбысталуын дәл беруге тырысатынын жоққа шығаруға болмайды. Бұл тұрғыдан келгенде де, қытай деректерінде не Дизабулдың, не Сизабулдың, не Истемидің есімдерінің алғашқы буынының дыбысталуына келмейді, дыбыстық үйлесім таппайды. Сондықтан басқа бір нақты деректермен дәлелдемесе, тарихшылардың Дизабул немесе Сизабул деп жүрген адамын нақты «Істімі еді» деп сендіре қою қиын.

Дизабулдың түріктің басқа қағандарының бірінің аты болуы да әбден мүмкін. Менің пайымдауымша, тарихшылардың қазіргі танда «Истеми қаған» деп алып жүрген Дизабулы Бірінші Шығыс Түрік қағанатының үшінші қағаны – Мугән қаған болуы әбден мүмкін.

Мугән – оның қаған болғаннан кейінгі қытайша аты. Оның оған дейінгі есімі сол қытай жазбаларында: «Сыдоу», «Сыжин» деп көрсетілген. Көне қытайлықтардың жат жұрт адамдарының есімін беру заңдылығына жүгінсек, онда «Сыдоу», «Сыжин» мен «Сизибулдың» алғашқы буындарының арасында ортақтық бар. Мұның сыртында, Мугән қағанның билік тізгінін қолға алысымен, Дыншу сыли (Дыншуцзы) бастаған жыужәндардың қалғанын жойып жібергені, содан кейін Батысқа қарай жорық жасап, Иданы талқандағанын жоғарыда айттық. Бұл ретте қытай жазбалары Мугән қағанның «батысқа қарай Сихайға дейінгі он мың ли жерді» өз иелігіне қосқаны жөнінде дерек

береді (аталған еңбек 34 б.). Византия мен парсы деректеріндегі Батысты жаулаған түрктің Дизабул есімді қағанының алғашқы жорықтары, міне, осы Мугән қағанның дәуірлеу кезеңі басындағы жорықтарына дәл келеді. Оның үстіне, Дизабул мен Мугән қағанның өлген жылдарының да бір болуы біраз жайды аңғартқандай. Екеуі де 572 жылы қайтыс болған. Қалайда, ойласу керек-ақ сияқты.

Қолда бар тапшы деректерге қарағанда, Істімі қағанның тарихтағы орнын ерекшелейтін еңбегі оның қаған болған аз уақыттағы істерімен өлшенбейді. Ол бар болғаны 5-6 ай ғана қаған болған. Қытай жазбаларында оның бұл кезде Хуэй-хуандағы ірі жеңілістен кейін, босқынға ұшыраған жыужән елінің ес жиып, қайта бас көтеруіне мүмкіндік қалдырмай, біржола тұралату мақсатында әскерін өзі бастап барып, оларды тағы да тоз-тоз қылғанын айтады. Бірақ бұл Істімінің не қағандық, не қолбасшылық ерекшелігін таныта алмайды. Сондықтан Істімі есімінің тарихта ұлы тұлғалар қатарында қалуына оның ағасымен тізе қоса отырып, түрк елінің қолын тәуелсіздікке жеткізу жолында сіңірген еңбегі негіз болғаны хақ.

Ол сол кезде, шын мәнінде, ағасына көмекші болып, бел шешпей еңбек етті. Бумынның тапсырмасымен екі рет Батыс Вей империясына түрк елшілігін бастап барып, ел арасын ептестіре білер бітімгершілік, мемлекет мүддесін ұтысқа шығарар саясаткерлік қабілетімен көзге түсті. Телы тайпаларын бағындыруда адам шығынына жол бермей, қолбасшылық шеберлігін танытса, Хуэй-хуан шайқасында ұрысты ұтымды ұйымдастырып, қарсыластарының қайрат көрсетуіне мүмкіндік қалдырмай, ел тағдырын шешетін ірі жеңіске жетті. Інісінің ақылы мен қайратына, ел мүддесіне адалдығына риза болған Бумын қаған қалыптасқан «әке өлсе, таққа бала мұра» дәстүрін бұзып, қағанат тағына осы Істімінің ие етті. Білге қағанның Түрік қағанатының атақты қағандарының ішінен Бумын қағанның қасына Істімінің атын қосып, оны мақтаныш тұта айтуы да тегін болмаса керек.

Істімі қаған да билік тізгінін ұзақ ұстап отыра алмаған. Ағасы өлгеннен кейін 5-6 айдан соң, «бұл да ауырып қайтыс болады». Қытай осы «бұл да ауырып қайтыс болды» деген дерегі Бумынның да аурудан қайтыс болғанын айғақтайды. Атақты қағанаттың негізін қалаған түрктін әйгілі екі қағанының бұлайша бірінен кейін бірінің аурудан қайтыс болуы, олардың билік басына жастарының ұлғайып барып келгенінен хабар бергендей.

Енді бірер сөз Істімі қағанның есімі жөнінде.

Кез келген тарихи тұлғаның есімі мүмкіндігінше дәл айтылып, дәл берілуге тиіс. Ол – тарихи сауаттылықтың белгісі. Бұл орайда өзге жұрттың әйгілі ұлы тұлғаларын былай қойғанда, тарихқа қатысты жай бір атаудың тұтас аты түгілі, соның бір әрпіне өзгерту енгізсе, оған арнайы түсініктеме беріп, өзгерістің себеп-салдарын нақты деректермен негіздейтіні еске оралады. Алайда өкінішке қарай, бұл әдет бізге қонбай келеді. Біз, керісінше, тарихи тұлғаларымыздың есімін ешқандай ғылыми негізсіз, кім қалай құбылтып жазса да жат көрмейміз. Мысалы, осы сөз болып отырған Істімі есімінің тарихи әдебиеттерде: Естеми, Иштеми, Істеми, Істімі деп әр түрлі қолданылып жүргені – осының бірден-бір дәлелі.

Сонда бұлардың дұрысы қайсы? Неге бірізділік жоқ? Әлде көшпелілерден шыққан тарихи тұлғалардың атын кім қалай жазам десе, солай құбылта беруге еркі бар ма? Бұларға тағы жауап жоқ!

Біздің түсінігімізше, кім қалай жазса да, оның сүйенер бір негізі болуы керек. Онсыз «анау олай жазған», «мынау былай жазған» деп белгілі ғалымдардың атын арқа тұтып, соған жүгіну – шындыққа жеткізбейді. Қажет десеңіз, Істімі қағанның атын анықтауда, тіпті, Византияның да, Парсының да, Қытайдың да жазба деректері дәрменсіз. Өйткені, түрк есімдерін дәл айтып, дәл беруге олардың тілдерінің фонетикалық мүмкіндіктері жоқ. Сондықтан олар амалсыз бұрмалауға мәжбүр. Демек, бұл арада кімнің болса да, жалғыз сүйенері түпнұсқалық құқы бар түрктің төл жазуы болуға тиіс. Ал онда Істімі есімі «**𐰇𐰺𐰍𐰏**»

әріптермен берілген. Бұл қазіргіше «Істімі» болып оқылады.

Осы арада бір ескеретін мәселе түрік жазуында дауысты дыбыстар жазылмайды делінгенмен, белгілі бір жағдайда атақты адамдардың есімін, әйгілі елдің атын жазғанда олардың дыбысталуына қарай толық берілетіні байқалады. Мысалы, қағанаттың атақты алғашқы екі қағанының есімдері дәл осылай: «𐰚𐰪𐰸𐰸» (Бумн), «𐰚𐰪𐰸𐰸» (Істмі) деп жазылған. Мұны оқығанда Бумндағы «м» дыбысының «мы» болып, Істмідегі «т» дыбысының «ті» болып естілетінін ескерсек, екі есімнің берілуінде түсіп қалған дыбыстың жоқтығы анық көрініп тұр. Сондықтан түркілердің өзі анық атап, «Істімі» деп тасқа қашап, жазып беріп отырған Түрік қағанатының екінші қағанының есімін ендігі жерде қазіргідей құбылта берудің еш қисыны жоқ. Оның есімі – Істімі не Істі-ми. Сондай-ақ, тағы бір ескеретін нәрсе түрік жазуында «і» дыбысының кейде сөз аяғында «и» болып оқылатын да ерекшелігі бар екендігі. Осыған негіздесек, Істіміні «Істі-ми» деп те оқуға болады. Онда бұл есімнің келе келе «Ысты-миға» өзгеруін жоққа шығаруға болмайтын тәрізді. Егер бұл есім шынында да осындай өзгеріске ұшыраған болса, онда усұндардың билеушісінің лауазымы – «Күн-ми»-дегі «ми» дыбысын ғалымдардың түркілердің «би» деген сөзінің қытайша берілуі дейтін тұжырымына орай, Ысты-мидің соңғы «ми» буынын да «би» деп оқуға мүмкіндік туады. Сонда Ысты-миіміз «Ысты би» болып шығады. Ысты – есімі, би – лауазымы. Тарихтан белгілі Ышбара бидің лауазым жағынан Түрік қағанатындағы қағаннан кейінгі екінші адам болғанын ескерсек, түрктің екінші қағаны Ысты-биді қаған болмай тұрғанда, яғни Бумынның қаған болып тұрған кезінде қағанаттың бас биі болған деп жорамал жасауға мүмкіндік бар. Олай болса, оның осы елге танылған атымен «Ысты-би» (Істі-ми) тасқа қашалуы бек мүмкін. Осы ретте қашан Түрік қағанаты құлағанша Істімі қағанның ұрпақтарының еншісінде болған он оқ халқының біреуінің «ысты» аталатыны және оның таңбасының

қағанаттың негізін қалаған ежелгі қыпшақ тайпаларынын «көсеу» деп аталатын көне таңбасымен бірдей болуы да біраз ойға жетелейді. Тайпа атауының өзінің билеушісінің атымен атала беретіні де түрк халықтарында бар дәстүр.

Дереккөзі: Салғараұлы Қ. Ұлы қағанат. – Астана: Фолиант, 2008.

Жанғара ДӘДЕБАЕВ

ЫСТЫМЫ ҚАҒАН

Биікте көк тәңірі
Төменде қара жер жаралғанда,
Екеуінің арасында адам баласы жаралған.
Адам баласы үстіне ататегім
Бұмын қаған, Ыстымы (Істемі) қаған отырған.
Отырып, түрік халқының елін, жұртын
Қалыптастырған, иелік еткен.
Күлтегін (Үлкен жазу)

Ыстымы қаған – Қарашаның әкесі, Бәйдібектің атасы. Аты тасқа қашалып жазылған Бұмын мен Ыстымы (Істемі, Естеми, Истеми) қағандардың түрік халқы үшін, түрік мемлекеттігі үшін сіңірген еңбегі өлшеусіз зор. Олардың еліне сіңірген ерлік істері тасқа жазылмағанымен, кезінде елдің ақын-жырауларының толғауында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқанында сөз жоқ. Ағашқа, теріге жазылып, хатқа түскен болуы да ғажап емес. Өкінерлік жай – ол жырлар біздің заманымызға жетпей ұмыт болғанға ұқсайды. Дегенмен өзге жұрттың тарихына қатысты жазба деректерде екі ханның да өмірі, хандық істері туралы бірқатар мәліметтер сақталған. Сол мәліметтер негізінде олардың тарихи бейнесін жасау – бүгінгі күннің мәдени-әлеуметтік маңызы жоғары міндеттерінің бірі.

Бұмын және Ыстымы қағандардың «түрік халқының елін, жұртын қалыптастыруы» оңай болған жоқ. Бұлар түрік халқының басын қосып, дербес мемлекет құруға бел буғанда, айналадағы шектес тайпалар, жалпы төрт құбыладағы елдің бәрі дұшпандық ниетте еді. Қаған тағына Бұмын отырғанда, Ыстымы қаған ағасына тыныс болып,

әскерді өзі басқарды, сарбаздарын сапқа тұрғызып, үздіксіз соғыс ісін жүргізді. Білгірлігі мен алыптығы арқасында ол «төрт бұрыштағы халықты» ағасы қағанға бағындырып, басын біріктірді, «бейбіт етті», бас көтергендердің басын еңкейтті, ақылға келмегендердің тізесін күшпен бүктірді. Сөйтіп ол елін Қадырқан қойнауынан Темір қақпаға дейінгі иен далаға қоныстандырып, көк түріктерінің қуатты мемлекетін құрды. Мемлекет ішінде қағанның билігіне мойынұсынбай, өзінше өмір сүруге ұмтылған тайпалық одақтар да болды. Олар Ыстымының ақылы мен алып күшіне бағынғысы да келмей, одан дербес те бола алмай, басқа аймақ, басқа елден қоныс іздеп, елден ауа бастады. Қаған оларды «ауарлар» деп атады. Ауарлар батысқа ағылып, Тараз бен Таластан Рим жеріне дейін барды. Ыстымы бұларды өзінің құлдары қатарында санап, олардың батысқа аууын құлдардың қожайынына қарсылығы, басбұзарлығы деп бағалады. Алайда олардың бойында да көк түріктерінің асау қаны бар еді. Батысқа ауған түріктердің басындағы Баян қаған да ақылға бай, соғыс ісіне жетік, өз дәуірінің ірі қайраткерлерінің бірі болды. Ол соңынан ерген жұртына жайлы мекен, құтты қонысты білектің күшімен, қарудың жүзімен алып беруге бекінеді, қажет жерінде ақылын алға ұстап, саясаткерлік те көрсетеді.

535 жылдан бергі уақытты Ыстымы жорық үстінде өткізді. Елі мен жерінен ауған қандастарын қуа соғып, Талас пен Асаны кешіп, Сырдан асып, Еділ мен Жайыққа дейін барды. 553 жылы ағасы Бұмын қаған дүниеден өткенде, Ыстымы ел басқару, қол бастау ісіне әбден төселген, көреген мемлекет қайраткері деңгейіне дейін көтерілген еді.

Ыстымыға бас иіп, тізе бүгуге келіспеген ауарларды бастаған Баян Таластан батысқа ығысып, аландардың көсемінен өздері мен римдіктерді тіл табыстыруға қол ұшын беруді сұранады. Аландардың көсемі Саросий араға жүріп, Кандих бастаған ауарлардың елшісі Юстиан патшаға келіп, оған өздеріне қоныстану үшін құнарлы жер,

сондай-ақ жыл сайын қымбат сый-сыяпат және мол ақша беріп тұруды сұрайды. Мұның есесіне ауарлар патшалықтың жауларын жойып, тыныштық үшін күресуге уәде береді [1, 322].

Ауарлар өздерін садақ асынған халықтардың ең ұлысы және күштісі ретінде таныстырады. Сондықтан да олар Юстиан патшаға өз қызметтерін ұсына тұрып, зорлыққа ұласқан талап қояды. Қойып отырған талаптары орындалмаған жағдайда, олар өз күштерін Юстиан патшаға қарсы жұмсаудан да тайынбайтындығын мегзеп білдіреді. Мұны Рим де сезбей қалған жоқ, соған орай қам жасай бастады. Мұның ақыры екі арадағы қарым-қатынастың салқын тартуына, қайшылықты сипат алуына әкеліп соқты. Ауарлар Византияның одақтастарына шабуыл жасап, өткен жерлерін жайпап кетіп отырды. Сабырлар, ұтұрғұрлар, анттар ауарлардың шапқыншылығына ұшырады. Оларға аландар мен құтұрғұрлар іш тартты. Византияның мұндай ахуалы Иранға тиімді болды. Ауарлар Иранмен ынтымақтасуға мүдделі болғанда, Иран да бұған пейілді еді. Осындай жағдайда Ыстымы қаған ғана Византияға қол ұшын беруге шын ықылас танытты. Бірақ аралық мемлекет эфталиттер бұл ойдың жүзеге асуына үлкен кедергі келтірді. Бұл кезде эфталиттер Иранның өзінен алым-салық алып отырған қуатты мемлекет болатын. Соғдиана да соларға қарады.

Қалыптасқан жағдай мен саяси мүдде Ыстымыны Иранмен ынтымақтасуға итермеледі. Ақыры мұндай ынтымақтастыққа қол жетті. Иран мен Тұран арасындағы бұл ынтымақтастық одағы туысқандық қатынаспен нығая түсті: Хұсырау патша Ыстымы қағанның қызын алып, Тұранға күйеу бала болды. Екі ірі мемлекет басшыларының достық, туысқандық қатынастары эфталиттерді бұл екі ел арасында бөліске салу туралы ойға бастады. Кейінірек бұл ой екі елдің ортақ саяси және әскери мақсатына айналды. Соған орай Ыстымы қаған өз қоластынан тұра қашып, батысқа ауған қандастарын (ауарларды) тәртіпке салуды кейінге қалдырды. Бірақ ол ауарларға өзінің қатынасын

ашық білдіріп, мынадай қанатты сөзін жолдады: «Ауарлар аспанға ұшып кететін құс емес, суға секіріп, тереңге жүзіп кететін балық та емес. Олар жер басып, қыбырлап жүретіндіктен, менің қылышымнан қашып құтыла алмайды» [1, 328].

Ыстымының сөзі түріклердің байырғы дүниетанымымен, ерте заманнан бері келе жатқан ата сөзі үлгілерімен үндесіп жатыр. Осы орайда скиф патшасы Иданфирстің еліне жорық жасап келген парсы патшасы Дарийға жіберген «сыйының» мәнісі еске түседі. Иданфирс Дарийға сыйға құс, тышқан, бақа және бес тал оқ (жебе) жібереді. Дарий мұны өзінше жориды. Құсты – қанатты атқа, тышқанды – жерге, бақаны – суға, бес тал оқты қаруға балайды да, скифтер осылардың бәрін – соғыс көлігін (ат), жерін (тышқан), суын (бақа), қару-жарағын (бес оқ) – өзіне сыйға тартып отырғаны туралы ойға келеді. Ал Дарийдің қасындағы жеті ақылманның алды Гобрий басқаша жорып, скифтердің сыйының мәнісін былай толғайды: «Егерде сендер, парсылар, құс болып аспанға ұшып кетпесеңдер, тышқан болып жерге кіріп кетпесеңдер, бақа болып батпаққа түсіп кетпесеңдер менің оғымнан өлім табасыңдар» [2, 220]. Геродоттың жазуында берілген Гобрий сөздерін Ыстымының сөйлеу мәнеріне ыңғайлағанда, мынадай мәтін түзіледі: «Сендер, парсылар, аспанға ұшып кететін құс емессіңдер, жерге кіріп кететін тышқан емессіңдер, батпаққа түсіп жан сақтайтын бақа емессіңдер. Бес бұтақ скифтің оғынан өлім табасыңдар». Екінші жағынан Ыстымының (Істемінің) ауарларға арнаған сөзінің мәнісін заттандырған жағдайда ауарларға сәлемдемеге ол құс, балық және қылыш жіберген болар еді.

Айтылған жайлар Ыстымының сөзінде түріктердің даласында Иданфирстен бері жалғасып келе жатқан даналық ойдың жүйесі жатқанын аңғартады. Ол жүйеде логикалық ойлаудың тереңдігі мен шешендік өнердің қанатты оралымдары бары да даусыз. Ойын ұтымды, өткір, қысқа әрі нұсқа, сонымен бірге көкейге қонымды, әсерлі жеткізе білу Ыстымының мемлекет ісіндегі даулы,

тартысты мәселелерді шешуде сөзге де, ойға да жүйрік, билігі бұлтартпастай негізді де дәлелді, парасатты қайраткер болғаны туралы пікірдің тууына алып келеді. Расында, Ыстымының заманында ел басы болар азаматтың батыр ғана емес, сонымен қатар ел басқару ісінің сан сала тармақтарының бәрінде де ортасынан ақылымен, шешендігімен, әділдігімен озып шыққан дара тұлға, көреген қайраткер болуы басты шарт еді. Ыстымының сөзі мен ісінен оның көре-көре көсем болған, сөйлей-сөйлей шешен болған осындай дара да дана тұлғасы елес береді.

Ыстымы қоластындағы ауарлардың батысты бетке алып ауа көшкенін сатқындық ретінде бағаласа да, оларды жазалауға асықпады, алдымен өз елімен шектес, ауар мен өзінің арасында жатқан эфталиттер мен соғдылықтарды бір жағына шығаруды мақұл көреді. Бұл мақсатына жету үшін Ыстымы Хұсыраумен бірлесе отырып әрекет етеді.

Жорық барысында эфталиттердің патшасы Гатфар елін Ыстымы мен Хұсыраудың біріккен күшіне тойтарыс беруге шақырып, әскерінің рухын көтеруге күш салады. Біраз бектер патшаның сөзін қолдап, жаудың сазайын тартқызуға даярлығын білдіреді. Сонда Катулф: «Өз қорасындағы бір ит бөтен он итке парапар күшпен үреді» [1, 328], – деген екен. Мұның аяғы көпшілікті ойға қалдырады. Шешуші кезең келгенде, Катулф патшасын қалдырып, өз адамдарымен Хұсырау жағына шығып кетеді.

Түрлі мәселелерге байланысты Ыстымы мен Хұсырау шах бір-біріне ауық-ауық елші жіберіп отырды. Елшілік қай бағытқа жүрсе де соғдылықтар арқылы өтетін. Соғдылықтар өздерінің екі жағындағы екі елдің елшілерінің өздері арқылы өтуін де, олардың өзара ынтымақтастығын да қаламады. Осындай жағдайда соғдылықтар Ыстымының Иранға жіберген бір елшілігінен бір ғана адамды тірі жіберіп, қалғандарын қырып тастайды [3, 40].

Ыстымы соғдылықтардың қысастығына шыдап отыра алмай, бүкіл әскери күшін жинап, соғысқа дайындалды. Әскерін Талас бойына топтастырды. Одақта-

сы Хұсырауға елші жіберіп, соғыс қимылдары туралы хабарласты. Хұсырау эфталиттерге алдымен соққы берді. Ыстымы хан соғдылықтарды шығыстан соғып, өзіне қаратты. Одан ары эфталиттердің қала-қамалдарын басып алды. Жорықта Ыстымының ұлдары Қара-Шора мен Түріксан қатты қажыр көрсетеді. Екі ұл да соғыс өнерінің сан тарау амал-тәсілдері туралы білімдерін осы жорықта іс жүзінде пайдаланып, тамаша жетістіктерге жетті.

Жеңілген эфталиттер патшалықтан Гатфарды қуып, оның орнына Фаганиш деген біреуді отырғызады да, оны Хұсырауға тәуелді етіп, Ыстымыға тосқауыл ретінде ұстауды дұрыс көреді. Соғдиананы өзіне қаратқан Ыстымы Хұсырауға елші жіберіп, Фагаништің өзіне бағынышты болуы туралы сұранысын жолдады. Хұсырау бұған ризалығын бермеді. Екі елдің басшылары арасындағы бұрынғы достық қатынас бұзылуға айналды [3, 40].

Бұмын ханның 552 жылы жужандарды тізе бүктірген қолын бастаған баламасыз батыр Ыстымы еді. Ол туралы көне түрік әдебиетінің білгірі Мырзатай Жолдасбеков былай деп жазады: «Түріктердің жойқын соғыстарының біразы Бұмын ханның інісі Естеми ханның атымен сабақтасады. Ол – Бұмынның көзі тірісінде-ақ қол басқарып көзге түскен, ханның жабғысы (уәзірі) болған адам. Естеми батыс жорықтарын басқарған. 555 жылы Шаш (Ташкент) қаласын, Жейхун (Әмудария), Інжу (Сырдария) өзендерін қаратып, Арал теңізіне дейін жеткен» [4, 20]. Л.Н. Гумилев Фирдоусидің көрсетуіне сүйене отырып, Ыстымының (Істемінің) иелігіндегі жердің 555 жылы Қытайдан Әмудария мен Сырдария жағалауларына, Шаштың батысына дейін созылып жатқанын көрсетеді [3, 34].

Ыстымының батысқа жорығы жужандарды біржола тізе бүктірген 553 жылдың күзінен кейін басталуы туралы пікір ұсына отырып, Л. Гумилев 554 жылдың көктеміне тоқтайды. Бұл пікірде негіз бар. Сонда Ыстымы бас-аяғы бір-бір жарым жыл ішінде Жетісуды, Орталық Қазақстанды, Хорезмді тұтас өзіне қаратқан болып шығады [3, 34-35].

Эфталиттер мен соғдылықтарды тізе бүктірген жеңісті жорықтан кейін Ыстымы үлкен ұлы Қара-Шораны 556 жылы Оңтүстік Жоңғарияға жұмсайды. Бұл жорықтан жеңіспен оралған Қара-Шора інісі Түріксан екеуі әке басшылығымен Батысқа қайта бұрылып, Орал мен Жайыққа дейін барады. Батыс бағытындағы ел мен жерге иелік ету кіші ханзада Түріксанға тапсырылды да, Қара-Шора жаз ордасын Таласқа қондырады [3, 104-105].

Соғыс нәтижесі Ыстымының әскери күшін нығайтты. Оның үстіне жібек өндіру ісі өркендеген Соғдиана тұтастай Ыстымыға қарады да, хан алдында ірі экономикалық-шаруашылық мәселесін шешу міндеті пайда болды. Ол соғдылықтардың кәсіпкерлерінің қорындағы мол жібекті сатуға шығаратын жол іздеді. Хандықтың өз ішіндегі қалалардың базары жібекке толып тұрды. Жібек жолы керуені үшін басты сауда орталығы Тараз қаласы болды. Жібек өндірісінің өркендеуі сауда айналымын кеңейтуді қажет етті. Жібек саудасы жолын кеңейту мемлекеттік деңгейдегі қажеттілікке айналды. Ыстымы ханға соғдылық қаңлылар Персияға елші жіберіп, онда жібек саудасын жасау туралы келісім жайлы сөйлесуді ұсынады. Ыстымы соғдылықтардың ұсынысын мақұлдап, Персияға соғдылық қаңлы көсемдерінің бірі Маниақ бастаған елшілер тобын жібереді. Елшілер парсы патшасына ел арасындағы ынтымақтастық пен сауда-саттық істің негізін құрайтын ұсыныстар жасайды. Ұсыныстағы өзекті мәселе Ыстымы хан саудагерлерінің Иранда, Иран арқылы Византияда емін-еркін жібек саудасын жасауына жол ашу еді. Парсы патшасы Хұсырауға бұл ұсыныс қолайлы көрінбеді. Оның бірнеше себептері болған еді. Персия бұған дейін Эфталит патшалығына өзінің бағыныштылығының белгісі ретінде жыл сайын мол сый-сыяпат тарту етіп тұратын. Енді эфталиттер түгелдей Ыстымы ханға қарағанда, Хұсырау ондай салықтан құтылғандай еді. Бірақ Ыстымы парсылардың бұған дейін эфталиттерге беріп келген салығын енді өзіне беруді талап еткен-ді. Бұл талап Хұсырауға жайлы болған жоқ. Екінші жағынан, Хұсырау

Византияның жібек саудасын дамытып, батыстағы елдермен қатынас орнатуы оның әскери және экономикалық қуатын күшейтеді деп білді. Византияның жібек саудасы арқылы баюы да Хұсырауға тиімсіз болатын. Соған орай Хұсырау Ыстымы қаған адамдарының өз елінің ішінде еркін сауда жасауы, одан ары Византияға шығуы туралы ұсынысына үрке, сескене қарады. Оның сескенуі негізсіз емес-ті. Өйткені «эфталит» сөзі түрікше «абдал» деп аталып, түріктердің бір рулық тайпасының атын білдіретін. Абдал тайпасының аты осы қалпында түрікмен және қазақ халықтарының құрамында қазірге дейін кездесетіні Ә. Марғұланды таңқалдырған [5, 20]. Сондай-ақ соғдылықтар да Ыстымыға туысқан тайпалардың бірі болатын [6, 190-191]. Ә. Марғұлан соғдылықтар дегеніміздің қаңлылар екеніне назар аударады [5, 17]. Абдалдар мен қаңлылар тұтастай Істеміге бет бұрар болса, Хұсыраудың бір бүйірі жалаңаштанып қалар еді.

Хұсырау патша Ыстымының елшілерінің ұсынысын қарауды сөзбұйдаға салып, жауап қайтармай, уақытты соза береді. Бірақ елшілер нақты жауап талап еткен соң, патша кеңесшілерін, ақылдастарын жинап, мәслихат өткізеді. Мәслихат үстінде көптеген ұсыныстар айтылғанмен, Хұсырауға солардың біреуі ғана орынды көрінеді. Ол ұсыныстың иесі эфталит Катулф болды. Менандр тарихнамасында эфталит Катулфтың өз еліне өзгелердің билік жүргізуін таңдауында, одан соң елін тастап, парсыларға қызмет жасауында оның жеке өміріне қатысты себептер бары көрсетіледі. Катулфтың әйелі аса көрікті болғанға ұқсайды. Эфталиттердің патшасы оған көз салған екен. Катулфтың эфталиттердің басқа елге бағынышты, эфталит патшасының басқа ел патшасына тәуелді болуы үшін қызмет көрсетуінің, одан соң парсыларға кетуінің себебін Менандр осы жаймен байланыстырады. Осы Катулф Ыстымының елшілігіне қырын қарап, Хұсырауға мынадай кеңес береді: «Елшілердің алып келген жібегін түгелдей сатып алып, олардың көз алдында отқа жағып,

өртеп жіберу керек» [1, 372]. Хұсырау осылай жасауға жарлық береді.

Хұсыраудың ісінен оның Ыстымыға, оның еларалық саясатына деген көзқарасы анық байқалады. Ол Ыстымымен қандай да бір қарым-қатынаста болудан бойын тежеп, бейтарап, өзімен-өзі болатын тұйықтықты оң көреді.

Елшілері іс бітірмей келгенде, Ыстымы да парсы патшасының түпкі ниетін алыста отырып-ақ біліп қояды. Бірақ хан сырын шашыратпай, екінші елшілік жасақтауға жарлық береді. Екінші елшілік те Хұсыраудың ақылшыларына сезікті көрінеді. Кеңес үстінде Ыстымы қағанның ел-жұрты туралы мынадай түйінді ойлар мақұлданады: а) скифтер тұрақсыз; ә) олар аса қауіпті; б) түріктермен достық парсыларға тиімді емес. Осындай тұжырымға келген ақылдастар алқасы түріктердің Иранмен қарым-қатынас жасау туралы ниетін біржола сейілту қажет деп біледі. Осы мақсатта парсылар Ыстымы ханның елшілігінен үш-төрт адамды ғана аман қалдырып, қалғандарын улап өлтіреді де, елшілердің өлімі Иран күнінің аптап ыстығынан болды деп сөз таратады. Ираншахтың ісі барынша жатық шыққандықтан, тірі қалған елшілер де еліне осы сөзді айтып келеді.

Екі ел арасындағы ынтымақтастық жайы елшілік сапарының өзекті желісі еді. Ол шешімін таппады. Бірінші және екінші елшілік нәтижелерін сарапқа салып, саралағанда, қаған болған істі, шындықты оймен танып біледі. Хұсыраудың жаулыққа бар болса да, достыққа жоқ ниетін сезген қаған оның еларалық қарым-қатынасының жай-күйін електен өткізеді. Бұл тұста Хұсыраудың Византиямен қарым-қатынасы ширыға түскен еді. Екі ел арасында елшіліктер жүріп, келісім-шарт жасалғанына қарамастан, тиянақты ынтымақтастыққа қол жетпеген-ді. Осыны аңғарған түрік қағаны ойдағы ісіне оңтайлы жолмен жетуді көздеп, 568 жылы ерте көктемде римдіктерге елші жібереді. Елшілікті тағы да соғдылық Маниақ бастайды. Ыстымы Рим императорына түрік тілінде хат жазып, римдіктерге деген ықыласын, ниет-тілегін білдіріп, мол

сый жібереді. Түрік ханының хатын оқып, тарту-таралғысын қабылдаған император елшілерге зор көңіл бөледі. Қағанның хаты мен елшілердің сөзіне қарағанда, бұл шақта түрік мемлекеті ірі-ірі төрт аймаққа бөлініп, бәрінің жоғарғы билігі Ыстымының қолында болған. Оның үстіне император Ыстымыға эфталиттердің тұтас бағынғанын да естиді. Елшілік тұсында Рим жеріне Ыстымыдан ығысқан ауарлар лек-лек болып ағылып келіп жатқан еді. Соған байланысты император елшілерден ауарлар жайында да бірқатар маңызды мәліметтер алады [1, 374]. Сұхбат соңында Маниақ елшіліктің басты шаруасына көшіп, Ыстымының нақты ұсыныстарын баяндайды: а) екі ел арасында ынтымақтастық пен бейбітшілік орнату; ә) екі елдің өзара әскери достық одағын жасау; б) жібек саудасын дамыту; в) ауып келген ауарлармен ешқандай келісім жасаспау. Осы басты қағидаларды қабылдауға қол жеткен жағдайда, бұдан туындайтын міндеттер де көрсетіледі. Осы тұста елші Маниақ римдіктердің жауы түріктердің де жауы болатынын, римдіктердің іргелес жауына қарсы соғысына түріктердің де қол қосып көмектесуге даярлығын білдіріп, бұл ниетін көкте – Тәңірдің, жерде Ыстымы қағанның атынан айтқан ант сөзімен бекітеді [1, 375].

Римдіктер мен түріктер арасында достық пен ынтымақтастық қарым-қатынастың негізі қаланды. Византия Ыстымының ұсыныстары мен шарттарын мақұлдады. Ауар мәселесі де Ыстымы ұсынысына сай реттелді. Юстин жер сұрап келген ауарларды құр қол қайтарды. Бұл Ыстымы қаған үшін қандай маңызды болса, Рим патшасы Юстин үшін де аса қажет еді. Бір жағынан келімсек ауарлардың, екінші жағынан парсылардың қарсылықтарына тап болып отырған шақта римдіктерге Ыстымының елшілігі үлкен жеңілдік алып келгендей еді. Осыны сезген император Юстин осы жылы жазда Маниаққа қосып Ыстымы қағанға өз елшілігін аттандырады. Рим елшілігін батыс аймақтың қолбасшысы киликиялық Зимарх бастайды. Римге елші жіберу, Рим императорын өз ұсыныстарын қабылдауға мүдделі ету, ақырында Римнің өзіне елшілік жіберуіне қол

жеткізу Ыстымының асқан саясаткерлігі мен ақыл байлығын еларалық деңгейде белгілі етті.

Рим елшісі Зимарх Ыстымы қағанның Таластағы ордасына келгенде, қаған кісілері оны отпен тазартып, зұлым күштерден арылтады. Менандр бұл көріністі, қаламаса да, толық суреттейді. Бақсы-балгерлер елшінің бар заттары мен бұйымдарын бір жерге үйіп, от жағып, отпен аластайды. Отпен аластау үстінде бақсылар қоңырау қағып, дабыл соғып неше алуан күйге түседі. Елшінің заттары мен өзін осындай тазартудан өткізіп, бойы мен маңын зұлым күштерден арылтқаннан кейін ғана сарай қызметкерлері оны ханның қабылдауына алып барады.

Зимарх қағанның жібек шатырына еніп, сарай тәртібіне сай сәлем беріп, тарту-таралғысын тапсырады. Ыстымы елшінің сәлемін шатыр ортасындағы алтын тақта отырып қабыл алады. Амандық-саулық сұрасқаннан кейін, қаған елшілердің құрметіне салтанатты ас береді. Елшілер күні бойы қаған шатырында ет жеп, қымыз ішіп, тамаша көреді. Келесі күні елшілер басқа шатырда болады. Онда да Ыстымы қаған бұларды шатыр төріндегі алтын тақ үстінде қарсы алады. Шатырдың орта тұсында саф алтыннан жасалған құмыралар, шаралар, күбілер неше түрлі сусынға толып тұрды. Елшілер құрметіне тағы да көл-көсір ас, қымыз беріліп, қызық болды. Келесі күні елшіні қабылдау қаған шатырының басқа бөлмесінде өтеді. Қаған онда да алтынмен апталған тақтың үстінде жайғасып отырады. Тақ алтыннан құйған төрт тауыс құс бейнелі тіреуге орнатылған екен. Жан-жағында қасиетті ағаштан жасалып, алтынмен апталған төрт бағана көзге түседі. Бөлменің бір бұрышында дөңгелекке орнатылған жайма үстінде алтын мен күмістен жасалған неше түрлі сәнді ыдыс-аяқ, әшекей бұйымдар, жан-жануарлар мүсіні самсап тұрады. Ыстымы қаған елшімен әңгіме үстінде өзінің жақында парсылармен соғысуға шығатынын айтып, оны сол жорықта өзімен бірге жүруге шақырады. Елші қаған шақыруын қабыл алып, ордада қалып қояды да, елшіліктің қалған адамдары қайтар жолға дайындалады. Ыстымы парсыларға қарсы жорықта

өзімен бірге болуға келісім берген Зимархқа асқан бір сұлуды сыйға тартады [1, 379].

Ыстымы қаған парсыларға жорыққа шығар алдында Талас өзенінің орта ағысы бойында әскери көрініс өткізеді. Осы жерде Хұсырау шахтың елшісі келіп, хан қабылдауын күтеді. Хан Иран елшісін арнайы қабылдамай, көпшілікпен бірге отырғызады. Мәслихат үстінде ол Рим елшісі Зимарахты құрметті орынға отырғызып, олардың елін көтермелеп, құрмет тұтып сөйлейді де, парсыларға келгенде, олардан көрген жәбірін айтып, жорыққа шығу себебін түсіндіреді. Осы тұста парсылардың елшісі шыдай алмай, ханның сөзін бөліп жіберіп, өздерін ақтап қызына сөйлеп кеткен екен. Ыстымы елшінің сөзін тыйып, оны сол жерде еліне қайтарады. Қаған Таластың жағасында Зимархтың да еліне қайтуына рұқсат беріп, онымен бірге Рим императорына Тағма Тархан мен Маниақтың ұлы бастаған өз елшілігін жолға шығарады [1, 380]. Бұл 570 жылдың күзі еді. Ыстымы өз елшілері арқылы Рим императоры Юстинге парсыларды өзімен қосыла шабуды ұсынады [1, 398].

570 жыл Византия мен Түрік қағанаты үшін сәтті басталғанмен, нәтижелі болмады. Юстиннен сұраған қонысын ала алмаған, онымен келісім-шарт та жасаса алмаған ауарлар ашық жаулыққа басты. Ауарлардың көсемі Баян хан Юстиннен сұрап ала алмаған Паннония өлкесін қарудың жүзімен, білектің күшімен алып, Византияға үлкен қауіп төндірді. Бұл кезде Ыстымы бар күшін парсыларға қарсы жұмылдырып, соғыс ісін Мидия жерінде жүргізіп жатқан еді [1, 398]. Юстин ауарлардың ханының бірнеше елшілігінің талап-тілектерін қабыл етпей, кері қайтарып: «Келімсек және көшпелі, оның үстіне айлакер ауарлармен жауласудан дос болу әлдеқайда зиянды. Ауарлармен дос болып, жанды жаралағаннан жау болып тәнді жаралаған жеңіл» [1, 395], – деген терең мағыналы сөздер айтады. Мұны айтып отырғанда, Юстин өзі мен Ыстымы хан арасындағы келісім талаптарын да есте ұстаған болу керек. Алайда қалыптасқан әскери жағдай

Юстинді ауарлармен достық туралы келісімге келуге мәжбүр етті [1, 400]. Ауарлар тәуелсіз мемлекет дәрежесінде Византиямен дербес келісім-шарт жасасып, саяси және әскери кемелдікке қол жеткізді. Бұл, әрине, Ыстымыны қатты алаңдатқан жағдай болды. Сонымен қатар Ыстымының Византия арқылы жібек саудасын дамыту туралы ойы да жүзеге аспады. Ыстымының елшілерінің жібек саудасын дамыту туралы жасаған ұсынысына жауап ретінде Рим императоры өздерінің де жібек өндіретінін айтып, жібек құрттарының «ісін» тамашалатады. Елшілер бұған қатты таңырқайды [1, 493]. Қағанның румдықтардан ауарларға қатысты және жібек саудасын жолға қоюға байланысты күткен басты екі үмітінің екеуі де ақталмады. Екі мәселе бойынша да император қағанның тілегіне қайшы шешім қабылдады.

Ыстымының Персияға жорығы сәтті болды. Түріктер 570-576 жылдары парсыларға қарасты қамал-қалалар мен далалық аймақтардың біразын өздеріне қаратып, Солтүстік Кавказға дейін келді. Хұсрау жеңілгенін мойындап, қайын атасына жылына төрт мың фунт алтын төлеп тұруға келісім берді [7, 291]. Мұның үстіне Хұсырау екі мың қызды жасандырып, жасаулап, Ыстымыға арнайы сыйға тартады [7, 297].

Персияға жорығын біржақты қылған Ыстымы қаған жебесінің ұшын енді Византияға бағыттайды. Солтүстік Кавказда тұрған әскерін Боспарға аттандыруға дайындық жұмыстарын бастайды. Бірақ қаған осы жылы (576) дүниеден өтті. 576 жылы Рим елшілігі келгенде, Түріксан әкесі Ыстымыны жер қойнына беріп, аза тұтып отырған еді.

Рим елшісі Валентин римдіктер мен түріктер арасындағы достық қарым-қатынас бұрынғыдай, Ыстымы мен Юстин қабылдаған келісім-шартта көрсетілген талаптарға сай жалғаса беретініне сенім білдіріп, түріктерге кейбір өкпе-назын айтады. Әкесін жер қойнына беріп, қаралы күйде отырған Түріксан Рим елшісіне: «Бір аузымен бір сөзді он құбылтып, он тілмен сөйлейтін римдік деген сендер емессіңдер ме?! Бір тіліңмен мені алдайсың,

басқа тіліңмен менің құлдарым ауарларды алдайсың... Мен отырмын бір елі аузыма он елі қақпақ қойып, – деп, екі қолының саусақтарын қабаттастырып, онымен аузын жауып көрсетеді де, елшілерге ашу шақыра сөйлейді. – Өтірік жамылып келген сендер де, сендерді маған жіберіп отырған қожайындарың да жалғаншы. Мен сендерді тап қазір өлтіруге бұйырамын. Ал патшаларың маған достық сөзін айтып, менің ауып барған құлдарыммен келісім-шартқа отырғаны үшін әлі сазайын тартады» [1, 419-420], – деп айбат шегеді. Түріксанның бұл ашу сөзі оның әкесі Ыстымының өлер қарсаңындағы көңіл күйімен үндес. Түріксан Рим елшісіне әке ренішін жеткізгендей сөз айтты. Валентин Түріксанның түсінен де, сөзінен де сескеніп, іш жиып қалып, жұмсара, жалына сөйлеуге мәжбүр болады. Сонда ғана Түріксан аздап жібігендей райланып: «Сендер маған әкем өліп, қатты қайғырып отырғанда келдіңдер. Әкем Ыстымы жақында ғана дүние салды. Сондықтан сендер, римдіктер, біздің өлім-жітімге байланысты әдет-заңымызға сай қанжарларыңмен беттеріңді тілгілеп, қайғыруларың керек!» – дегенде, елшілер сол сәтте жапатармағай қанжарларымен беттерін тырналап, қайғыларын білдіреді. Қаралы күндердің бірінде Түріксан төрт әскери тұтқынды ереуіл аттарымен бірге әкесі Ыстымының аруағына арнап құрбандыққа шалып, дұға оқиды [1, 421-422].

«Күлтегін (Үлкен жазу)» ескерткішінде Бұмын және Ыстымы қағандар туралы үлкен құрмет, қошамет сөздер айтылады. Ол сөздердің қатары мынадай болып келеді: бастыны еңкейткен, тізеліні бүктірген; білге; алып; әміршілері де білге, алып; бектері де, халқы да сенімді. Бұлар қаза болғанда, Бөклі шөлінің елі, табғаш, тибет, ауар, үрім, қырғыз, үш құрықан, отыз татар, қытай-татабылар келіп, қайғы жұтып, жылап-сықтайды [4, 47].

Ескерткіш авторы хан мен халық, әміршілер мен бектер үшін бағалы, қадірлі болып есептелетін қасиеттерді айтып отырғанда, өз дәуірінің дүниетанымын негізге алғаны анық. Ел билеген хан әрі білге, әрі алып болғанда

ғана бастыны еңкейтіп, тізеліні бүктіре алмақ. Екіншіден, ханның өз айналасындағы көмекшілеріне деген талабы да анық, нақты көрініс тапқан: олардың да білге, алып, оның үстіне адал, сенімді болуы шарт. Сонда ғана халық өзінің ханына, оның ісіне сенім білдіріп, болашағына да сеніммен, үлкен үмітпен қадам басады, хан халқын ынтымақ пен бірлікке ұйытып, мемлекетінің тәуелсіз дамуына, өсіп-өркендеуіне қол жеткізеді.

Иоллық тегін ата-бабаларының ел билеу, хандық құру салтын, ел билеуші қағандарға, әміршілер мен бектерге, халыққа лайықты қасиеттерді ардақтай отырып, оларға лайықсыз, мемлекет үшін опатты нышандар мен белгілерді де көрсетеді. Олардың жалпы сипаты мынадай болып келеді: біліксіз қағандар; жалтақ қағандар; әміршілері мен бектері де біліксіз, жалтақ; халқы ымырасыз. Осының бәрі ақырында аға мен інінің дауласуына, бектердің қарамағындағы халықтардың өзара жауласуына, елдің дұшпандардың арбауына көніп, айдауына жүріп, тепкісіне түсуіне алып келетінін де Иоллық тегін тасқа таңбалап қалдырған. Айтылған жайлар Ыстымы қаған тұсында түрік мемлекеттігінде қағандық ісін қолына ұстаған қағандарға, әміршілер мен бектердің біліктілігіне, сондай-ақ жалпы халыққа қойылатын талаптар, өлшемдер жүйесі қалыптасқанын аңғартады. Бұдан Ыстымы қаған мемлекетінде мемлекеттік басқару ісі белгілі құқықтық реттеуді көздейтін әдет, салт заңдарына сай жүргізілгені белгілі болады.

Ыстымы қаған мемлекет ісінің бар сала, бар бағытында да білгелігімен, даналығымен дараланды, алыптығымен алға басты, мемлекетінің негізін білгелігімен, алыптығымен нығайтты. Соның нәтижесінде елінің бірлігі, ынтымағы артты, болашағына деген сенімі күшейді. Халық өз мемлекетінің тәуелсіздігінің, өз басының еркіндігінің қадір-қасиетін таныды. Жұрттың ел мен жерге егемендігі, саяси-әкімшілік тәуелсіздігі туралы танымы мен тұрғысы жаңа биікке көтерілді, тарихи ес, тарихи сана өз дамуының жаңа сатысына асты. Осының бәрі Ыстымы

қаған өмірінің, оның қайраткерлік қызметінің Отан тарихындағы маңызы мен мәнінің өлшеусіз зор екендігін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТ

1. Византийские историки: Дексипп, Эвнапий, Олимпиадор, Малх, Петр Патрици, Менандр, Кандид, Ноннос и Феофан Византиец / переведенные с греческого Спиридоном Дестунисом / Примечания Гаврила Дестуниса. – Санкт-петербург: в типографии Леонида Демиса, 1860. – 495 с.
2. Геродот. История в девяти книгах / Перевод и примечания Г.А. Стратановского. – Л.: Ленинградское отделение издательства «Наука», 1972. – 600 с.
3. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М.: Товарищество «Клышников-Комаров и К», 1993. – 526 с.
4. Жолдасбеков М. Асыл арналар. Әдеби мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1990. – 352 б.
5. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар: Ғылыми-зерттеу мақалалар... / Құрастырған Р. Бердібаев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
6. Бернштам А.Н. Очерк истории гуннов. – Л: ЛГУ, 1951. – 256 с.
7. Кулаковский Ю.А. История Византии. В трех томах. Том II. 518-602. – СПб.: Алетейя, 1996. – 400 с.

Дереккөзі: Дәдебаев Ж. Тараз өлкесі. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2013.

Қазыбек бек ТАУАСАРҰЛЫ

БӘЙДІБЕК БАЙ

Қараштан Бәйдібек, Жәнібек, Мәдібек деген үш ұл қалған. Міне, Үш Қараштың үш ұлынан қалған тұқым бүкіл алты Алатауды алып кеткен. Үш Қараш деген ат та осыдан қалған, яғни Қараштың үш баласының тұқымы деген сөз. Тау аты да содан. Бабамыз Бәйдібек хижра жыл санауынан 13 жыл бұрын туыпты да, сексен алты жасында өз ажалынан Қаратауда Бөген өзені бойында қайтыпты. Бәйдібек бабамыз артына жеті Алатауды тегіс алып жатқан ұрпағын қалдырды. Бабама Құдай тағала өзі рақым қылсын, жаны жаннатта болсын!

Бәйдібек бай өте ауқатты, қарымды, шаруасын өргізуге бейімді де, пейілді де адам болған. Оның жайлауы, қыстауы үнемі Қаратауда болыпты. Қаратау ол бір заманда қазіргі біздің уақытымыздағыдай суы азаймаған, сулы да, нулы да, қорыс, тоғайлы жер көрінеді. Қаратаудың іші қазіргі Жолбарыс хан заманында да жаман емес еді. Сонда да ол бір шақта аң жыртылып айырылар, қорыстың іші толған доңыз, мегежін, терістік етегіндегі қамыста тіпті сарымағын ерткен жолбарыс, өлекшін толып жүреді екен. Ол мен ордада қызмет қылғанда да баршылық болатын. Енді бұл күнде адамы қарақұрттай қаптаған Қаратау түгіл, қамысы түйе бойламайтын Көкшетеңіз жалтаңында да жолбарыс шанжағай қалды. Қазір ел бұрынғыдай қамаудағы жолбарыстан қорқа бермейтін болды. Оның үстіне, біздің Шерхан батыр да жолбарыстың жүрегін жарып жеп жүр.

Атамыз Бәйдібек бай ер көңілді, көбіне аң аулап, сейіл құруға бейілді кісі екен. Бәйбішесі Озбайдың (Оразды) он ұлының бірі Отанбайдан тарайтын Арыстан деген бидің қызы Марау-Сары бәйбіше атанған. Кейде оны Гүлжамал деп те айтқан. Одан тараған тұқым да Сарыүйсін атанған. Олай болатын себебі, үшбу дүниенің ылди-өрлі хикматында талай тауарихқа қиянат болатынындай, үлкен шешемізден туған тоғыз ұлды қытайлар өлтіріп кеткен. Үш әйелінің балалары еншілері бөлек-бөлек болғандықтан, қыстау, жайлауларының арасы жырақ-қиян болған.

Сондай Бәйдібек бай жоқ кезде Сары бәйбіше ауылын жау шауып, жылқысын айдап кетеді. Жаудың артынан байдың тоғыз ұлы қуып береді де, жау тоғызын да жайратып кетеді. Оның алтауы Күйік асуына жақын жерде өлген. Оларды көмген жер «Алтысары» аталады, ал үшеуі олардан кейін Ақсу бойында қайтады. Сөйтіп, бір соғыста тоғыз ұл бірдей кетеді. Жаудың жолында отырған Бәйдібек байдың тоқалы Домалақ тоғыз ұлға «бармандар» деп жалынады. Бәйбішенің ұлдары жүйткітіп жөнеле беріпті. Сөйтіп, тоғызы да дүниеден қайтыпты.

Сары бәйбіше-Марау тоғыз ұлының қайғысынан күндіз-түні күңіреніп жүргенде ұлы Сирықтыны Құдай берген. Сирықты атандырған. Шын аты Байтоқты екен. Ол Ұшан деген бәйбішесінен жалғыз ғана ұл керген. Баланың атын сап-сары сары үрпек болғандықтан, Сары (Сергексары) атап кетіпті, кейін оған тағы да үйсін атын жалғап, Сарыүйсін аталған. Әйтпесе, өзінің әкесі құлағына айғайлап айтқан аты Түргеш екен. Оның екі аты бірдей аталып отырған. Өйткені байдың, бәйбішенің көңілі үшін әйелдер атын атамай, Сары десе, кейін Бәйдібек байға, бүкіл жеті Алатауға атағы жайылған байға жалпаң, оның үстіне, байдың бәйбішесінен немересі, өзі де бай, жастай хан болған Түргеш аты шыға бастаған. Сол кезде онға бөлінген Нулы мен Дулының ұрпағы ендігі жерде Абыл атанған елінің әуелі бірін, кейін бәрін билегендіктен, бұл аты қаттырақ естілген. Хандықпен Қытайға шабуылға шыққан. Бұған қазақ жерінің батысынан келген Алшын

Қалау батыр көмектесіп, қытайларды шапқан. Мұсылман жыл санауының 35-жылы қытайларға ұйғырлар болысып, Алшын Қалау батыр жеңіліске ұшырап, елге қайтқан. Қалау қолында Шөмекей, Шекті, Шеркештер болған. Енді Қытайдағы Түргеш – Сарыүйсіннің біразы сонда қалып, бірсыпырасы Қалау батырмен Жетісуға қайтады. Қалғандары бүгінде сонда. Түргештің немересінің атын Қалша қоюы да сондықтан. Ұлын досының атымен атаған.

Түргеш – Бәйдібектің немересі, немере ағалары Шапырашты, Дулатпен бірдей Абыл, Азық еліне кең мәлім болған. Оның үстіне, жауға шапқанда, көбіне батырлау ұл. Шапыраштының оң қолында жүріп, жанынан табылып отырған. Немересі Сарыүйсін (Түргеш) үйленгенше Сары бәйбіше-Марау тірі екен. Түргеш те жалғыз ұлды болған. Оның аты Мырзақаз. Оның бір ұл, бір қызы болған. Соның Қалша деген ұлын шөбелегін бәйбіше бауырына салып асыраған. Қалшаның бел баласы Ұшлақ хан болған. Ұшлақтан кейін оның ұлы Қаралақ көп жыл ел билеген. Барлық үйсінді аузына қаратқан, шешен де, көсем де адам болды. Ол Сырдария аймағындағы Қатаған елін де сұраған.

Бәйдібектің екінші әйелі өз шешемді әңгімелей тұрып, кіші шешемізді, яғни Бәйдібек байдың тоқалын Домалақ Анамды әңгімелей женелейін.

Домалақ Анам кішкентай домаланған кісі екен. Оның өз аты Нұрила болған. Бірақ жұрт оны елге жайлы адам болғандықтан, Нұрбүбі, Алтынбүбі, Бибімәриа, Бибіажар деп бірнеше түрлі етіп атай берген.

Домалақтан Бәйдібек бай бір ұл көріпті. Оның атын Тілеуберді қойып, Жарықшақ атандырған. Бала туылғанда жарық шеке болып дүниеге келген деседі. Оның аты сондықтан Жарықшақ (алғаш Жарықшеке екен) қойыпты. Біздің шешеміз Зеріп шарқ ұрып, оташы іздеп, ақыры ондай емшіні Қатаған елінен тапқан. Жарық шеке балаға оташы Қон Еміс деген кісі ем жасаған. Бала басының сүйегі ойылған жеріне жас тасбақаның сүйегін салыпты. Сөйтіп, аюдың ақ дәрісімен емдеп жазыпты.

Түргештің Сарыүйсін деген жанама аты болғаны сияқты Жарықшақтың да жанама Қараүйсін деген аты болған. Жалайыр Қадырғали жазбаларында кездесетін Қараүйсін дегендер – осы Жарықшеке Тілеуберді (Жарықшақ) тұқымы. Жарықшақ тұқымы біздегі Ақ (Арыстың) тұқымындағы ең көп ата, тұқымы көп тараған. Оның үстіне, баяғы Елсау бидің Дулы деген балаларының тұқымы, үрім-бұтағы осыларға қосылып, Қараүйсіндерді көбейтіп жүр. Қараүйсін деген – Жарықшақ балаларының лақап аты.

Жарықшақтың бес баласы – үш ұл, екі қызы болған. Олар Албан, Суан, Дулат, Қызай (Күнбүбі), Мұрын (Ақбүбі) аталады.

Хижраның жыл санауының жүзінші жылдарынан бері ғұмыр сүретін Жарықшақ тұқымы – бұл кезде Үйсін ішіндегі ең көп ел. Оны көбейтіп тұрған – Дулат тұқымы.

Домалақтың әкесі Үрмәт руының адамы болған. Шешесі – Азық елінің қызы. Осы заманда оны қожа қызы деп жүргендер көп. Бұл ойдан шығарылған нәрсе.

Жарықшақтың екінші ұлы Суан.

Жарықшақтың үшінші ұлы – Дулат.

Дулат жеті жасында жетім қалған соң, Жалмамбет қолында Шапыраштымен бірге өскен. Дулат тоқсан үш жас жасап қайтыс болған. Өлерінде төрт ұлын шақырып алып өсиет айтыпты:

– Төртеуің де жақсы боласың, дәулетті боласың, ішінде үлкенің Сыйқым нашарлау болады. Батыр шықса, мына екі егіздің (Ботпай, Шымыр егіз туған) тұқымынан шығады. Төртеуіңнің ішіндегі мықты Жаныс пен Шымыр тұқымы болады. Байлықты ұстап тұру байлыққа байланысты болмайды, байлықтың қазығы – батырлық, батырлық – байлықтың сақшысы. Батырлық та байлықсыз түк болмайды. Сендер төртеуің де бай боласың. Мына қатпар-қатпар Алатаудың қойыны сендерді қалай шалқимын десең де, қалай өрістеймін, қалай арыстаймын, қалай жайлаймын, қалай қыстаймын десең де жетеді, бірақ байлықты ұстап тұру үшін көт керек. Ол көт сендерде болмайды. Мына Шапыраштының тұқымы батыр болады,

өздері ашық көңіл шарт-шұрт шатақ, бірақ қайтымы тез, артына кек сақтамайтын, «айналайын» десең, жайылып түсіп, сен үшін жан беруге дайын тұрады. Сондықтан өздеріңде болмайтын көтті, ауыр дүмді осылардан табасың. Іргенді ажыратпа Шапыраштыдан, мен жеті жасымда жетім қалғанда, Шапыраштыдан басқа бауырым да, жақыным да болған жоқ, сондықтан мен десеңдер, мені әкем деп сыйлап, ардақ тұтсандар, аруағымды сыйласандар, мәңгі Шапыраштымен бірге болындар, – деген.

Осының әмбесі болмағанмен, көбі шамаға соқты. Албан, Суан 1101 қоян жылы Қалмақ шапқыншылық жасағанда, көше алмай, жау қолында қалып қойды.

Бәйдібектің екінші әйелі Зеріптің Азық елінің қызы екенін, өте сұлу адам болғанын қариялар айтып отыратын. Оның тапқан балаларынан қалған ұлы – жалғыз Жалмамбет. Шешеміз қартайып, өз ажалынан 81 жасында қайтыпты. Шешеміз қайтқанда, Жалмамбеттің үшінші әйелі Сыланды да дүние салыпты. Сондықтан екеуін Қаратаудағы Ұзынбұлақ өзенінің кіші Бөгенге қосылар жеріне бірге жерлепті. Содан болу керек, сол жердегі тау «Қосмола» аталады. Енесі мен келіннің татулығын, біріне-бірінің мейірімін көрсететін Қосмола ұрпаққа үлгі тұтар елеулі оқиға, үлкеннің кішіге айтар дәрісі, тебізі болмақ. Атамыздың (Бәйдібектің) сағанасы да Кіші Бөген мен Ұзынбұлақ өзенінің құйылысындағы беткейге қойылған. Шешеміз Зеріп пен келіні Сыланды екеуі бір бейітке жерленгендіктен, кейде ортақ мүрдені бірде Зеріп шешенің, бірде Сыланды моласы деп жұрт шатастырып да жүреді.

Зеріптен туған Жалмамбетті әкесі Бәйдібек отыз үшінде көріпті, қып-қызыл болып туған да, өскенде де сондай көркем кісі болыпты. Сондықтан одан туған Шапырашты, Ысты, Ошақты үшеуінің тұқымын Алүйсін, яғни Қызылүйсін атандырған. Сонымен Бәйдібектің үш ұлы:

Сирықты тұқымы – Сарыүйсін, Жалмамбет тұқымы – Алүйсін, Жарықшақ тұқымы – Қараүйсін болып тауарихқа солай түскен кезі де болған.

Жалмамбеттің үшінші әйелі Сыланды бір ұл туыпты. Оның аты Жауатар екен. Сыланды енесіне өте жағымды болған. Оны тұстастары Ысты атандырған. Сондықтан да одан туған тұқым Ысты аталып кеткен. Жауатардан үш бала қалған. Олар – Ойық, Тілік, Сызық. Олардың шын аты – Қосмағамбет, Досмағамбет, Сыдық. Ал Ойық, Тілік, Сызық аттары Бәйдібек бай енші бергенде салған ені. Енді рулар солай аталып кетті. Ойық төрт ата болған – Қызылқұрт, Көкшекөз, Сәтек, Ауызсүген.

Ыстылардың тамғасы – көсеу, шылбыр.

Дереккөзі: Тауасарұлы Қазыбек бек. Түп-түқияннан өзіме шейін / Басп. дайындаған Б. Қыдырбекұлы. – Алматы: Жалын, 1993.

БӘЙДІБЕК БАБА

Қазақтың қай тарихын да аңыздар мен әңгімелер толқыны көмкере басып кеткен. Көне дүниедегі көмескі тайпа көсемдерінен бастап, есімдері қашалып жазылып, халық тарихын барынша терең жазып жеткізген X-XIX ғасырлар арасындағы ғұламалардың өздері туралы да айтылатын аңыз, әңгіме көп. Тіпті, өткен замандарды былай қойып, күні кеше – XX ғасырда халық арасында ел басқарған, қан майданда қол бастаған, ғылым мен мәдениетте көркем ой, көреген жол бастаған, кейбір арамызда әлі көзі тірі жүрген адамдар жөнінде де әңгіме-аңыздар жеткілікті. Бірақ, қаншама аңыз, әңгіме болғанымен, оның өзегінде сом алтындай жарқырап тарихи ақиқат жатады. Әрбір мысалдан тарихи дерек көрініп тұрады.

Еліміз егемендік алып, төл тарихымызды өзіміз саралау қолға алынды. Жазба деректер мен тарихи ақиқаттар негізінде көптеген құнды ғылыми шығармалар дүниеге келе бастады. Осы еңбектерде Дала өркениетінде қазақты түркілердің мәйегі есебінде қарастырады.

Археологиялық және геологиялық зерттеулер берген деректер Қазақ Даласы осыдан 2 миллион жыл шамасы бұрын алғашқы адамдар өмірге келген қасиетті мекен екенін дәлелдейді. Алғашқы адамдар қауымы даму сатысының қиын баспалдақтарының барлығынан сүрінбей өтіп, өркениет кезеңіне жеткен. Ал, бүгінгі Қазақ даласын осыдан шамамен 2,5-4 мың жыл бұрын мекендеген сақ тайпалары туралы жазба тарих атасы Геродот (б.д.д. V ғ.) жазып кеткен. Геродот бұл деректерді өзінен 240 жыл бұрын сақ тайпаларының ортасына екі рет келіп, оларды зерттеген ғұлама Аристей (б.д.д. VIII-VII ғ.ғ.) жазған

еңбектен алдым деген. Аристей осы сақ тайпасының бірінен шыққан біздің ежелгі қандасымыз болуы мүмкін.

Осы Арыс, Асы, ғұн және басқа сақ тайпаларының басын қосып, оларды біртұтас ұлы одаққа – Ұлы жүзге біріктіріп, алғашқы құдіретті мемлекет құрған тұлға Үйсін болған. Үйсін мемлекеті мен оның халқы Ұлы жүздер б.д.д. V-IV ғ.ғ. шамасында тарихта өз орнын алғаны ақиқат құбылыс. Бұл туралы академик Манаш Қозыбаев: «Осыдан екі жарым мың жылға жуық бұрын халқының үштен бірі атқа қонған Үйсін мемлекетінен бастап қазақ сахарасында талай тайпалық мемлекеттер үстемдік етті», - деп жазды («Егемен Қазақстан» 30 сәуір, 1999 жыл).

Үйсін мемлекеті туралы Қытай жылнамаларында арнайы еңбектер жазылған. Оларды қытай тілінен бізге Н.В. Кюнер, Н.Я. Бичурин, Ю.А. Зуев, А.Н. Бернштам, Л.Н. Гумилев және басқа ғалымдар жеткізген. Олар «Усунь», «Аөшін» деген сөздер – Үйсін, ал «Гуньмо» – Күнби (яғни «ұлы билеуші, патша» мағынасында) екенін тәржімалаған. Жапон ғалымы К. Сиратори «Куньмо» дегеннің дұрыс аудармасы «Ханби» екенін анықтаған. Академик Әлкей Марғұлан Үйсін мемлекетінің халқы Сыр алабы мен Алатау бөктерінен Сібір тайгасына дейінгі аралықты еркін жайлайтынын әйгілеп кеткен. Осы тарихымыз туралы құнды мәліметтерді Ш. Уәлиханов, М. Тынышбаев, С. Асфендияров және басқа қандастарымыз да жазған.

Үйсін мемлекетінің аумағы б.д. III-V ғасырларда осы күнгі Қазақ Даласынан асып, Шығыс Даласын қамтыған. Көне Қытай картасында Ордостағы кәзіргі Пинлян мен Гуюань уездері ішкі Моңғолияның үйсіндер ту тіккен оңтүстік шекарасы болып көрсетілген (Ю.А. Зуев, 1960). Үйсін мемлекетінің әйгілі ханбиі Елсаудың (б.д.д. 178-104 ж.ж) екінші ұлы Дулы бидің ұрпақтары III-IV ғасырларда бастап барған, құрамында ғұн тайпасының ержүрек жауынгерлері бар қалың әскер Батыс Даласынан асып, Батыс Еуропа елдерін бағындырғаны белгілі. Осы өлкеде құрылған жаңа мемлекеттер халқы өздерін Дулының ұрпағымыз дейді.

Шығыс, Қазақ және Батыс Далаларын тұтастырған осы Ұлы Далада дулы Естемес хан билік тізгінін алып, 556-576 жылдары Ұлы Түрік қағанаты қайта қанат жайды. Естемес хан қайтыс болған соң қағанаттың қазіргі Қазақ Даласы аумағындағы бөлігі оның үлкен ұлы Қараша ханның қарамағына өткені де ақиқат дерек (Л.Н. Гумилев). Қазақ тарихындағы өмір жолы аңыздарға оранған, есімі ғасырлардан ғасырға тарих толқындарын мызғымай қақ жарып өтіп келе жатқан тұлғалардың бірі Бабамыз Қарашаұлы Бәйдібек би.

Тарихымызда XIII ғасырдың бастапқы кезеңіне дейін «би» атауы осы бұрынғы Елбасы – «ұлы билеуші, патша, хан» дәрежесін алып келген де, қазақ даласына Шыңғыс хан билігі жүре бастағаннан бері қарай «халқының қамқоры, қара қылды қақ жаратын әділетті төреші» деген кейінгі мағынаға ауыса бастайды.

Бәйдібек Баба туралы әңгімелер, аңыздар өте көп. Соңғы он жылдықтарда әртүрлі деректер келтіретін кітаптар да баршылық. Бірақ, енді біз соншама аңыз-әңгімелердің мазмұнын ой-санамызға терең сіңіріп алайық та, бір ғана ақиқатқа бет бұрайық. Ол – Бәйдібек Бабамыздың да, оның өзіне дейінгі аталарының да тарихы болғандығы, өзінің өмір тарихының нақтылығы, орда ұстап, отау көтергендігі және ұлдары мен қыздарының, кейінгі үрім-бұтағының әр ғасырларда халық тарихының алтын діңгектері болып, Алаштың Ұлы Көшінде келе жатқандығы. Келесі ұрпақтар үшін аңыз-әңгімелер ғана емес, барынша нақтыланған тарихи деректер қалдырып отыруымыз керек. Тарихи генеологиялық логика, мұнан кейін де біздің қай-қайсымыздан барынша әділетті болуды талап етпек. Ұлы Бабамыз Қарашаұлы Бәйдібектің туып-өскен, ту тігіп билік жүргізген мемлекет аумағы – батысында қазіргі Сыр алабы, күнгейдегі Ыстық көл алабы, Алатау және Қаратау жоталары, Жетісу өзендерінің бойы, терістігі – Ұлытаудан ары асатын кең жазық, шығысында – Алтай, Ертісті қамтыған ұлан дала.

Бұл әрісі Батыс және Шығыс елдерінде нұсқалары сақталынып тұрған М. Қашқари (XIII ғ.), Ж. Баласағұни (XI ғ.), М.Х. Дулати (XV ғ.), еңбектерінде, арабтың саяхатшы ғұламалары Ибн Хордадбек (846 ж.), Кудаман ибн Жафар (Хғ.), Ибн Ыдырыси (XIII ғ.) тарихи жазбаларында, берісі Н.Я. Бичурин, В.П. Васильев, Н.В. Кюнер, Л.Н. Гумилев, Лю Маоцайдың ғылыми тәржімелері арқылы бізге жеткен. Қытай шежірешілерінің жылнама кітаптарында анық көрсеткеніндей: б.д.д. V-IV ғасырлардан бастау алып, Түркі қағанаты мен қарахандықтар мемлекетінің дамуына қуатты дүмпу береген көне Үйсін мемлекетінің алып жүрегінің дүрсілінен тараған қуатты ағысты терең сіңіріп жатқан төл өлкесі болатын. Көне тарихи тұлғалардан тараған ұрпақтарының бірі, Қараша бидің баласы Бәйдібек Баба – өзінің түп атасы Үйсіннің тарихи тізбегін үзбестен осындай кең аймақта тайпалық одақ құрып, сол мекендерде үрім-бұтағының туын тігіп кеткен тарихи тұлға.

Деректі жазбалардың көпшілігінде ұлы Бабадан бертіңгі әрқилы мәліметтер бар дағы, оның өмір сүрген кезеңі көрсетілмеген. Жалайыр Қадырғали би Қосымұлының қалдырған жазбаларынан Қара үйсін деген атаудың Үйсіннің бертіңгі Қараша Бәйдібек тармағы екендігін анық аңғарамыз. Олар Жетісу өзендері бойының шұрайлы жерлеріне қалалар салдырып, көп ғасыр бойы бірінен соң бірі билік құрып келген. Ал, мына жаңа дәуірде көне тарихты шұқшия зерттеп, көп үңіліп жүрген Б. Қожабекұлы Албани, «Қытайдың тарихи сөздігінің» түрік тарауын ашып қарағанда б.д. V-VIII ғасырдың өзінде Бәйдібек Бабадан тікелей тарайтын бірнеше тайпалардың аты сол сөздікте тұрғанын Қытайдың Үрімжі қаласында шыққан «Ежелгі қазақ тарихында» нақты жазылғанын нұсқады. Кавказда қарачайлардың Эски жұрты деп аталатын мекенінде, Зеленчук өзенінің жоғарғы ағысынан табылған тасқа таңбаланған «Зеленчук жазуы» да өте құнды дерек көзі.

Тарихта қалған шежірелерде Ұлы жүз Үйсін (б.д.д. V-IV ғ.ғ.) Ақарыстан – Ұзын Сақал Ибраһым (Жұмабай), одан

Күрті, одан Кейкі би (Киікбай), одан Төбей би, одан Құйылдыр, Қоғам, Мекірейіл, Майқыны туғызады. Майқы би дәуірлер тоғысында (б.д.д. I – б.д. I ғ.ғ.) өмір сүріп билік жүргізген.

Қоғамнан – Бәйтерек, одан Қаңлы, Шанышқылы (Қатаған) тарағаны айтылады. Құйылдыр мен Мекірейілден тараған ұрпақтар басқа елге барып, солардың әдет-ғұрып, дәстүрін қабылдап, сіңіп кеткен деседі. Қатаған мен Қаңлы Үйсіннің жетінші ұрпақтары. Қатаған Үйсін мемлекетіне Дәу би билік жүргізген кезде әскерді Грек-Бактрия елдеріне бастап барып, үлкен жеңістерге жеткен. Өзі осы елге билік жүргізген, бұл өлке Ауғаньстанның Қатаған аймағы аталады. Памир, Ауған тауларында Қатаған атты асулар, қамалдар сақталған. Қатағанның ұрпақтары (шанышқылылар) – қазақ халқының бір тайпасы. Қаңлы енші алып шығып, Үйсін мемлекетінің батысындағы Сыр алабында билік жүргізген. Бұл алап б.д.д. II – б.д. XI ғ.ғ. аралығында Қаңлы мемлекеті аталған. Қазір қаңлылар қазақ халқының құрамындағы көрнекті тайпа.

Майқыдан – Бақтияр, одан Ойсыл мен Үйсіл. Ойсылдан он екі ата Сіргелі, Үйсілден – Жансақал, Жансақалдан – он екі ата Жалайыр (Тарақ), Ақсақалдан (Абақ) – Айдарлы, Сақалды. Айдарлы мен Сақалды егіз. Сақалды, Керей елінің ішіне барып бір қызға үйленеді де, сонда қалып қояды. Одан тараған ұрпақ Абақ Керей аталып, он екі атаға бөлінетіні айтылады. Айдарлыдан – Асан мен Қараша. Асан үйленбей өткен адам екен. Қарашадан – Бәйдібек, Байдолла. Байдолладан – Айтыкел, одан Шақшам, одан Атым, Сары, Имам, Жәнібек, Қазақбай, Кара деген аталарын таратады. Бәйдібек жайлы ертеректе ел арасында сақталған аңыз-әңгіме де, жыр да, шежіре де мол.

Бәйдібек Қарашаұлы өмір сүрген кезең туралы тарихи деректер жеткілікті. Қытай жылнамаларынан алынған деректерді қалың қауымға орыс ғұламалары Н.Я. Бичурин (1950), Л.Н. Гумилев (1993) және басқалар жазған.

Солармен қатар өз қандастарымыз жазған тарихи деректер де бар.

Ұлы тарихшы, ірі мемлекет қайраткері Мұхаммед Хайдари Дулати (1499-1551) «Тарих-и-Рашиди» шығармасында (Ташкент, 1996) ежелден дулаттар мекендеген өлкені Шыңғысхан өзінің екінші ұлы Шағатай ханға бергенін жазады. Шағатай хан өзінің Орда биін, ұлысбегі билерін дулаттардан шыққан зиялылардан сайлап, оларға меншікті жер бөліп беріп отырған. Осы шығармада келтірілген дерекке тоқталайық: «Шағатай хан дулаттардың билігіне Маңлай сүбені берді. Маңлай сүбе «Күнгейге орналасқан өлке» дегенді білдіреді. Ол Шаш, Чалыш, Ыстық көл, Сары ұйғырмен шектеледі. Бұл төрт жақтың ішінде Қашқар мен Хотан орналасқан. Дулаттардың мекеніне айналған бұл өлкенің алғашқы билеушісі Әмір Байдыхан болған. Осы Әмір Байдыханнан бұл билік рудан руға, ғасырдан ғасырға, баладан балаға мирас болып, мұрагерлік жолмен жоғарыда айтылған Әбубәкірге өткен» (366-бет). Келтірілген үзіндідегі деректі ежелгі парсы тілінде жазылған түпнұсқадан аударып, инденфикациялаған – парсы тілінің маманы, ғалым Ислам Жеменей. Шығармада Мұхаммед Хайдари Дулати өз заманындағы мәнермен Әмір Байдыхан деп жазған. Ол, шындығында қазіргі түсініктегі би емес, ел билеген хан болып мемлекет басқарған.

Бәйдібектің әкесі Қараша хан (530-604) Батыс Түрік хандығын әкесі Ұлы қаған Естеместен (576 жыл қайтыс болған) мұралаған дедік жоғарыда.

Қараша немесе Қараша би, Қытай жазба деректеріндегі Қараша хан – қазақ халқының белгілі айбарлы тұлғаларының бірі. Қараша ханды қытайлар Дяньгу, ал Л. Гумилев оны түрікшелеп Қара Чурин деп жазған. Ел билеу сырларын ерте ұғынып, сан соғыста шыныққан тәжірибелі Қараша таққа отырып, хан болған кезде, мемлекет барынша нығайған.

Қараша хан мемлекет ордасын әкесі Естемес (кейде Естеми, Ишtimi, ал қытайша Шиндяньми) қаған

мекендеген Түркібасы Мыңбұлақтан ежелден Үйсін мемлекетінің астанасы болған Есік аңғарына, қазіргі Қараша тауларының баурайына ауыстырады. Мемлекетте тыныш заман орнап, ел Қазақ даласын еркін жайлайды. Өкінішке орай, бейбіт заман мәңгі тұрмайды. Отыз жылдай мемлекет басқарған Қараша ханның жасы ұлғайған кезде шығыстағы азулы көршісі Қытай қалың қолмен соғыс ашады. Бірлігінен ажырай бастаған елін, бытырай бастаған билерін икемге келтіре алмаған Қараша хан ордасын тастап шегінуге мәжбүр болады. Тараздың іргесінде өткен осы қырғын соғыста 74 жастан асқан Қараша хан 604 жылы қаза тапқан деп Қытай жылнамашылары жазып кеткен. Тараздың шығысындағы Қараша қорғандары деп аталатын жалпы саны 95 төбелер тізбегі – сол қанды соғыста қаза тапқандар жерленген, қазір бізге қорғандар ретінде жеткен ескерткіштер. Осы қорғандарға археологтар қазба жұмысын жүргізіп, көптеген құнды мәліметтер тапты.

Қазақ жеріне сұғына кірген қытайлар тұрақтап көп тұра алмаған. Шешуші сәтте мемлекет билігін өз қолына алып, елдің басын біріктірген Қараша ханның кіші ұлы Бәйдібек басқыншыларға соққы берді. Осы соғыста ерекше талантымен танылған 18-20 жас шамасындағы Бәйдібек хан сайланады. Ол ағасы Байтулы (Байдолла) екеуі бірігіп қимылдап, басқыншыларды Еренқабырға тауларынан асыра қуып, ежелгі мекендерді Тұрфан өлкесіне дейінгі жерлерін қайта азат етеді. Қытай билеушісі жеңілгенін мойындап, толысқан жігіт Бәйдібек ханға ежелгі салт бойынша қызын беріп, бейбіт келісімге келеді. Осыдан кейін қытайлар қазақ жеріне соғыс жасаудан ұзақ уақыт бас тартқан. Тек өздерінің жеңістерін ғана жырлап, жеңілісі туралы жазбайтын Қытай жылнамашылары (бұл – барлық елдерде осылай болып келе жатқан үрдіс) бұл оқиғалар туралы толық дерек келтірмейді. Сыр алабынан Тұрфан алқабына дейінгі байтақ өлкеге Бәйдібек хан 604 жылдан өмірінің соңына дейін билік етеді. Ал Байтулы бабамызға келсек, ол қазіргі Ыстық көлдің батысы, Нарын өзенінің алабын, Ферғананы және Ташкенттің оңтүстігін қамтитын

өлкені мекендеп, билігін жүргізген. Оның есімі осы өлкедегі Алатау жүйелерінің бірінде «Байдула тауы» деген атпен сақталған.

Келтірілген тарихи деректерден кейін жазушылар Д. Дүйсенбаевтің аңыз-әңгімелер желісінде құрған «Домалақ Ана» атты шығармасында (1991) Бәйдібек би 1365-1419 жылдары өмір сүрді, ал Е. Тұрысовтың «Бәйдібек» атты деректемесінде (1992) Бәйдібек Қарашаұлы XI-XII ғасырлар тұсында өмір сүрді деген, халық арасына тарап үлгермеген бұл мәліметтердің ғылыми-тарихи шындықпен жанаспай жатқандығын ескертеміз.

Халық жадындағы көп деректер Бәйдібек бидің жеке өміріне байланысты. Оның үш әйелі болған. Бірінші әйелі Сарыбәйбішеден туған он ұлдың біреуі Байтоқтыдан (кейбір деректерде Сарыбайдан) Түркеш (Сарыүйсін) дүниеге келеді. Екінші әйелі Зеріптен туған Жәлменбеттен Шапырашты, Ысты, Ошақты өрбиді. Үшінші әйелі Нұрила Домалақ ана деген атпен белгілі. Домалақ анадан туған Тілеубердіден (Жарықшақтан) Албан, Суан, Дулат тараған. Бәйдібек бидің немерелері Сарыүйсін, Шапырашты, Ысты, Ошақты, Албан, Суан және Дулат қазіргі қазақ тайпаларының аталықтары.

Домалақ ана (Нұрила) – қазақ даласына 712-714 жылдары жеткен Араб халифатының әскери өкілдерінен бұрын бейбіт мақсатпен келген, ислам дінін уағыздаушыларының бірі болған араб дегдарының қызы. Өзі де елді имандылыққа шақырып, жас кезінен сәуегейлігімен танылған. Осындай игі ісімен, тартымды қылықтарымен Бәйдібек бабамыздың ерекше назарына іліккен. Елге танымал болған Домалақ ана немерелері Албан, Суан, Дулатпен қатар, Бәйдібек баба билігінің күллі ауқымында жалпы қауымды терең имандылыққа тәрбиелеп, Қазақ даласында мәдениет пен ізгілік таратушысы болған.

Нұрила – Домалақ Ана жасынан сөзіне жұртты ұйытатын сәуегей, жаратушы бір Алланың күшімен болған және болатын оқиғаларды күні бұрын біліп отыратын көріпкел, әулие кісі болғанын жалпақ елдің түкпір-

түкпіріндегі замандастары мен кейінгі ұрпақтарының көзі анық жеткен, қай кезде де таң тамаша қалып отырған. Бәйдібек Баба әулетінің күндердің күнінде өсіп-өніп, кең жайылып, мол тарайтынын да Домалақ Ана көрегендікпен ескеріп-айтып кеткен екен деген аңыз ел арасында кеңінен тараған.

Жаңа үлгімен салынған Үлкен Қаратаудың Қостұра бөктерінде тұрған Әулие Ананың аппақ жұмыртқадай әсем ғимаратына бас иіп, тағзым етіп келушілердің қатары бұрын да, қазір де толастар емес.

Бәйдібектің бейіті Қаратауда. Бабамыздың сүйегі осы Қаратудың басынан кең сай арқылы төмен қарай сыңғырлап аққан мөп-мөлдір Балабөген өзенінің орталық аңғарындағы биік төбенің нақ үстіне қойылған. Үлкен әрі биік етіп, күмбездетіп салынған ескерткіш қазір осы Бәйдібектің есімімен аталған өз ұрпақтары тұратын ауылға және сол төңірекке ерекше бой көрсетіп, сән беріп тұр. Ауыл Қаратаудың бел ортасында орналасқан. Балабөгеннің жоғарғы аңғарында Бәйдібек ауылынан алты шақырым жерде енелі-келінді Зеріп пен Сыландының, ортасында Бәйдібек пен Мараудың, Жарықшақтың (Тілеубердінің), төменгі аңғарында Домалақ Ананың (Нұрила) осы бір өзеннің алабына шоғырлана орналасқан мазарлары бұл күндері олардың өткен жолдарын рухани қастерлеуші ұрпақтың бас иіп көрісер қасиетті орнына айналған. Ұлы бабалар мен аналардың жатқан орны, олардың әруағын қастерлеуші жұрт, қазақ елінің әр атырабынан үздіксіз келіп жатады. Олардың есімі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, өскен халқымен бірге жасай бермек. Бәйдібек баба туралы мәлімет жоғарыда келтірілген қысқаша деректермен шектелмек емес. Әлі жүргізілген зерттеулер нәтижесін, жаңа деректерді алда жазылатын арнайы еңбектер үлесіне қалдырамыз.

Әрине, бұл кезінде күллі сахараға белгілі болған Қараша бидің ұлы Бәйдібек Бабаның өмір сүрген кезеңіне байланысты әлі де талай дуалы ауыздар пікір айтады, талай жаңа деректер қосылатын болады. Әсіресе, мына ХХІ

ғасырда өз тарихымыз бен әлем елдері тарихының қағаберіс қалып келген ақпараттық қатпарлары бүгінгідей кең-кең ашылып жатқан жағдайда келешек ұрпақтың өзі де бұл тақырыпты тереңдете түсінетіндігі анық. Бәйдібек Бабаның тарихтың қай кезінде өмір сүргендігін, кім болғандығын, қандай тарихи үлкен жүк көтеріп өткендігін ұлы-ұлы қағандары мен ел билеушілері болған, ержүрек ұлдары мен қыздары елдің басынан кесек-кесек оқиғаларды қапысыз өткізіп келген, ежелгі Үйсін елінің ішкі және сыртқы тізгінін көп ғасыр бойы тепе-тең ұстай отырып, тәуелсіздіктің туын көтерген бүгінгі Қазақстанға бірге жеткізіскен мыңжылдық ұрпақ тарихтың небір сұрапыл толқындарының соққысына ұшырап келген кәрі Азияның бүкіл Әлемдік тарихтың қойнауынан алатын орнына қарай алдағы кезеңде тағы да анықтай түседі.

Ендеше: күллі Адамзат тарихы Шығыс бәйтерегінің алтын бұтақтарының бірі көне ғұн (б.д.д. VII – б.д. III ғ.ғ.), Үйсін империясынан (б.д.д. V – б.д. VI ғ.ғ.) тікелей тарап, өрбитін (арасын ғасырлар үзіп тұрса да), Үйсін (б.д.д. V-IV ғ.ғ.) – Дәу би (б.д.д. 178 жылы қайтыс болған) – Елсау би (б.д.д. 178-104 ж.ж.) – Нулы би, Дулуы (Дулу, Дуло) би – Майқы биге (б.д.д. I – б.д. I ғ.ғ.) келіп тірелетін, содан «Түгел сөздің түбі – бір, түп атасы – Майқы би» деген санаға сіңіп өсиет қалған, түп атасы – Үйсін, өз атасы – Қараша, дәулетін жайған өлкесі – әрісі Сырдария алабынан Алтай, Ертіске, Сарыарқа жазирасына, Еренқабырға тауларына дейін жетіп-қайтып отырған, өз кіндігінен тараған ұрпақтары бұл күндері Жеті Арыс Ел (Сарыүйсін, Шапырашты, Ысты, Ошақты, Албан, Суан, Дулат) болып өсіп-өркендеп отырған Қарашаұлы Бәйдібек – VI-VII ғасырларда Үйсін мемлекетінің ішінде ірі тайпалық одақ құрып топтастырған, кейінірек өз ұлысының әр тармағына жерін, дәулетін, рухани, мәдени қазыналарын жеке-жеке үлес қып беріп, қазірге жеткен тайпаларды қалыптастырып кеткен тарихи тұлға, Ел басшысы, көреген Көсем, білгір Дана, ұлы Баба.

Авторлар ұжымы

1. **Әбдуәлі Қайдари**, Қазақстан Республикасы ұлттық Ғылым академиясының (ҚР ҰҒА) академигі.

2. **Бәйдібек Төлепбаев**, ҚР ҰҒА академигі.

3. **Кенес Нұрпейсов**, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті, тарих ғылымының докторы, профессор.

4. **Карл Байпақов**, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті, тарих ғылымының докторы, профессор.

5. **Шерхан Мұртаза**, Қазақстанның халық жазушысы.

6. **Мырзатай Жолдасбеков**, филология ғылымының докторы, профессор.

7. **Байұзақ Албани**, жазушы, тарихшы, «Ататек» баспасының директоры.

8. **Мәмбет Қойгелдиев**, тарих ғылымының докторы, профессор.

9. **Әділхан Байбатша**, геология-минералогия ғылымының докторы, профессор.

10. **Әшірбек Көпіш**, жазушы, «Өнер» баспасының бас директоры.

11. **Бақтияр Әбділдәұлы**, жазушы, тарихшы.

12. **Талас Омарбек**, тарих ғылымының докторы, профессор.

Дереккөзі: Бәйдібек Баба – Алып Бәйтерек. Ұрпақтар шежіресі. – Алматы: Өнер, 2003.

БӘЙДІБЕК ҚАРАШАҰЛЫ

VI-VII ғасыр (шамамен 609-695 жж.)

Уикипедия – ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет

Бәйдібек Қарашаұлы (VI-VII ғасырлар аралығы) – Жетісу алабындағы көшпелі тайпалар көсемі. Ақыл-парасатымен, ерлік істерімен елге ұйытқы болған тарихи тұлға.

Ел ішіндегі қария сөздер – далалық ауызша тарихнама бойынша (ДАТ) Ұлы жүздің үйсін бірлестігінің құрамындағы албан, суан, сарыүйсін, шапырашты, ысты, ошақты тайпалары Бәйдібекті өздерінің түп атасы деп біледі. Бәйдібектің әкесі Қарашаның өмір сүрген кезеңі 578-632 жыл, Қытай жылнамасында 530-604 жыл деп көрсетілген. Бәйдібектің ұрпағы Майқы би туралы Қытай жылнамаларында, Мұхаммед Хайдар Дулати (1499-1551) еңбегінде деректер кездеседі. Бәйдібек жалпақ жатқан Жетісуды, Арыс өзенінің шұрайлы алқаптарын, Қаратау мен Ташкент алабын қоныс етіп, ондағы ру-тайпалардың бас біріктіруіне, ел болып ұйысуына ықпал еткен.

Бәйдібек үш некелі болыпты. Бірінші әйелі – Сары бәйбішеден Байтоқты есімді бала туып, одан Түргеш (Сарыүйсін) өрбіген. Екінші әйелі – Зеріптен Жалмамбет туады. Одан – Шапырашты, Ошақты, Ысты өрбіген. Үшінші әйелі – есімі исі қазаққа мәшһүр әулие Домалақ ана. Бұл кісінің нағыз есімі Нұрилә. Домалақ анадан Тілеуберді туады. Тілеуберді ел аузында Жарықшақ (Жарықбас) атанып кеткен. Жарықшақтан – Албан, Суан, Дулат өрбиді. Бұл аталардың бәрі де ілгері ру-тайпаларға ұласып, қазақ халқының ел болып ұйысуына тікелей араласқан.

Бәйдібектің Сары бәйбішесінен туған Байтоқтың басқа алты бірдей ұлы соғыста қаза тауып, Қаратаудың шығысындағы Қошқарата өзенінің бойына жерленген. Күні бүгінге дейін бұл жер «Алты сары обасы» деп аталады. Ал алты ұлы қазіргі Жамбыл облысы мен Оңтүстік Қазақстан облыстары түйіскен Күйік асуында жау қолынан қаза тапқан. Сол алты ұлының қазасына күйініп жүргенде осы Байтоқты дүниеге келіпті. Байтоқтының Сирықты деп те атайды шежірелерде. Өйткені бір аяғының кемістігі болған деседі. Осы Байтоқтың атақты Түркеш қаған туылған. 7-8-ші ғасыр тоғысында үлкен қағанат құрып аты тарихта қалған тұлға. Өзіне арнап тиын ақша да соқтырған Түркеш қаған. Мұны Домалақ ана кесенесінде жүргізілген археологиялық қазба жұмысы кезінде табылған тиын ақшалар да дәлелдейді. Бәйдібектің өзінің сүйегі Балабөген өзенінің жағасында жерлеген. Басына көрнекті кесене тұрғызған. Қазір Оңтүстік Қазақстан облысындағы бір аудан Бәйдібек есімімен аталады.

Бәйдібектің өмір сүрген заманы – Еуразияның Ұлы даласын (Л.Н. Гумилев) қоныс еткен желдей еркін көшпелі тайпалардың арасында этникалық тұтастану үрдісі қызу қарқынмен жүріп, мемлекеттің іргетасы қаланып, тарих сахнасына әйгілі Түрік қағанатының шыққан кезі. Шығысында Сарыөзен (Хуанхе) мен батысында Темірқақпаға (Дербент) дейін қанат жайған алып қағанат өз кезегінде төңірегіндегі Қытай, Парсы, Үнді, Рұм (Византия) сияқты империялар мен патшалықтарға ықпалын жүргізе бастаған. Ең бастысы, түркі жұртының шаруашылық-мәдени типі сараланып, өзіндік төлтума өркениеті қалыптасып, енді түркі тектес ұлттар өз қоныс-тұрағымен, өзіндік тіл-ділімен тұлға таныта бастаған. Міне, осындай аса күрделі тарихи кезеңде Бәйдібек ақыл-парсатымен де, ерлік істерімен де ұлттың ұйысуына, елдің бас біріктіруіне, сөйтіп қазақ даласындағы ру-тайпалардың этникалық тұтасуына мұрындық болған тарихи тұлға.

Бәйдібек, Домалақ ана кешендерінде 2000–2001 жылдары жүргізген қазба жұмыстары тарихи тұлғалардың

қоғамда алар орнына, өмір сүрген заманына қатысты толымды дерек-мағұлматтар беріп отыр. Солардың ішінде VI-VII ғасырда шығарылған тиын теңгелер Бәйдібек пен оның жұбайы Домалақ ананың өмір сүрген заманына, олардың әлеуметтік статусына елеулі айғақ ретінде ден қойдырады.

Халық жады арқылы атадан балаға жалғасып жеткен қария сөздер Бәйдібектің ел қамы, халық тағдырына қатысты істерге ұйытқы болып, көреген көсемдігімен жұртқа ықпал еткен тарихи тұлға екенін танытады. Халық жүрегінде сақталған және жазба түрдегі шежірелердің деректеріне сүйенсек, Ұлы жүз құрамындағы Сіргелі, Жалайыр, Шақшам, Сарыүйсін, Шапырашты, Ысты, Ошақты, Албан, Суан, және Дулат тайпаларының түп атасы Майқы би болып келеді. Соған байланысты «Түгел сөздің түбі – бір, түп атасы – Майқы би» деген нақыл сөз халық аузында сақталып қалды. Оның аяғы ақсақ болды, сондықтан да күймеге мініп жүрді. Майқы би көп жасаған кісі, жеті ханды қолынан өткеріп, бар ғұмырын халық тағдырын ойлауға жұмсады. Ол 120 жасқа келгенде, үш жүздің еншісін берді, таңбасын таратты. Ұлы жүзге ту ұстатты, Орта жүзге қауырсын қалам, Кіші жүзге найза берді. Осы бөлістен соң Майқы би туралы «Хан біткеннің қазығы – бұқара жұрттың азығы» деген мәтел кең тарап кетті.

Майқыдан – Бақтияр, Бақадыр өрбиді. Бақадыр ұрпағы Ауған мен Иран жерінде жалғасады. Бақтияр батырдан – Үйсін, Ойсыл туады. Ойсыл ұрпағы – Сіргелі. Бұл – жеке дара жіктейтін ірі тайпа. Ал, Үйсін ұрпағы Ұлы жүз халқының негізгі бөлігін құрайды. Өз заманында оның атақ-даңқы кең жайылды. Ертедегі қазақ мемлекеті мен шет елдер дипломатиялық қарым-қатынасы, мәдени байланысы, сауда ісі осы Үйсін есімімен тығыз байланысты болды. Үйсін ұрпағы – Жансақал, Ақсақал болып келеді. Жансақалдан жалайыр тайпасы тарайды. Ал, Ақсақалды шежіре деректерінде Абақ таңбалы деп көрсетеді. Сондықтанда кейде Ақсақалды «Абақ» деп те атайды.

Ақсақалдан Айдарлы, Сақалды туады. Шежіреде олардың егіз перзент екені айтылады. Екеуі де батыр, ноян болып өседі. Елді сыртқы жаудан қорғау мақсатында Сақалды Орта жүзге кіретін Керей ұлысының ішіне барып, сол елдің қызын алып, сонда қалып қояды. Кейін одан тараған ұрпақ Абақ-Керей атанып кетті. Айдарлыдан – Асан, Қараша туды. Асан өз заманының ғылымын жан-жақты меңгерген, терең білімді, ақылға дарқан, өмірден көргені көп, ұққаны мол кісі болды. Ол дүниені жалған құбылыс деп түсініп, үйленбеген. Қазақ халқының тарихына, әдебиетіне Асан қайғы деген атпен енді. Халықтың қамын жеген қамқор қартты ел осылай атады. Жиһанкез саяхатшы болды. Қараша би, кейін хан болған кісі. Оның әкесі Айдарлы өжет мінезді, ержүрек батырлығымен көзге түскен екен. Қараша биден – Бәйдібек, Байдолла туады. Байдолладан шақшам тайпасы тарайды. Ол – Атым, Сары, Имам, Жәнібек, Қазақбай, Қара болып алты атаға бөлінеді. Бәйдібектен – Байтоқты, Жәлмембет, Жарықшақ, туады.

Ұлы Бәйдібек бабамыз 609-695 жылдары өмір сүрді. Бәйдібек баба Қара таудың етегінде дүниеге келген. Ел халқына жайлау таңдау мақсатымен Қаратаудың құйқалы күнгейі мен Боралдай, Қазығұрт тауының шұрайлы жерлерінде көшіп жүрген. Жазы, қысы ел малы осы өңірде бағылады. Бәйдібек бабаның әкесі Қараша кейінгі ғалымдардың нақты тарихи дереккөздерді салыстыра отырып жасаған тұжырымы бойынша шамамен (558–632) жылдары өмір сүрген.

Мұхаммед Хайдар Дулати (1499-1551) «Тарих-и Рашиди» атты тарихнамасында өзінің он екінші атасы Майқы би (12-13 ғасырлар) Шыңғыс ханның орда биі болып, дүйім елді басқарғанын жазған. Ал осы елге бірінші болып билік жүргізген арғы бабасы Бәйдібек екен, одан бері қарай «...бұл ел атадан атаға, ғасырдан ғасырға, баладан балаға мирас болып», елдің билігі өзінің аталарына өткеніне байланысты айғақтар Бәйдібек бидің ертеде өмір сүргендігін көрсетеді. Бәйдібек бидің әкесі Қараша (530-604) Қытай жылнамасында жазылып, билік жүргізген

жылдары нақты көрсетілген. Осы деректер Бәйдібектің 6-7 ғасырларда өмір сүргенін дәлелдейді.

Бәйдібектің өмірі, заманы, өскен ортасы жайлы тарихи деректеме негізі Қазақ елінің шежіресі, ел ішінде сақталған аңыз әңгіме және әйгілі шығыс зерттеуші ғалым-этнограф Николай Аристов, Ш. Уәлиханов жазбалары арқылы баяндалады. Бұл деректемелер бойынша Бәйдібек - Қазақ елінің ел болып құрылуында үлкен орын алатын ежелгі Үйсін бірлестігіне кіретін Албан, Суан, Дулат, Сарыүйсін, Шапырашты, Ысты, Ошақты ру тайпаларының түпкі атасы. Өз заманында көшпелі елдің басын біріктіріп, елді, жерді сыртқы жау шапқыншылығынан қорғауды ұйымдастырушы және бастаушы, ақылшы қолбасшы ретінде көрінетін аса ірі тарихи тұлға. Шежіре деректеріне сүйенсек, қазақ елінің үш ұлы бірлестігін құраған Байшора, Жаншора, Қарашора (басқа бір деректерде Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс деп аталады) болса, Бәйдібек – үш жүздің Байшорасынан, ұрпағы кең тараған Майқы, оның баласы Бақтиярдан, оның баласы Үйсіннен, оның баласы Ақсақалдан туған Қарашаның үлкен баласы. Оның үлкен әйелі Сары бәйбішеден Сарыүйсін, екінші әйелі Зеріптен Жәлмәмбет, одан Шапырашты, Ошақты, Ысты тарағаны айтылады. Бәйдібек әулетінің ең көп тараған саласы – Домалақ ене дейтін лақап атымен мәлім Нүриләнің (бір деректерде Бибімәрия, Бибіажар деп те айтылады) жалғыз ұлы Жарықшақтың үш баласы Албан, Суан, Дулаттың ұрпақтары. Бәйдібек бидің осы немерелері мемлекет басқарып, ел билеп, қазіргі өздері аттас тайпаларды қалыптастырды.

Басқыншылармен бір шайқаста Бәйдібектің Сары бәйбішесінен туған 6 ұлы қаза тапқан Шығыс Қаратаудағы Қошқарата өзенінің бойында «Алты Сары бейіті» деген киелі жер қалды. Албан, Суан, Дулаттың Жетісу өлкесін мекендеген көшпенді қазақ жұртында алатын үлкен орны жайында өткен ғасырдың екінші жартысында бұл өлкеге саяхат жасап, күрделі зерттеу жүргізген атақты ғалым, этнограф Николай Александрович Аристов пен қазақ

халқының кемеңгер ұлы Шоқан Уәлихановтың ғылыми еңбектері мен жолжазбаларынан кездестіреміз.

Дереккөзі: Уикипедия – ашық энциклопедиясы.

Еркінбек ТҰРЫСОВ

БӘЙДІБЕК

(тарихи хикаят эссе)

МӘҢГІЛІК ЕСІМ

Қаратаудың күншығыс тарабында, Көк жоннан ылди ағатын Балабөген өзенінің биік жағасында ежелден сақталған көне мазар-күмбезі тұр. Бұл – Бәйдібек мазары. Сан ғасырлардан сыр тартқан бұл ескі мазар замана толқынында қаншама жермен-жексен болып, қаншама рет еңсесін қайта көтерді. Ел аузындағы әңгімеге қарағанда бұл мазардың әйдік-биік нұсқасы осынау сұрапыл-сұмдық «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаның» тұсында қирап, екі ғасырдан астам төбе үстіндегі төбешікке айналып тамтығы ғана жатқан. Тек ғасырымыздың орта шенінде ел ықыласы, ұрпақ ілтипатымен еңсесін қайта көтерген.

Бәйдібек кім? Қай заманда, кім болып өткен? Оның қазақ елі тарихында алатын орны қандай? Бұл жөнінде бүгінгі ұрпақтың аз да болса мағлұмат алуға құштар екені заңды да орынды.

Бәйдібек және оның заманы, замандастары, ол тұстағы оқиғалары жайында күні бүгінге дейін ғылым мен әдебиетіміздегі деректің дені қазақтың көне ру, тайпаларының шежіресі мен ел ішінде сақталған әр алуан аңыздарына келіп саяды.

Сол шежіре дегеніне сүйінсек, Бәйдібек бүгіндері қиыр шеті Алтай, Шәуешек, көршілес Қытай Халық Республикасының Шынжан өлкесімен бірге Республикамыздың Алматы, Талдықорған облысының бірқатар

аудандарын, Жамбыл облысын түгелге дерлік, Шымкент облысының Төлеби, Түлкібас, Сайрам, Бәйдібек. Бөген аудандарын мекендеген ежелгі Абдан, Суан, Дулат, Сарыүйсін, Шапырашты, Ысты, Ошақты ру тайпаларының түпкі атасы екенін білеміз.

Шежіре деректеріне сүйенсек, Бәйдібек қазақ елінің Байшора, Жаншора, Қарашора үш ұлы бірлестігін құрған (басқа бір деректерде Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс деп аталады) болса, ол – үш жүздің Байшорасынан, ұрпағы кең тараған Майқы, оның баласы Бақтиярдан, оның баласы Үйсіннен, оның баласы Ақсақалдан туған Қарашаның үлкен баласы.

Оның үлкен әйелі Сары бәйбішеден Сарыүйсін, екінші әйелі Зеріптен Жәлмембет, онан Шапырашты, Ошақты, Ысты тарағаны айтылады.

Бәйдібек әулетінің ең көп тараған саласы – ол кіші әйелі бұл өлкелерге Домалақ ене дейтін лақап атымен мәлім Нүриләнің (бір деректерде Бибімәрия, Бибіжар деп те айтылады) жалғыз ұлы Жарықшақтың үш баласы Абдан, Суан, Дулаттың ұрпағы.

Абдан, Суан, Дулаттың Жетісу өлкесін мекендеген көшпенді қазақ жұртында алатын орны жайында мәліметтерді өткен ғасырдың екінші жартысында бұл өлкеге саяхат жасап, күрделі зерттеу жүргізген атақты ғалым, этнограф Николай Александрович Аристов пен қазақ халқының кемеңгер ұлы Шоқан Уалихановтың ғылыми еңбектері мен жолжазбаларынан кездестіреміз.

Бәйдібектің көзі тірісінде бар-баранды, көш-қоңы мол шанырағының астынан өрбіген сегіз ұл, алты немересі он төрт ауыл болып қаншама заман асуын асқан ұрпақтары жайында қарапайым ел аузында айтылатын сөз, хикаялар, аңыз-әңгімелер жетерлік. Ол әулеттердің өсіп-өне келе осы Қаратаудан сонау Аспара, Сұлутөр, тіпті кең даланың шалқарында шалқыған Көк теңізге (Балқаш көлін қазақ елі бұрын солай атапты) дейінгі ұлан өлкені тұтас алып жатқан. Дулаттың төрт баласы жайлы «Жаныс көп пе, қамыс көп пе. Сиқым көп пе, қиқым көп пе, Шымыр көп не,

шыбын көп пе», – деп дәріптеуі, әрине, тегін емес. Оның арғы жағында қарапайым халықтың домбай есебіне өзек болған өмірдің терең шындығы жатыр.

Бүгінде арғы жағын айтпағанда қазақ елі басына қара түн болып төнген Жоңғар шапқыншылығынан бергі V ғасырға жуық өткен жолында қаншама жұт, қаншама үргін-сүргінді, қайғы-қасіретті өмір кешкен, жер бетінен жоғалу қасіретінен қайта өрлеп бүгінде он миллионды жағалаған қазақтың екі миллионға жуығы осы Бәйдібек бабамыздың ұрпағы екендігін ешкім де теріс дей алмайды.

Елдің елдігін сақтап, қалың қазақтың қара шаңырағына қайыспас ұстын болған Абдан, Суан, Дулаттың тобы бұзылмай, іргесі сөгілмей, ұлы дәуірдің шоқысында шоқтығы биік тұруына бір жағынан ежелден жаугершілік жорықтарды көп көрген жұрттың «бөлінген – бөрінің жемі», «бірлік түбі – береке» тағлымын ұстаған ежелгі ата дәстүрінің беріктігі болса, екінші жағы қашанғы өткен дүниеден көшпенді елдің қиналғанда панасы, жаз жайлауы, қыс қонысы болған Қаратау өлкесінің бай қастер-қасиетінде болса керек.

Біз алыс тартқан ата заманы тарихынан бұдан аз-кемі жоқ екі жүз жетпіс жеті жыл бұрын, 1723 жылдан ала көктемінде осынау қиырдағы Алтай, Тарбағатай тауларын асып, Жетісудың жайсаң жерін баса-көктеп өтіп, қазақ елін жойқын жорықпен қырғынға салған жоңғар шапқыншыларын алғаш қансыратқан қалың шайқас та осы Қаратау асуларында, оның қойын-қойнауларында болғанын білеміз. Бөген, Шаян, Қошқарата, Боралдай өзендерінің тау шатқалдарынан басталар жоғарғы ағысында «Қалмақ қырылған». «Тарақты қамал», «Садыр қамал» атты тау қамалдары мен Шыбықбел, Сары оба, Сары тау, Хорен, Байқалмақ сияқты көптеген тау биігіндегі оба-қорымдар – сол заманда өткен канды қырғындардан қалған белгі.

Одан бергі жерде көшпенді өмірде мал өсіруді кәсіп етіп, малмен ғұмыр кешкен жұрттың басынан өткен ілгергі «ку жылан», «тақыр қоян», осы ғасырдың басында өткен «долы доңыздың» әйгілі сұрапылды жұт жылдарында ақ

таяқпен аш-жалаңаш қалған елдің есін қайта жиғызып, еңсесін көтерген де – осы қастерлі Қаратау жері, осы Қаратау ішін мекен еткен Бәйдібектің бар-баданды, берекелді ұрпағы Сиқым, Шымыр, Ошақты. Ыстының әулеті болғанын өркенді ұрпақ ешқашан есінен шығарар емес.

Баяғы заманнан құлақ естіп, көз көрген жұрт бақ қонып, қыдыр дарыған Асан-ата атанының ізі қалған өңір деп дәріптеліп, жақсы атағы алысқа жеткен Қаратау өлкесінің ел-жұрты осы ғасырдың жиырмасыншы-отызыншы жылдарының шегінде сұрапыл індет іспетті қазақ халқының басына қара бұлт болып төнген байларды жаппай кәмпескелеу, қуғын-сүргінге салу кезінде жансауға күйге түсіп, ауған ел қос дария аралығы диқаншылық өлкесіне шұбай босқанда, жол-жөнекей ашөзегі талған, арыған, ашқан жас-желең қыз-келіндеріне пана болған да осы Қаратау іші екенін жақсы білеміз. Ата-анадан, туған туыстарынан тірідей айырылған сол кездің жас қыз-келіндері осы өлкеде жан сақтап, бері келе өсіп-өніп, бұрынғы атамекен, туған-туыстарымен іздеп табысуы бұл күндерге ұласып жатыр.

Ия, қазақ елінің елдігін сақтап, біртұтас іргелі халық болып қалыптасуында өшпейтін із қалдырған тұтас тайпалардың түпкі атасы, ел қастерлеген Бәйдібек өз заманында кім болып өтті? Қандай мұрат, нендей тағлыммен өмір сүрді?

Шежіре деректемесіне қарағанда, ол – көне тарихта тілдес, бауырлас, қанаттас Арғын, Қыпшақ, Қоңырат, Найманмен бірге бес бірлестіктің ұлы ұлысын құрған көшпенділердің мызғымас бір ұстыны Үйсіннің шөбересі.

Ал, бұдан 784 жыл бұрын, яғни 1206 барыс жылының көктемінде Онон өзенінің жағасында өткен құрылтай Тайшы тайпасының белгілі батыры Есугейдің үлкен ұлы Темуджинге әлемге аян Шыңғысхан атын беріп, ақ киізге салып, хан көтеріп жер-көктің арасында тежеусіз билік құруға бата берген әйгілі алты рудың алты биінің бірі Үйсіннің биі Бөрібек шешен екенін еске алсақ, және үйсін

тарихы, ежелгі бір дүниеде Алтай тауларынан шығыстың шексіз теңізіне дейінгі Хинған, Манжұр өлкесінде көшіп-қонған Керей, Найман, Қоңырат, Жалайырман сабақтас және олармен бірге Ұлы Жібек жолы үстінде сан-салалы салтанатты керуен түзіп, іргелес Тан империясымен мәртебелі сауда қатынасын жасаған ұлы тайпалардың бірі болғанын білеміз. Демек, Бәйдібек заманы, оның өмір сүрген мезгілі әркімдердің айтып жүргеніндей кешегі Жоңғар шапқыншылығы тұсында емес, одан көн заман ілгері, Шыңғысханның арғы атасы Қабул-ханның тұсында өтті деген жорамалға әкеліп саяды.

Олай дейтініміз, Батыс елдерін жаулап, дүниенің тең жарымын монғол атының тұяғына таптатып өткен Шыңғысхан Алатау баурайы Құланбасыда құрылтай өткізген 1224 жылдың жазында сол құрылтайға бара жатып ұлы ханның үлкен ұлы Жошы Қаратаудың Ордақонған деген жерінде Үйсін, Сіргелінің бір топ билерімен кездескені, сол кездесуге Бәйдібектің інісі Байтулының шөбересі әйгілі Айшыкел бимен бірге Бәйдібектің екінші әйелі Зеріптен туған ортаншы ұлы Жәлменбеттің әулеттері болғаны жайлы ел ішінде сақталып қалған аңыз бар.

Бұдан Бәйдібек дәуірдің он-он бірінші ғасырлары шамасында, мың жыл бұрын өмір сүрген ірі тұлға екені көрінеді. Ал, оның түпкі аталары – Үйсіннің ұрпақтары өзімен сан-сара араласқан Қоңырат, Найман, Жалайырман бірге ежелгі бір заманда Қиыр Шығыстан Жетісу, Талас, Қаратау атырабына қоныс аударғаны байқалады.

Ескі аңыз-әңгімелерде Бәйдібектің дәулеті шалқыған, сан мың жылқы, келелеп түйе өргізген, Шығыс-Батысқа керуендер жүргізген асқан бай адам болғаны айтылады. Сол дәулетімен бірге елін, жерін сырттан келер шапқыншы жаудан қорғаған іргелі елдің басшысы болғаны көп айтылады.

Сол көне дүниеден аңыз боп атадан балаға жалғасқан бір хикая: Бәйдібек шапқыншы жауға қарсы елді көтеріп, қол бастаған ел қорғаны ретінде көрінеді. Бір жаугершілік заманда, – дейді өткендер, – Алатау асып келген қалың жау

Қаратау жонын жайлап бейбіт жатқан Бәйдібектің көп ауылдарын шауыпты. Сан мың жылқыны топтан айдап кетіпті. Сонда ел жасақтарын көтеріп «аттан!» салып атқа мінген Бәйдібек жасақтарының алдын бастап өзі, үлкен әйелі Сары бәйбішеден туған алты ұлы жүріпті.

Жасақтар Жон өлкесімен аттанып бара жатқанда Ақтөбе дейтін жон жайлауында кішкене кәусар бұлақтың жағасында қараша үйде жалғыз ұлы жас Жарықшақпен тұратын кіші әйелі Нүрилә (Домалак ене) байға тілек айтып:

– Бай-еке, жаудан қайыраңыз мал болса, әуре болма. Құла айғыр қолда қалды. Қалың жылқы алты күн өткенде жауға айдау бермей, өзі оралады, – деп, отау белдеуінде мата белбеумен байлаулы тұрған жүген-құрық көрмеген шу асау құла айғырды нұсқапты.

– Бұл айғырды қалайша ұстап тұрсың? – депті бай.

– Жау батырлары бұлақ басында ат үстінен сусын сұрады. Сұраған сусынын әпердім. «Не қалайсың, тілегінді айт», – деді жау батыры.

– Қалаған бір жылқыны өзім ұстап алайын, – дедім мен.

– Е, е, ендеше айтқаның болсын, – деді ол.

Нүрилә белбеуін шешіп, айдаудағы қалың жылқыға барып, «моһ, моһ, жануарым, кел», – дегенде әлгі құлан асау, қасиетті Құла айғыр мекірене оскырып, Нүриләнің алдына келіп, мойын ұсынып тұра қалған екен.

– Жауды қуып әуре болма, бай-еке, – деп жалыныпты Нүрилә. – Айтқан тілді алыңыз, мал да, ел де аман болсын десеңіз, осы тілегімді беріңіз, – депті.

Сонда көкіректе кек қайнап, қызынып алған Бәйдібек:

– Жолдан қайтар қатын емес Бәйдібектің жасағы, – деп, қолын бастап тарта беріпті. Бәйдібек жасақтары шапқыншы жауға Күйік асуында жетіпті. Сол маңда қырғын ұрыс болып, Бәйдібектің алты ұлы бірдей қаза тауыпты. Қапалы, қаралы Бәйдібек алты ұлын Қошқарата өзені жағасына, Сарыкемер деген жерде жерлеп, кері

қайтыпты. Әйгілі «Алты сары» дейтін обалы биік соның белгісі.

Сонда ел қайғысын Домалақ ененің кереметі жуыпты. Арада алты күн өткенде караша отау іргесінде байлаулы тұрған Құла айғыр жер күңіренге кісінеген екен. Сол күн намаздігер шағында шығыс жатқан тұтас қаптап шаншылған шаң көрініпті. Бұл жаудан қайтқан Бәйдібектің жылқысы екен. Қанды жорықта қайтпаған елдің кегін осылай Домалақ ененің кереметі қайтарған, – деп бітер еді ел хикаясының соңы.

Қашан, қай заманда болмасын, халықтан шығып ел ішіне кең тарайтын аңыз-хикаяның арғы жағына сол аңыздың кейіпкері төңірегінде өмірдің бір шындық сыры жататыны да аян. Ал Бәйдібек пен оның төңірегі, заманы мен замандастары хақында ел сақтаған сыр, көбінше оның есіміне, әйелдеріне, өсіп-өнген ұрпағына деген халықтың шын ілтипат, ыстық ықыласымен өрнектеледі.

Қаратаудың бұл атырабында туып, өмірін осында өткізген әрбір ұрпақтың адамдары, үлкен-кішісі болсын, туған жер топырағында жүргенде ежелгі бір заманнан, атадан-балаға мирас болып калған, қастерленіп жалғасқан Бәйдібек, оның бірге туған бауыры Байтұлы, әйелдері Сары бәйбіше, Зеріп, Нүрилә (Домалақ ене), балалары Сарыүйсін, Жәлмембет, Жарықшақ, дана келіні Сыланды есімдерімен жиі кездеседі. Бұл есімдер, алыс-жақын тараптағы тау-тас, жайлау, қыстау, ағынды бұлақ аттарымен қат-қабат байланысып жатады.

Балабөгеннің жон өлкесінен басталатын жоғарғы ағысында, «Кедейжетпес» жайлауына өтер жолдың оң қанатында жықпыл-жықпыл қалың қаратал, долана, ақшешекке толы қырат-қырқаларды аралап керемет мөлдір сулы тасбұлақ ағып жатыр. Бұл – Бәйдібек бұлағы. Ол бұлақтың сырын, қадір-қасиетін білетін естияр кісі атынан түспей, сол бұлақ жағасына тізе бүгіп, бет-жүзін шайып, аят оқып, оның нәрлі-зәмзәм суынан бір жұтпай өте алмайды.

Осы Бәйдібек бұлағы еске түскенде мынадай бір хал күні бүгінге шейін көз алдымда тұрады:

Соғыстан кейінгі 1946 жылдың сүмбіле айының соңғы күндері болатын. Шымкентте ұзақ жыл ұстаздық еткен осы елдің бір қадірлі адамы Ізтілеу Бекаманов ағамыз жазғы демалысқа келіп, сол кісімен бірге тау орманшысы Әбдірәш Қожамқұловты жолбасшы етіп, жайлауға, малшы ауылдарға келе жатып, тау ішінде, бұлаққа таяу жерде қасқырға қойылған қақпанға түсіп, тобылғы түбіріне оралып, ұрынып, өлер халдегі бір тайыншадай құлжаға кез болдық. Құлжаның аяғы жіліншіктен сынып, тек тарамысқа ілініп қалған екен. Сол құлжа әлгі бұлақтың жағасында, зәулім өскен бір түп қара долананың саясында сойылды. Жүрер мерзімде Ізтілеу:

– Бұл жануар Бәйдібек бұлағының суын ішіп өскен қасиетті бабамыздың малы ғой. Аға әруағын аттап өтуге болмас, – деп бұлақ жағасына асықпай жайғасып, құран оқыған. Құлжаның абажадай мүйізін «теберік», – деп, әлгі қара долананың бұтағына іліп аттанып кеткен.

Бала Бөгеннің сол жоғарғы ағысында, ел ортасынан тай шаптырым ғана шеткері «Кедейжетпеске» шығар жолдың қамшылар жағында «Қосмола» атты бір келісті тепсең-тегіс бар. Аумағы бір үлкен ауыл сиярлық сол тепсеңнің өзенге құлай беріс шетіне таман, шыңыраудан қайнап шығып жатқан кішкене кайнар бастаудың жанында қабырғасы бір заманда өрнектеп қыштан өрілген ежелгі ескі бейіт бар. Зәулім өскен қос тармақты қызыл долана ағашы аясындағы бұл бейіт – Бәйдібектің Жәлмембеттен туған немерелері қалың Шапырашты, Ысты, Ошақтынын анасы Сыланды мен Зеріп бәйбішенің бейіті.

Бір заманда бұл бейіттің үстіне ел нақыш-бояулы күйдірген қыштан өрнектеп өрілген биік мазар-күмбезін тұрғызған екен. Сол себептен де сол жер маңындағы арқар-елік мекендеген биік тау «Қосмола» деп аталған. Сол ескі күмбез қайсы бір заманда тозып, қирап, енді оның орнын жоғалтпай тастамтығы қалған. Зират орнын жоғалтпай, көне дүниенің көзі, кішкене тас кайнардың суы қазір де

мөлтілдеп ағып жатыр. Сол зираттың күзеткері іспетті онымен бірге жасап, қаншама өткен өмірден сыр төгіп зәулім долана жапырағы жайқалып, ұлы анамызға тағзым еткендей, жападан-жалғыз сыбдырай сыңсып тұр. Ұлының өзі кетсе де, орны өшпейді деген осы.

Бәйдібек есімімен, Бәйдібек заманымен бірге жасап, ел аузында қастерленіп келе жатқан киелі есімінің бірі – Домалақ ене.

Түркістандық Шайхы Мазамбектің қызы Нұрила ұлы бабамыз Бәйдібекке қалай кездесті, қалай бас қосты, не қасиет, нендей мұратпен ғұмыр кешті? Не себепті Домалақ ене атанды? Бұл тұрғыда ел ішінде кең тараған әрқилы аңыз әңгімелер жетерлік. Соның көбі шындыққа жақын, өмірге жанасымды.

Бәйдібек ауыл-аймақтың ғана емес, тұтас ұлыстың, ұлан өлкенің қадірлі басшысы болғанын айттық. Олай болса, бас-аяғы күндік жер, ұлы жол үстіндегі қастерлі шаһар Түркістанға барып, ол кезде бүгінгі ұлы ғимараттың бұрынғы, көне Әулие әруағына тағзым етуі әбден мүмкін. Меккеге барар ұлы жол сол кезде де осы Түркістан арқылы өткен ғой.

Сол бір сапарында Бәйдібек Яссауи шырақшысының бірі Шайхы Мазамбектің үйіне түскен дейді. Сонда қонақ-жай үйдің жайнап тұрған жас қызы Нұрила ер тұлғалы азамат Бәйдібекке өз қолымен шәй беріп, қызмет қылған. Ілтипатты-ізетшіл үйдің ақылды қызы Бәйдібекке тек қарақаттай жайнаған мөлдір көзімен емес, әдемі, мәнерлі сөзімен, ақылды, тапқыр даналығымен ерекше ұнаған дейді.

Бәйдібек пен Нұриланың бұл кездесуінің соңы Бәйдібектің Мазамбекке үйірлеп жылқы, қоралап қой айдатып, Бәйдібек, Байтұлыдай қос ұлы көзінің тірісінде өлкенің қос ұстынындай шалқар ғұмыр кешіп жатқан атақты Қараша бидің үлкен қара шаңырағы жанына тігілген үшінші отауға Нұриланың келін боп түсуіне ұласқан.

Нұрилә өзі болмысында шағын денелі, бәкене, қимылы жіті, өзі барынша кішіпейіл, тапқыр сөзді, майда тілді жан еді. Өзі болжампаз, алдағы күннің жайын ойлап айтар сөзі ақиқатқа ұласып жататын, көрегенді қасиеттің иесі еді деседі. Сол қасиетін ерте таныған онан үлкен Сары бәйбіше мен Зеріптен өрбіген келіндері оны көзі тірі кезінде-ақ көрегенді әулие ретінде танып, «Домалақ ене» атаған.

Домалақ ененің қадір-қасиетін терең танып, оны ерекше сыйлаған жан оңаша сәттерін онымен бірге өткізетін, өзімен абысындай сырлас-мұңдасы да осы Сыланды еді деседі.

Сыландыдан жанашыр жақсылықты көп көрген Нұрила күндердің бір күнінде жалғыз Жарықшағы өсіп, ат жалын тартып мінер күнге жеткенде, сонау Жондағы Бәйдібек жайлауында қараша отауында отырып Сыландыға қол жайғызып: «Ағарып алдыма түспесең де, қарайып соңымнан қалмағын», – деп батасын берген екен.

Ықыласы түскенде шарапаты мол жарықтық анамыздың тілегі қабыл болған. Сыландыдан туған Шапырашты, Ысты, Ошақты үш тайпа ел Жарықшақ ұрпағынан озып кетпесе де, тым ұзан алыста, соңында қалған емес. Аралас-құралас өсіп-өніп келеді, – деп отырар еді бұрынғы өткен көргені көп адамдар.

Сол Домалақ ене жон өлкесіндегі жайлауда дүниеден өтер алдында қасына жақындарын шақырып: «Мен өлгесін, батырдың жанына қоямыз деп әуре болмандар. Ақбоз атан келіп үй іргесіне шөгер. Сол атанға сүйегімді артып, соңынан ілесе беріндер. Сол атан кайда шөксе, бұйырғаны сол жердің топырағы болар», – депті. Анығы да солай болған екен. Ғайыптан пайда болған ақбоз атан, ақ киізге оралған Домалақ ененің мәйітін Қос Бөгеннің сағасына жеткізіп, елеусіз бір жазыққа шөккен. Ел-жұрты қасиетті анасын сол жердің топырағына тапсырған. Сонау жазықта, айнала көгілдір таулар қоршаған ұлан өлкеде боз мұнар ішінде алыстан бозарып көрінген шағын күмбез сол қастерлі ел анасы – Домалақ ене – Нұриланьың мазары.

Сол шағын мазардың шығыстан атар танды күзетіп таусылмас сыр төгіп тұрғалы бері не дәуір, қаншама қилы заман өтті. Әулие ененің қадір-қасиетін қастерлеген ұрпақтың ана бейітіне ағылған ізі, салған жолы ескіріп көрген емес.

Мұның баршасында Бәйдібек есіміне, оның ұлы әруағына, өзі тұстас ғұмыр кешкен Сыланды, Нұрила сынды дана әйелдерге, Бәйдібек заманының даңқын жалғастырған оның өрелі ұрпағына деген ел құрметінің ізі, ыстық ықыласы, мәңгі жасайтын сүйіспендігі жатыр.

Сан ғасырлар асқарын асып ел жадынан өшпеген, ұрпақпен үндес Бәйдібек есімі – биік азаматтық, ізгіліктің көрінісі. Ұрпақ ілтипатына бөленген, ел қастерлеген Ұлы бабамыздың орны, есімі ешқашан өшпек емес.

Дереккөзі: Тұрысов Е. Бәйдібек (Замана ағысы. Тарихи хикая, аңыз әңгімелер, деректемелер). – Алматы: «Нұрлы әлем» баспасы, 2006.

Талас ОМАРБЕКОВ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

БӘЙДІБЕК БАБА: ОЛ КІМ?

Тараз қаласының орталық алаңында баяғы Лениннің орнында қазір ауыздығымен алысқан тұлпар мінген Бәйдібек баба келе жатыр.

Қазақстанда оның есімімен аталатын аудан бар. Оның есімі елді мекендердегі көшелерге берілген. Алайда жасыратыны жоқ, халқымыздың осы тарихи тұлғаның тағдырынан хабарлары шамалы. Бар білетініміз – қазақ шежіресіндегі Бәйдібек туралы деректер. Ол бойынша Бәйдібек қазақтың он екі тайпасының жетеуінің арғы атасы, шешен әрі би. Оның есімі халықтың санасы мен жадында жақсы сақталғандықтан, қазақ халқының шығу тегін зерттеген XIX ғасырдағы орыс ғалымдары өздерінің зерттеулерінде және шежірелік материалдарды дерек ретінде қолданғанда Бәйдібек бабаның есімін әрқашан да атап өтеді. Осының нақты көрінісі, қазақ халқының шығу тегі мен этникалық құрамы жөнінде XIX ғасыр соңында іргелі еңбек жазған Н.А. Аристовтың Бәйдібек бабаны сарыүйсін, шапырашты, ошақты, ысты, албан, суан, дулат тайпаларының арғы атасы ретінде көрсететін мәліметтерге назар аударуы болса, ал орыс экспедицияларының XX ғасыр басындағы қазақтардың жер пайдалануы жөніндегі материалдарында Бәйдібек баба есімінің қазақ тайпаларының этникалық құрамын бейнелейтін шежірекестесінде кездесуі дер едік (Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – СПб., 1897. – 395 б.;

Материалы по киргизскому землепользованию, района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулиеатинского уездов Сырь-Дарьинской области. – Ташкент, 1915. – 1-2 бб.)

Халық санасында берік орын тепкен бұл ақиқатты тіптен ру-тайпаны ауызға алудан қорқатын коммунистік тоталитарлық жүйе дәуіріндегі зерттеушілер де айналып өте алған жоқ. 1973 жылы жарыққа шыққан көптомдық «Қазақ совет энциклопедиясында» Бәйдібекке қысқа түрде болса да, тарихи анықтаманың берілуі осының дәлелі. Тәуелсіздік тұсында ғана елге белгілі болып, жарыққа шыққан Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп-тұқианнан өзіме шейін» деп аталатын тарихи деректерге бай әйгілі еңбегі Бәйдібек туралы айтылатын шежірелік әңгімелерді айқындай түсті. Осы еңбекте Бәйдібектен тараған делінетін қазақ руларының шынайы және жанама есімдері нақты көрсетілді. Мысалы, осында «түргеш» деп жүргеніміз шын мәнінде сарыұйсін тайпасының жанама аты болып табылатыны анық айтылған. Бүгінде бұл мәселе ғылыми тұрғыдан да Қытайда өмір сүрген қазақ профессоры Нығмет Мыңжанның және осы мәселеден диссертация қорғаған, қытай тіліне жетік Әлімғазы Дәулетханның еңбектерінде дәлелденген.

Жалпы, бүгінде Бәйдібекке қатысты жекелеген мақалалар, кітаптар, танымдық жинақтар баршылық. Бәйдібек бабаны жоғарыда аталған қазақ тайпаларының арғы бабасы ретінде қарастыруда бірауыздылық танытатын бұл жұмыстар, бірақ, қолдарына нақты деректер түспегендіктен, осы тұлғаның өмір сүрген уақытын анықтауда пікір алуандығына жол береді. Әсіресе бұл осы тарихи тұлғаның өмір сүрген заманына қатысты болып келеді. Авторлардың кейбірі «Бәйдібек шамамен І ғасырда өмір сүрген» десе, тарихи тұлғаның өмір сүрген кезеңін тіптен жылдармен көрсетіп, нақтылай түсетіндер де бар.

Әдетте бұл пікірлер көбіне болжам ретінде айтылғандықтан, нақты да тереңірек ғылыми дәлелдеулерге мұқтаж болып жатады. Осындай тұжырымдар

арасында Бәйдібек заманын VI-VII ғасырлар тоғысынан іздестіретін ұйғарымдар басымдық алғанын айтқан жөн. Алайда Бәйдібек бабаны кейініректегі, басқа тарихи кезеңнен іздестіріп, оны Қазақ хандығы қарсаңындағы тайпалық одақтарды ұйымдастырушы ретінде көрсететіндер де бар. Мұнда да нақты мәлімет жоқтығына қарамастан, қайраткер тұлғаның өмір сүрген жылдарын дәлме-дәл айқындауға талпыныс байқалады.

Ұлы Түрік қағанатындағы билеушілердің бірі Істеми қағанға тоқтала кетуге тура келеді. Аталған мемлекеттің батыс аймақтарын басқарған және батыстағы жорықтарға басшылық жасаған Істеми ханның Түрік мемлекетіне, батыста жаңа көп жерлерді жаулап алғаны тарихтан жақсы белгілі. 576 жылы ол қайтыс болып, орнына ұлдарының бірі – Қара-Шор (Қара Чурин) отырады. Ол да әкесі секілді қағанат тарихында белгілі тұлға. Алайда 580 жылға дейін күшейіп келген қағанат осы жылдан бастап өзінің құлдырау кезеңін басынан өткере бастайды. Құлдыраудың себебіне тақ үшін талас-тартыстар жатады. 604 жылы Қара-Шор (Қара Чурин) дүниеден қайтты.

Қараша би қазақтың басын қоспақ болып, жүз мыңнан аса қол жинап, қытайлармен соғыс салып, өзі Қаратауға, Ұлытауға көшіп қыстап, жайлап арыстап жүрген. Мамыражай бейқұт заман отыз жылға созылған. Отыз жылдай ұрыс көрмеген қазақтар ежелгідей ерулік-қарулық берісіп, құда түсіп, құйрық-бауыр асасып, андаласып, жағасы жайлау, етегі қыстау болған» (кітаптың 69-беті). Бұл айтылғандардың рас екенін басқа, тәуелсіз жанама деректен де байқаймыз.

Қарашаның осы жорығы қытай жылнамасында егжей-тегжейлі баяндалған. Ол онда Қара деген атпен берілген және оның кезінде Батыс түрікті билеген Істеми қағанға «жүрежат», яғни ағайын болып келетіні айтылады. Осындайда ескерте кетер бір маңызды мәселе – VIII ғасырға дейін Батыс түрік, яғни «Он оқ елін» басқарғандар түгелдей Ашына (Ашина) әулетінің ұрпақтарына жатқызылды. Бұлай болмағанда қытай басшылығы қаған болып

такқа отырған тұлғаны мойындамас еді. Тек VIII ғасырдан соң ғана «Он оқ елі» енді Түргеш (Сарыүйсін) елі аталып, оны басқарушылар өздерінің жергілікті үйсіндер әулетінен шыққандарын ашып айтатын болды. Сондықтан Қара да қытай жылнамасында Ашина әулетінен шықпаса да, соған ағайын тұлға ретінде берілген. Енді осы ежелгі қытай жылнамасынан үзінді оқиық: «(Таң Гаузуң заманы) шянчиңның алғашқы жылында (656) Су Диңфаң Іле бағытының аға жорық төбенайы (қолбасшысы – Т.О.) болып көтеріліп, ... Құйғыр (ұйғыр – Т.О.) Бәнендерді бастап, Қараны түбегейлі құртуға аттанды.... Су Диңфаң сайлауыт атты жасақпен Ертіс өзенінің батыс жағында Шөмекендерге (шөмекейлерге – Т.О.) шабуыл жасап, жеңіске жетті. Қара Он оқтың (болашақта Түргеш қағанаты аталатын тайпалардың – Т.О.) жүз мың атты сарбазын бастап қарсы шеп түзеді. Су Диңфаң жауға он мың адаммен келді.... Су Диңфаң жаяу әскерлерін бір жазықайға найзаларының ұшын сыртқа қарай кезетіп сапқа тұрды да, өзі атты сарбаздарымен олардың сырт жағына бекінді. Қара алдымен жаяу әскерлерге қарай тап берді, үш реткі шабуыл тойтарылды. Су Диңфаң оның тарыққан орайын бағып отырып, атты сарбаздарымен лап қойғанда Қараның қолы күл-талқан болды. Су Диңфаң ығысқан жауды ондаған ли тықсырып, отыз мың адамын қырды және тұтқынға алды.... екі жүз төбе ұлыс бегі жер жастанды, ертеңінде тағы да өкшелей қуғанда Бес Нұшбе түгел бағынды». (Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275-840 жылдар). Екінші кітап. – 191 б.). Деректің басқа жерінде де қайталанатындықтан, бұл соғыстың болғаны рас деуге тура келеді. Әрине, мұнда қытайлықтар өз қолбасшысының ерлігін асыра мақтап жібергендері байқалады. Бұл соғыстың өзі және осы деректерде «құйғырлар» деп көрсетілген ұйғырлардың қытайды қолдағандары Қазыбек бекте де айтылады. Бірақ әдеттегіше соғыс нәтижесін қытай жылнамашылары өз пайдаларына бұрып, жеңілістерінен гөрі жеңістерін өсіріп көрсетуге бейім тұр. Алайда біз үшін бұл мәселе маңызды емес. Маңыздысы –

қытай жылнамасы Қазыбек бектің кітабындағы деректі толығымен растайды. Онда Қараның (Қараша бидің) өзінің ордасын Мыңбұлаққа тіккені және осында өзін-өзі Ышбара қаған деп жариялағаны, қытаймен болған шайқастардан кейін онымен келіссөзге барып, ұзақ уақыт бейбітшілік орнатқаны да айтылған. Едәуір көлемді бұл деректе біз үшін тағы бір маңыздысы – Қара ел билігін қолға алған соң, өзінің Терғұн (Тарғын) атты ұлын Бағадұр яғбу деген атпен қол астындағы туыстас тайпаларға басшы етіп тағайындаған. Біздің ойымызша, қытай жылнамасында осындай қосымша атпен жүрген Бағадұр яғбуымыз – Бәйдібектің өзі.

Бәйдібектің Қарашаның ұлы және Майқының немересі болып табылатыны тек Қазыбек бектің еңбегінде келтірілген, Матай биден қалған шежіреде ғана емес, сонымен қатар қытай қазақтары сақтап келген, XV ғасырда өмір сүрген атақты емші Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Тектелгі (шежіре)» атты еңбегінде де көрсетілген (Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы. Шипагерлік баян. – Алматы, 1996. – 425 б.). Иә, Бәйдібектің жеке тұлғалық қасиеттері де көзге ұрып тұрғанын мойындай отырып, оны ата-баба аруағы осылайша қолдағанын да айтуға тура келер.

Ал енді Бәйдібектің өзі туралы аталмыш деректе не айтылғанын оқиық: «... Бәйдібек хижра жыл санауынан 13 жыл бұрын туыпты да, сексен алты жасында өз ажалынан Қаратауда Бөген өзені бойында қайтыпты. Оған, міне, 1081 жыл болыпты». Бәйдібек бабаның туған және өлген жылдарын нақты айтып беретін басқа деректер жоқ болғандықтан, хижра есебімен берілген осы құнды мәліметтерді бүгінгі жыл санауымызға түсіріп көрелік. Сонда аңғаратынымыз, Бәйдібек баба 609 жылы (622 (хижра бойынша)+13=609) туған және 695 жылы (609+86=695) қайтыс болған. Бұл дерек жоғарыда атап өткеніміздей, Бәйдібек ұрпақтары делінетін тайпалардың соңғы жылдары табылған шежірелеріндегі аталар сандарын есептегенде де дұрыс болып шығады. Біздің ойымызша, баба тарихын зерттеуші қауым алда бір ғана жазба тарихта

кездесетін, алайда жанама деректер растайтын осы тарихи даталардан ауытқымаулары керек. Бәйдібек есімі жазба тарихта сақталмаса да, оның ұрпақтары қытай жылнамасынан берік орын алды. Оның Түргеш (Сарыүйсін) атты немересінің есімі 699 жылы Жетісуда негізделген Түргеш қағанатының атында мәңгілікке сақталып қалды. Ал Түргештің ұрпағы Қалша басқа деректерде де кездеседі. Н. Аристовтың Діқанбай батырдан жазып алған шежіресі бойынша Сарыүйсіннен екі бала – Қалша-Қадыр мен Жақып тарайды (қараңыз: Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка, ч. 1. – 30-31 сс.).

Түргеш атанған бұл мемлекеттің алғашқы қағаны (ханы) осы Түргештің (Сарыүйсіннің) ұлы Қалшадан туған немересі Үшелік 691 жылы өзіне Шу өзені бойындағы Суяб қаласын астана етті. Бұл қаланың орны қазір Қырғызстан аймағында. Қытай жылнамаларында Үшелік аталатын ол ежелгі қазақ шежіресінде Үшлақ аталса, ал Бичурин мен Гумилев оны түрікшеге тілдері келмей, Өжелі деп бұрмалап атайды. Бәйдібектің 5-ші ұрпағы (шөпшегі) Үшеліктің өз қол астында тұрақты сақадай сай 7000 сарбаз ұстағаны және оның қол астына 70 тұтықтың (аймақтың) қарағаны қытай жылнамасында анық жазылған. Оның мемлекетінің шекарасы бұл тұста солтүстік-шығыста Екінші Түрік қағанатымен шектессе, оңтүстік-батыста Ху мемлекетімен тұтасып, оңтүстік-шығыста Шижоу, Тиңжоу дуандарына дейін созылып жатты. Үшелікті өз ықпалында ұстау үшін қытайдың Таң сарайы оған 702 жылы «Алтын қол арда ханы» деген құрметті атақ берді. Үшелік қайтыс болған соң, артында екі бала қалды. Олардың үлкені Саға (кейбір деректерде Сақал) әкесінің орнына хан болса, ал кіші ұлы Қаралақ әйгілі шешен, би болып, Сыр бойындағы Қатаған елін басқарған. Бәйдібекке туажат болып келетін Саға (Сақал) қағанды Алтай асып, Қара Ертістен өтіп келген Екінші Түрік қағанатының қағаны Қапағанның (қытай жылнамаларында – Бөгшор) Болчу өзені бойында 711 жылы болған шайқаста өлтіргені Орхон жазуларында

жазылған. Ол қытай жылнамасында кеңірек айтылады. Қапаған атақты Күлтегін мен Білгенің әкесі Елтеріс қағанның туған бауыры екені белгілі. Қытайлықтар кезінде Сағаға көтермелеп, «14 оқ (тайпа) қағаны» деген лауазым берген еді. Өйткені бұл тұста «он оқтан» басқа жоғарыда аталған Қалшаға бағынған бірқатар алшын рулары да Түргеш қағанаты құрамында болды. Мысалы, олардың арасында кейінгі ғасырларда әлімұлына қарап кеткен, кезінде дулат, албан, суандармен бірге жүрген «қаралар (қара түргештер – төртқара, қарасақал, қаракесектер), шумуген аталған шөмекейлер және т.б. осында болды. Шөмішті, табын, рамадан, ысық тәрізді кейбір тайпалар да батысқа бұрынғы Түргеш аймағынан барды. Олардың рулық таңбалары мен ұрандары осы тарихтың өзгермес куәгерлері.

Бүгінгі қазақ қоғамында осы тарихи тұлғаға деген құрмет арта түсуде. Осының өзі Бәйдібектің мұндай асқақ абыройы оның атақты би немесе бай болғандығынан деп қорытынды жасасақ, мәселеге тым жеңіл-желпі қараған болып шығар едік. Ол, әрине, елді игі істерге шебер ұйымдастырушы, талантты қолбасшы, түріктер мен түргештер заманында елдік, мемлекеттік мүддені бәрінен жоғары қойған ірі қайраткер. Сонымен қатар бізге жеткен аңызға айналған әңгімелер оның терең ойшыл, сөз саптаушы шешен, яғни елге рухани көсем болғанын да аңғартады. Сондықтан да сандаған ғасырлар тезіне шыдаған Бәйдібек баба айтыпты деген нақылдар да баршылық. Мысалы, ол болашақ ұрпақтарға бағыштап былай депті:

Бір кісінің баласындай бол,
Бір қолдың саласындай бол.

Алыс жолға шығар болсаң,
Алдымен жолдасыңды сайла.
Жауыңды жығар болсаң,
Алдымен қолбасыңды сайла.

Керуен басы білікті болса,
Түйе азбайды.
Қолбасы білікті болса,
Сарбазы тозбайды.

(Бәйдібек нақылдары мына еңбектерде жарияланған: Н. Төрекұлов, М. Қазыбеков. Қазақтың би-шешендері. – Алматы, 1993.; Селеубаев А. Бәйдібек би. – Алматы, 2017).

Сонымен жоғарыда Бәйдібек баба туралы айтылғандарды қысқаша тұжырымдасак, мынадай қорытындылар жасар едік: Бәйдібек баба – біздің заманымыздың 609-695 жылдары өмір сүрген ерен тарихи тұлға. Ол кезінде Жетісу өңірін билеген әйгілі Қарашаның ұлы, ел арасында екінші Майқы би атанған Майыптың (Бабыралының) ұлы. Қарашаның бізге мәлім тағдыры қытай жылынамаларындағы Қара қағанның іс-әрекетіне, заманына сәйкес келеді. Мұндайда «қаған», «хан» статусына жоғары мемлекеттік деңгейде мән берудің қажеті жоқ. Ол заманда «Он оқ елі» атанған бұл елде қағанның тағдырын тайпалар мен руларды билеушілер шешті. Рулық-тайпалық қауымда бұл мәселе аса маңызды болмағандықтан, тіптен қағанды өзінен төмен билік иелерінің өлтіріп тастауына да жол берілді. Сондықтан да Бәйдібекті бұрынғы қағанның ұлы еді деген пікірге шешуші мән берудің қажеті жоқ. Сонымен қатар ескертеріміз, Бәйдібектің атасы – екінші Майқыны б.з. І ғасырында өмір сүрген Мәннің баласы – алғашқы Майқы бимен және кейініректе Шыңғыс хан заманында өмір сүрген атақты, үшінші Майқы бимен (Тұранбай баласы Ұранмен) шатастырмау керек. Қазақ хандығы тұсында халықтың рухани ұйымдастырушылары – қожалар толықтырып жетілдірген, пайғамбарлардан басталатын қазақ шежіресінде VIII-XIV ғасырлардағы аталар (шамамен 26-27 ұрпақ буыны) қамтылмай қалған. Жаңа деректер қолымызға тимегендіктен, күні бүгінге дейін біз осы шежірені сын көзбен қарамай, зерттеу жұмыстарына пайдаланып келдік. Бұған, әрине, қожалар кінәлі емес, сандаған ғасырлардағы қуғын-сүргіндер мен жаугершілік

төңкерістерде ата-баба есімдерін есте сақтап қала алмаған халықтық жады себеп. Осындай халықтық шежіреде орын алған елеулі олқылық кейбір зерттеушілерді Бәйдібек XIII-XIV ғасырлар тоғысында өмір сүрген тұлға деп қате қорытынды жасауға алып келді.

Бәйдібектің кіндігінен тарағандар деп есептелінетін қазақтың Ұлы жүзінің жеті тайпасы шын мәнінде бұл тұлғадан сандаған ғасырлар бұрын қалыптасқан ежелгі сақ-үйсін туыстас бірлестігінен бастау алатын, бірқатар қағанаттар мен хандықтар құрамында көшіп-қонып, VIII ғасырдан соң Бәйдібек және оның ұрпақтары билік жасаған аймақтағы тайпаларды толықтырған рулар (бұл дегеніңіз – Бәйдібектен Бақтиярға, оның әкесі Төбейге дейінгі 35-36 аталық буынды қамтитын өсіп-өну үдерісі) болып табылады.

Сонымен айтылғандарды қысқаша қорытсақ, біз жоғарыда әңгімелеген, заманында кемеңгерлігімен елді ұйыстырушы ретінде халық құрметіне бөленген Бәйдібектің ұлы тұлғасы және оны есте сақтап, құрмет тұтқан, оның өсиеттеріне адал болып, ел басқарған ұрпақтарының қайраткерлігі алда, әлі толық жазылмаған қазақ тарихынан лайықты орын алулары керек.

Депеккөзі: <https://zhasalash.kz/news/bajdibek-baba-ol-kim-12030/>

Жанғара ДӘДЕБАЕВ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

ЖАУАТАР

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев Н. Аристов жазып қалдырған шежіре деректеріне сүйене отырып, өзінің ататегін мына ретте таратады: «Үйсіннен – Ақсақал, одан – Қараша би, одан Бәйдібек туады. Біздің ата-бабамыз сол Бәйдібектің екінші әйелі Зеріптен туған Жәлмәмбеттің Ысты деген бел баласынан тарайды» [1, 13].

Ыстыға атасының азан шақырып қойған аты – Нұртай. Ысты – асқан батыр болған кісі. Батырлықтың негізі туа бітеді. Ал оның жетілуі, кемелденуі, ел-жұрттың игілігіне айналуы дәуірдің, қоғамның әлеуметтік, саяси-экономикалық, азаматтық хал-ахуалы негізінде жүзеге асады. Ысты Жауатар батырдың батыр болуы, жауға қарсы соғыста қол бастаған қолбасы болуы оның дәуірінің, қоғамының әлеуметтік, саяси-экономикалық, азаматтық хал-ахуалының негізінде қалыптасты. Батырдың ерен ерлігі білекке біткен күш пен жүрекке біткен түктен емес, туған елге, туған жерге, Атамекенге деген перзенттік сүйіспеншілік пен азаматтық рухтан өніп-өсті.

Батырлық – Алланың адамға беретін айрықша сыйы. Мұндай айрықша сый табиғаты айрықша болып жаратылған жанға ғана лайықты. Табиғаты айрықша болып жаратылған жан Алланың өзіне берген айрықша сыйын елдің амандығы, ел-жұртының азаттығы үшін жұмсағанда ғана игілік табады. Батырлық халықтың әлеуметтік теңдігін, елдің амандағын, ел-жұрттың, Атамекеннің тәуелсіздігін қорғау үшін жұмсалғанда ғана игілікті.

Табиғат берген алып қуатты елдің амандығын сақтауға, ел-жұртының, Атамекенінің тәуелсіздігін қорғауға арнау батырлық қана емес, сонымен қатар даналық деуге лайықты. Батырлығы даналықпен ұштасқан тұлға Жаратушы берген батырлығын туған халқының әлеуметтік теңдігін, елінің амандағын, ел-жұртының, Атамекенінің тәуелсіздігін қорғау үшін жұмсайды. Халқының әлеуметтік теңдігін, елінің амандағын, ел-жұртының, Атамекенінің тәуелсіздігін қорғаған батырдың есімі ел есінде болады. Батырлығы даналықпен ұштасқан, есімі ел есінде сақталған осындай батырлардың бірі – Ысты Жауатар батыр.

Ысты сөзінің мағынасын кейінгі пайымдаушылардың ішінде жаңсақ түсіндірушілер болды. Олар **Ыс**, **Ысты** сөзінің мәні мен мағынасын халықтың дәстүрлі дүниетанымынан тыс, өздерінің жеке таным-түсініктерінің деңгейінде қабылдады.

Халықтың дәстүрлі дүниетанымында **қарашаңырақ** сөзінің мағынасы қасиетті ұғым аясында қабылданады. Атадан балаға мирас болып келген, астында неше заман от жағып, түтін түтеткен, **ыс** сіңген **қарашаңыраққа** оның иелері зат, нәрсе, бұйым деп қарамай, оны қасиет дарыған, құт қонған қастерлі құндылық деп білген.

Ысты атауының түптөркінін Ысты Жауатардың анасы Сыландының Ысты аталуымен байланыстырып айтушылар мынадай мәлімет береді: «Ол кісі оңтүстіктің қайнаған ыстығында қымызды бұзбай, өте жақсы ұстаған көрінеді. Үлкен кісілер келіп:

– Сіздің сақтаған қымызыңыз неге бұзылмай, ашымай сақталады? – деп сұрағанда, ол кісі:

– Сабаны жиі-жиі жуып, жақсылап ыстап тұрса, бұзылмайды, – деген екен. Аталары кейде Сыланды келін атын ұмытып қалып:

– Әлгі Ысты келіннің үйіне барып қымыз ішіп келейік, – деп айта берген соң, «Ысты келін» аталып кетіпті. Кейініректе бүкіл ауыл, сол әулет, ру аты да *Ысты* аталыпты деген аңыз бар» [2, 22].

Көптеген жылдар бойы қазақтың би-шешендерінің өмірі мен өнегесін зерттеп, бірнеше том энциклопедиялық еңбек жазған көрнекті әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Нысанбек Төрекұл *Сыланды*, *Ысты* атына байланысты шежіре деректеріне сүйеніп дәйекті тұжырымға келеді. Шежіреші ғалым Жәлмәмбетке әйелі Мапыраштың өлер алдында айтқан мына сөзін еске алады: «Менің сіңлім Қарашаш та бойжетіп қалды. Сен соны ал. Ол біздің балаларымызды өгейсітпейді. Бауырына тартып, менен бетер бағып-қағады» [3, 47]. Жәлмәмбет балаларының анасы Мапыраштың өлердегі сөзін қабылдайды, Мапыраш дүниеден өткен соң, Қарашашты алады. «Қарашаш сұлу әрі салдарлы, сабырлы, ақылды болыпты. Оның өзгелерден бір ерекшелігі үнемі өн бойын таза ұстап, иіс сабынмен жуынып-шайынып, иісті су жағып, сыланып, үстіне қонымды таза асыл киімдер киіп, сән-салтанатпен кербез жүреді екен. Оның бұл әдет-дәстүрі келе-келе ауылдың қыз-келіншектеріне үлгі-өнеге болып таралыпты. Қариялар, абысын-ажындар Қарашашты «Сыланды келін», «Иісті келін» деп атайды екен. Одан өсіп-өнген ұрпақтарды «Сыланды балалары», «Иісті балалары», кейін «Иісті», «Ысты» деп қысқаша атап кетеді. Бір шежіреде Ысты руының аталуын Сыланды ананың месті ыстап, баптап қымыз ашытуынан солай аталып кетіпті деп көрсетілген» [3, 47].

Аңыз болып жеткен шежіре, әрине, ақиқаттың өзі емес. Шежіре деректерін ақиқат демегенімізбен, онда ақиқаттың сазы, сарыны сақталған.

Халықтың дәстүрлі дүниетанымы өрісінде *Ыс* – ырыс мағынасындағы сөз. Бұл сөз, оның беретін мағынасы әуелгі. **Ыс** сөзіне **-ты** жұрнағы жалғану арқылы жаңа сөз, ырысты, құтты мағынасындағы жаңа ұғым туады. Ысты атауының негізінде осындай мағына бар. Қазақтың бие байлап, қымызын баптап сақтайтын ыдысы саба, мес болғанда, тағылымы бай, танымы кең отанасы оны қызметшілерінің уақытымен жуып-шайып, өзі анықтап, берген ретпен ұдайы ыстап отыруын, қандай өсімдіктің түтінімен ыстауын

қадағалаған. Киік отының, тобылғының, аршаның түтінімен ыстау кең тараған. Қымыз ашытқан ыдысты (мес, саба) ыстауда қымыздың дәмін бабына келтіріп ұстау ғана емес, отбасының ысын, құтын сақтау деген мағына да болған.

Әбілғазының «Түрік шежіресі» еңбегінде Нұх пайғамбардың Хам, Сам, Иафет атты үш ұлы болғаны, үш ұлын үш тарапқа қоныстандырғаны айтылады. Иафеттің үлкен ұлы Түрік білікті, ақылды екен. Ол атасынан қалған ұлан байтақ жерді шолып жүргенде, бір көл аймағын ерекше ұнатып, сол жерді мекен етіпті [4, 16]. Аспантаудың аясында суы мөлдіреген көгілдір көлде аққу жүзіп, қаз қонған. Балығы тайдай тулаған. Көлді жайлаған жұрттың дәулеті артқан. Елдің ырысы тасыған. Қиыншылық жылдар болғанда, қиналған, арып-ашқан жұрт осы көлге келіп жан сақтаған. Жұрт көлді ырыстың көзіндей көріп, Ысты көл атаған. Халық көлде ыс, ырыс, құт бар деп ұққан. Бүгінде ол Ыстық көл деп аталады.

Ыстық көл, Ыстық ата атауларының төркіні Ысты көл, Ысты ата дегенге саяды. Сыланды ананың Ысты аталуының мәнісі халықтың *ыс* туралы байырғы дүниетанымындағы осындай түсінікпен байланысты. Қымызды баптау, сақтау жолдарымен байланысты *ыс*, *ырыс* туралы Халид Құрбанғали беретін түсініктердің мәні терең. Құрбанғали Халидұлы: «**Ыс** – ырыс, бақыттың себепшісі деп ұғады халық» [5, 175], – дейді.

Ыс, ырыс ұғымдарына қатысты Құрбанғали Халидұлының берген түсінігі – халықтың дәстүрлі дүниетанымында ертеден бар, ертеде қалыптасқан түсінік. Желі-желі құлын байлап, бие сауған үй қымыз ашытып, қымыз баптауға айрықша мән берген. Соншама құлын байлап, бие сауудың өзі – ырыстың, құттың белгісі. Оның көрнекі мәні – соңғы нәтижеде. Соңғы нәтиже – бабына келген қымыз. Қымызды бабына келтіру үшін оны сақтап, баптайтын ыдысты уақытымен жуып, ыстап отыру шарт. Ысталған мес/сабада бапталған қымыздың дәмі ерекше татымды болған. Қымызға сондай татымды ерекше дәм

беруші – мес/сабаға сіңген **ыс**. Қымыздың дәмінде осы қасиеттің сақталуы – қымызды үйдің құтын, ырысын сақтаудың кепілі. Бие сауып, қымыз ашытып, оны сақтап, баптайтын сабаны, месті ыстаудағы **ыс** – ырысты, құтты сақтаушы. Сыланды ананың Ысты аталуының мәнісін осы ұғымдар жүйесінде ұққан дұрыс.

Е. Тұрысов Бәйдібек би жайында жазған еңбегінде Бала Бөгеннің жоғарғы ағысында, ел ортасынан тай шаптырым шеткері, Кедейжетпеске шығар жолдың қамшылар жағында Қосмола атты бір келісті тепсең тегіс барын жаза отырып, мынадай мәліметтер береді: «Аумағы үлкен бір ауыл сиярлық сол тепсеңнің өзенге құлай беріс шетіне таман, шыңыраудан қайнап шығып жатқан кішкене қайнар бастаудың жанында қабырғасы бір заманда өрнектеп қыштан өрілген ескі бейіт бар. Зәулім өскен қос тармақты қызыл долана ағашы аясындағы бұл бейіт – ...қалың Шапырашты, Ысты, Ошақтының анасы Сыландының бейіті» [6, 174].

Н. Төрекұл Қарашаш (Сыланды) анадан Ысты (шын аты Нұртай), Ошақты (шын аты Қырбай) балалары тарайтынын жазады. «Нұртай 16 жасында жауға қарсы ат қойып «Жауатарлап» шауып, жеңіп шыққан. Содан Жауатар батыр аталып кеткен. Жауатардан (Ыстыдан) Қосмағамбет, Досмағамбет, Сыдық тарайды. Бәйдібек атасы ол немерелеріне енші үлестіргенде, Қосмағамбетке – *ойық*, Досмағамбетке – *тілік*, Сыдыққа *сызық* ен салып береді. Содан олар Ойық, Тілік, Сызық аталып кетеді» [3, 47].

XVIII ғасырда өмір сүрген Тауасарұлы Қазыбек бектің «Түп-тұқияннан өзіме шейін» (Баспаға дайындаған Б. Қыдырбекұлы. – Алматы: Жалын, 1993) деп аталатын кітабында Жауатардың Ысты аталғаны, одан Ойық, Тілік, Сызық деген үш бала қалғаны айтылады [7, 78-79]. Ысты Жауатардан тараған ұрпақ рулы ел болып, Ысты деп аталды. Ыстылардың ұраны *Жауатар* болды [8, прил. 1, с. 2; 9, 39].

Н.А. Аристов 1894 жылы «Живая старина» журналында жарияланған еңбегінде Диқамбай батырдың

(1876 жылы қайтыс болған) шежіресін негізге алып, Жәлмәмбеттен туған үш ұлдың атын атайды: Шапырашты, Ысты, Ошақты [10, 10-11; 11, 395], олардың орналасқан жерін сипаттайды [12, 352]. Шежірелік жыр-аңыздарда да бірқатар мәліметтер сақталған [13, 26-27; 14, 111].

Ысты Жауатар дүниеге келген кездің ерекше бір белгісі оның атынан аңғарылады. Қазақ дүниеге келген баласына ат қойғанда, отбасының, ел-жұртының тілегіне сай тандау жасайды. Бала дүниеге келген кезеңде ел жаудан қорғайтын ер тілеген болса, баланың атын да осы тілегіне жеткізетін ниетке лайықты қойған. Осы ретте мынадай ой түюге болады: Ысты Жауатар дүниеге келгенде, ел-жұрт жаудың шапқыншылығынан сақтанып, ереуіл аттарын баптап, егеулі найзаларын саптап, шабар жауға қарсы шығуға сақадай сай тұрған.

Ысты Жауатардың аты Ысты елінің ұранына айналуына қарағанда, ол ержетіп, ат жалын тартып мінгеннен бері елдің бірлігі мен ынтымағын, амандығын, бостандығын сақтау жолында қол бастап, тынымсыз жауға сан рет тойтарыс берген, ірі-ірі жеңістерге жеткен, соғыс өнерінің асқан шебері болып қалыптасқан. Ысты Жауатар бастаған қолдың қалайда жеңіске жетеріне жауынгер жасақ кәміл сенген. Кейінгі жұрт жауға қарсы ашық майданда Жауатардың атын ұрандап шапқан.

Н. Төрекүл Қарашаш (Сыланды) анадан Ысты (шын аты Нұртай), Ошақты (шын аты Қырбай) балалары тарайтынын жаза отырып, Нұртайдың 16 жасында жауға қарсы ат қойып «Жауатарлап» шауып, жеңіске жеткенін, содан Жауатар батыр аталып кеткенін тарихи аңыздар, шежірелер желісімен баяндағаны жоғарыда айтылды. Жауатар атының шығу төркіні ретінде айтылып жүрген дәйектемелердің бірі осындай. Екінші бір болжам Жауатар атының балаға оның дүниеге келер кезіндегі ел-жұрттың жайына, тілегіне сәйкес қойылғаны туралы.

Бірінші жағдайда Нұртай жауға қарсы «Жауатарлап» шабады да, жауды жеңіп шығады. Соған байланысты ол Жауатар батыр деп аталады. Екінші жағдайда жауға қарсы

шауып, ел қорғайтын, ерлік көрсететін ер ұлан болса екен деген ата-ананың, ел-жұрттың тілегіне сай жаңа туған балаға Жауатар аты қойылады. Бірі – туа қойылған ат, екіншісі – жүре келе қойылған ат.

Жауатар атының шығу төркініне түсінік беретін бұл екі болжамның екеуі де маңызды. Олардың бірін дұрыс, екіншісін бұрыс деудің реті жоқ. Ел аңыздарының бірінде бұлардан басқа тағы бір маңызды жағдайдың баяны сақталған. Аңыз бойынша, батыр өте қарулы, алып қуаттың иесі әрі мерген болыпты. Батырдың бес қаруының бастысы садақ болған. Садағының, садағына салар жебесінің, қорамсағының бітімі де, жасалуы да айрықша екен. Батырдың садағын оның өзінен басқа жан тарта алмаған, батырдың өзі ғана тартқан.

Батыр садағын да, садағының жебесін де көзінің қарашығындай сақтаған. Жау батырларымен атыспаққа шыққанда, батыр осы қаруын қолына алып, жау батырын атқанда, атқан оғы жау батырының тоғыз қабат темір сауытын бұйым құрлы көрмей бұзып-жарып өтетін болған. Батыр осы қаруын «Жауатар» деген. Батыр жау батырларымен атыспаққа шыққанда, осы қаруымен жау батырларын шақ келтірмей атып құлата берген. Соған байланысты сарбаздар батырды *Жауатар* деп атаған. Жауатардың сарбаздарының таңдаулы тобы осындай қарумен қаруланып, онымен жау атуға машықтанып, сұрапыл күшке айналған. Бұл топ жауға «Жауатарлап» шапқанда, шауып өткен жерінде жау әскері жер құшып, жапырылып қалады екен.

Елге шапқан жаудан қорғану мақсатында Ысты Жауатар батырдың қорған, бекініс салып соғысқан жайы да болған. Жау бекініске қанша шапқанмен, оны ала алмайды. Шапқан жауға қарсы Ысты Жауатар неше түрлі әскери соғыс айнасын қолданады. Ол әскерінің біразын бекіністің ішінде ұстап, жауға қарсы бес қаруды түгел қолданып тойтарыс береді. Бекініс салып соғысуда Ысты Жауатардың мергендері бекіністі алынбас қамалға айналдырады. Әскерінің тағы бір бөлігін бекіністің

сыртында жау көзінен таса ұстайды. Жау бекіністің қақпасын қиратпақ болып шапқанда, бекіністің ішіндегі қол қорғаныс соғысын қаһармандықпен жүргізеді. Ысты Жауатардың атқыштыры жауатар құралдарымен оқ жаудырып, лек-лек болып шапқан жауды лек-легімен жайпаған. Осындай сұрапыл соғыс жүріп жатқанда, батырдың әскерінің сырттағы бөлігі екі бөлініп, бекініске шабуылдаған жауды екі қанаттан соққан. Шебі бұзылған жауды бекініс ішіндегі қол маңдайдан соққан деседі. Осындай бекіністердің бірінің орны Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов ауданы аумағында мұндаға дейін сақталған. Бекіністі ел *Ысты бекініс* деп атаған.

Батыр дүниеден өтті. Артында ел қорғаған батыр аты қалды. Батырдан тараған ұрпақ Ысты деп аталып, рулы елге айналды, аты рулы елдің ұранына айналды. Батырдың артында қалдырған жақсы аты, қымбат қазынасы алтын таудан салмақты, дүние байлығынан ардақты.

ӘДЕБИЕТ

1. Қонаев Д. Ақиқаттан аттауға болмайды (Естелік-эссе) / Ауд. С. Әбдірайымұлы. – Алматы: Санат, 1994. – 512 б.
2. Балтағұлов І., Төлепбергенұлы Н. Д.А. Қонаевтың ататегі жайлы деректер // Қонаев Д. Өнегелі өмір / ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – Б. 19-28.
3. Төреқұлов Н. Даланың дара ділмарлары. – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспасы, 2001. – 592 б.
4. Абуль-Гази-Багадур-хан. Родословное древо тюрков. Иоакимф. История первых четырех ханов дома Чингисова. Лэн-Пуль. Стенли. Мусульманские династии. – М.-Т.-Б.: Международное издательство «Туркестан» КФМЦ «ТКИСО», 1966. – 544 с.
5. Құрбанғали Халид. Тауарих хамса (Бес тарих). Халид Құрбанғали / Ауд. Б. Төтенаев, А. Жолдасов. – Алматы: Қазақстан, 2014. – 286 б.
6. Тұрысов Е. Ұрпақпен үндес / Бәйдібек би (1356-1419) // Дала даналары / Құраст. Е. Әбен, Е. Дүйсенбайұлы, И. Тасмағамбетов, А. Құдабаев. – Алматы: Қазақстан даму институты, 2001. – Б. 169-176.

7. Тауасарұлы Қазыбек Бек. Түп-тұқианнан өзіме шейін / Басп. Дайындаған Б. Қыдырбекұлы. – Алматы: Жалын, 1993. – 416 б.
8. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сырь-Дарьинской области. Том первый. Юридический быт. – Ташкент: Типо-Литография С.И. Лахтина, 1889. – 298 с. + прил. 127 с.
9. Тынышпаев М. Великие бедствия... (Ақтабан-Шұбырынды). – Алматы: Жалын, 1991. – 152 с.
10. Аристов Н.А. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казаков большой орды и кара-киргизов на основании родословных сказаний и сведений о существующих родовых делениях и о родовых тамгах, а также исторических данных и начинающихся антропологических исследований // Аристов Н.А. Труды по истории и этническому составу тюркских племен / Отв. ред. акад. В.М. Плоских. – Бишкек: Илим, 2003. – С. 7-98.
11. Аристов Н.А. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казаков большой орды и кара-киргизов на основании родословных сказаний и сведений о существующих родовых делениях и о родовых тамгах, а также исторических данных и начинающихся антропологических исследований // Живая старина. Периодическое издание. Отделение этнографии Императорского русского географического общества. Под ред. В.И. Ламанского. Выпуск III и IV. Год четвертый. – С.-Петербург, 1894. – С. 391-486.
12. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // Аристов Н.А. Труды по истории и этническому составу тюркских племен / Отв. ред. акад. В.М. Плоских. – Бишкек: Илим, 2003. – С. 99-274.
13. Бабалар сөзі. Том 81.
14. Бабалар сөзі. Том 82.

Екінші бөлім. ЕСЕЙ БИДІҢ ӨМІРІ МЕН ЗАМАНЫ

Нысанбек ТӨРЕҚҰЛ (1921-2008),
филология ғылымдарының докторы,
профессор

ЕСЕЙ БИ

Есей Алдамұратұлы (1693-1740) белгілі, беделді би болған. Қазақ шежіресінде оның ататегі былай таратылады: Үйсін Бәйдібек батырдан Ысты, одан Ойық, Тілік рулары тарайтыны белгілі. Соның Ойығынан Қызылқұрт, Аузыүсіген, Көкшекөз, Сәтек келеді. Қызылқұрттан Ұлан, Алдамұрат, Есіркеп туады.

Есей – Алдамұраттың бел баласы. Есей жас кезінен насат батыр тұлғалы, әрі ақылды, есті боп ер жетеді. Оны батырлыққа, ақындыққа, шешендікке алғашқы баулыған өзінің батыр, би әкесі мен сол елдің анасы аталған үлкен әжесі, сол өңірдің алып тұлғалы батырлары, би-шешендері екен. Есей жігіт кезінде-ақ ел билігіне араласып, өзінің әділ де, алғыр, тапқыр сөзімен ел аузына ілігеді. Оның палуандығы, додапаздығы, мергендігі, ат бапкерлігі жөнінде аңыздар көп айтылады.

«...Есей Алдамұратұлы Ысты, Ошақты, Дулат, Иса, Мұса елдерінде би болған. Ол аумалы-төкпелі заманда көшпелі халықтарды қоныстандыруға елеулі еңбек сіңірген. Жетісу, Шу, Талас өзендерінің, Шымкент, Ташкент, Түркістан, Сырдария бойларын түгел аралаған. Жау шапқыншылығынан тоз-тоз болып кеткен елдің басын біріктірген.

«...Есей атамыз батыр тұлғалы, халық қамын ойлайтын қайырымды, мейірімді кісі болыпты. Сонау бір

заманда Түркістан шаһары қазақ хандығының орталығы болып дүрілдеп тұрған кезде өз мекені Қаратаудың теріскейінен (Жамбыл облысы) ары-бері өте жүріп, бір қонысқа тұрақтай алмай көшіп-қонып жүрген көшпенділерді Есей ата осы күнгі Ойық станциясына, Қарасу, Сасық, Үлкен Бөген өзендері жағасына орналастырып, отырықшы елге айналдыру жолында баға жетпес еңбек сіңірген, қамқоршы болған екен» («Алғабас» 7 маусым 1990).

Бұл естелікті жазып отырған сол Есей бидің ұрпағы Әбу Әбдірайымұлы, ол еңбек және соғыс ардагері, Оңтүстік Қазақстан облысы, Бәйдібек ауданы, Шаян селосында тұрады.

Есей би әсіресе, Төле би төңірегінде көп жүрген. Екеуі туыстық жағынан да, шешендік билік жағынан да бір-бірін қадірлеп сыйлаған. Демек, екеуінің ойы бір жерден шығып тұрған. Төле мен Есейдің кейінгі ұрпақтары мынадай бір әңгімені айтады:

Ташкент шаһарындағы қазақ, өзбектер басы Төле биден бастап көңілдегі бетке ұстар тәуірлерін қонаққа шақырады. Бұл меймандықта Есей би болмай қалады. Есей қасына ерткен би, қосшылармен Жетісу, Балқаш жағын аралап сапар шегіп кеткен екен.

Дастарқан үстінде әр қырлы әңгімелер айтылады. Алты әйел алған Есей бидің бір әйелі Ташкент шаһарындағы өзбектің бір әкімінің қызы болады. Қазақ салтын білетін өзбектер Есейді күйеу деп сынайтын көрінеді. Осы отырыста Төлені сынау үшін өзбектің бір байы ойда жоқта Төле биге «Есей қандай адам?» – дейді. Сонда ол:

Есей, ат сүрінгенше амал табады,
Қас қағым сәтте қайрат көрсетеді.
Есей би, жанып тұрған жалын ғой,
Жалпы өзбекке мәлім ғой, –

Тағы біреу:
– Есей сіздің неңіз? – депті.
Төле би:

Есей әрі батырым, әрі ақылым,
Ешкімге есесін жібермейтін,
Сөзге шешен ақыным.
Жауға алдырмайтын,
Жанашыр жақыным.
Елдің сүйеніші – Есей
Халықтың тіреніші – Есей
Жауды бүлдіретін де Есей,
Дауды тындыратын да Есей, –

деп, сөзді лек-легімен ағылта жөнелген Төле биге отырған жұрт аң-таң қалған.

Бұл әңгімені Өтеев Серпен мен Бейсенбаева Қалипа, Бөлішев Имберді, Төстікенов Усібәлі, Айболов Тұрғанбайдан жазып алушы Тоғабай Бегалиев. 1945 ж.

Кейбір деректерге қарағанда, Есей батыр Түркістан төңірегіндегі көптеген игі жақсы ел басшылары, батыр, хан, билермен бірге үзеңгілес жүрген. Оның батырлармен бірлесе қимылдап жауға қарсы күрескен ерліктері ел жадында қалған.

Арқа, Аягөз жағынан Түркістанға бет алған қолбасы батырлар өздерінің қолымен жол-жөнекей Жетісу, Шу, Талас, Боралдай бойын билеп тұрған тұстасы Есей биге соғып бас қосқан. Сөйтіп олар шапқыншыларды қалай жеңудің жолдарын қарастырған. Сол жолы Есей би де ел жігіттерін жинап, өзі де атқа қонған. Олар жолындағы Бөген, Шаян, Арыстанды, Қарабас өзендері және Төрткүл бойындағы елдерден жігіттер жинап жасақтарын толықтырған. Ол елдердің Жарықбас батыр, Досай би, онын інісі Қосай тағы бірқатар ер азаматтары оларға қосылған. Бәрі Түркістанға қарай бет алған.

Есей бидің шыққан тегі, ел үшін сіңірген еңбегі жөнінде жоғарыда аталған Т. Бегалиев, Ә. Әбдірайымов. С. Ғаббасовтың ой-пікірлерін толықтыра түсетін тағы бір

дерек табылып отыр. Енді сол естелік – дерекке назар салайық:

– Мен туғанда атымды азан шақырып Дәулетберді қойыпты. Дәулетберді арғы бабамыз екен. Ол кісі атақты Есей бидің мыңбасы бопты. Қаратаудың терсікей, күнге-йіндегі қалың елді билеген Есей би бұрыннан мекендеп келген Төрткүл даласына мал, жаны сыймай, сонау Шу, Талас жағына қоныс аударғанда Дәулетбердіні де бірге ала кетіп, Сарысу бойындағы ауылдарға мыңбасы етіп қояды. Ол екеуі ағайынды кісінің баласы екен. Ертедегі қариялардан қалған шежіре бойынша, Ысты Жауатардан Қосмағамбет, Досмағамбет тарайды. Әкесі екеуіне енші үлестіргенде Қосмағамбетке – ойық, Досмағамбетке тілік ен салып береді. Содан екеуінен тараған үрім-бұтақ Ойық, Тілік атанып кетеді. Сол Ойықтан Қызылқұрт, Көкшекөз (шын аты Орбай), Аузыүсіген (Зорбай), Сәтек рулары өрбиді. Қызылқұрттан – Алдамұрат, одан – Есей. Ал Құралайдан Қойшыбай, одан Бейгел, одан Досай, Қосай Дәулетберді бабаларымыз тарайды. Сонда Есей мен Досай, Қосай, Дәулетберді тетелес туыс болып шығады ғой...

Бұл шежіре-естелікті жазып қалдырған – сол Есей, Досай, Дәулетбердінің ұрпағы Дәулетберді Әбдіұлы. Ол кісі көп жылдар бұрын Шаян ауданының Жүзімдік МТС-ында бас бухгалтер боп істеген.

Есей, Досай, Қосай, Жарықбас, Жиеншора төрізді ерлердің ел қамқоры болған батырлығы жөнінде ел арасында аңыздар көп. Солардың бірі былай айтылады:

Қаратаудың қойнауындағы Ақтастыда болған соғыста Жарықбас пен Жиеншора аздаған жігіттерімен жаудың қаптап келе жатқан қалың қолының жолын бөгеп, Түркістанға қарай өткізбей қойған. Мергендер таудың жар-құзына бекініп алып, ойда өзен жағалап келе жатқан жауды баудай түсіре берген. Амалы құрыған жау кері шегінген. Бір қақтығыста Жарықбас бір топ жаудың ортасына түсіп қалады, сонда ол көбісін сойылға жығып аттарын айдап кетеді.

Жоғарыда аталған естелік-мақаласында таластық Тоғабай Бегалиев: «Есей билердің ішіндегі ең шабыттысы еді. Именбей тура сөйлеп, дауды тез бітіретін шешен еді», – деп отыратын Үсіпәлі атамыз», – деп жазады. Шынында ел арасында Есей би айтыпты дейтін бітімді, кесімді тапқыр шешен сөздер, нақыл, мақал-мәтелдер, ойлы образды тіркестер аз кездеспейді. Бірер мысал келтірейік:

* Есейдің жастау кезі болса керек. Ол бірде саудагер, бақалдың үстінен түсіпті. Әлгі саудагер «ананы, мынаны әкеп беремін» деп, жұрттың тоқты-торым, тана-торпағын жинап әкете беріпті. Сонда Есей: «Бұл саудагердің сөзін алма, бөзін ал, егер бермесе өзін ал!» – депті. Содан былай қарай, ол ауылға алдамшы саудагер қулар жоламайтын бопты.

* Есей жолаушылап келе жатса, алдынан бір жалшы шығыпты.

– Биеке, келгеніңіз мұндай жақсы болар ма? Мынау байдан сауын сұрай келіп ем, өңкей қотыр ешкісін көгендетіп отыр.

Есей би ол байдың үйіне бұрылмастан көген басына барыпты. Қараса, оншақты қотыр ешкі көгендеулі тұр дейді. «Аттан түсіңіз, қонақ болыңыз», – деген әлгі байға: «Мен саған қонақ болмаймын: әуелі анау қойшыңа сауын бер, сауын берсең, сауын бер, қотырынды қайтып ал, өзін емдеп жазып ал!» – депті де, жүріп кетіпті.

* Есейдің қырғыздан алған әйелінің әкесі сегіз ағайынды болғанға ұқсайды. Қырғыздар оларды «сегіз сері» ауылы деп атайды екен. Сол қайын атасының үлкен ағасы 63 жасында 20 жастағы кедейдің қызына құда түседі. Жас қызды Шоңбай малға жығып, үшінші тоқалдыққа алмақшы болады. Ағайындарының: «Мұның әбестік, ақылға кел, бүлдіршіндей баланың бағын байлама» – дегеніне көнбейді. Қыз да шалға тигісі келмейді, келісімін бермейді. Әбден амалы таусылған қыз Есей жездесіне хат жазады:

Қызы едім мен кедейдің,

Сорлап жүрген.
Еш жерден пана таппай,
Зарлап жүрген.
Жезде Есей жәрдеміңді көрсете гөр,
Балдызға құсалықпен қор боп жүрген, –

деп мұңын білдіреді.

Есей келіп әңгіме кеңес басталады. Халық Есейдің аузына қарайды. Шалдың алпыстан асқандағы желігуін жақтырмаған Есей:

Бай мен бай құда болса,
Арасында жорға жүрер,
Кедей мен кедей құда болса,
Арасында дорба жүрер.
Бір бай, бір кедей құда болса,
Бір-біріне зорға жүрер.
Кәрі мен жас жараспас,
Біріне бірі қараспас.
Пайымы бар қария
Бұл сөзіме таласпас, –

дегенде Шоңбай:

– Мақұл ғой, Есей күйеу, айтқаныңның бәрі жөн сөз, – деп райынан қайтыпты. Қыз азаттық алып, кейін өз теңіне қосылыпты.

Есей айтыпты дейтін мына нақыл сөздер де экспедиция кезінде ел аузынан алынған-ды:

Өсиетке терең бол,
Өсек сөзге керең бол.
Кедеймін деп налынба,
Арыңды сатып жалынба.
Бұл – атаңнан қалған арық,
Егін ек те бол карық.
Атаңның ботасын алма, батасын ал,
Бота өліп қалады, батадан бағың жанады.
Ит жақсыны да, жаманды да қабады,
Жалақор өз жазасын өзі табады.
Ағайынмен жауласпа,
Басың азаяды.

Көршіңмен дауласпа,
Асын азаяды.
Етегің түріп елге жет,
Терің төгіп еңбек ет.

Сөйтіп, Есей кім деп жүрсек, ол сонау жаугершілік заманда бытырап жүрген қазақтың басын біріктіріп, қоныстандырған, ел қамқоры, сыртқы жаудан елін қорғаған ел басы, халық батырларының үзеңгілес замандасы боп шықты.

Есей биден тараған ұрпақтар бүгінде Жамбыл облысының Талас және Шымкент облысының Бәйдібек, Түлкібас аудандарында еңбек етеді. Естелік айтушылардың сөзіне қарағанда, Есей би алты әйел алған, өсіп-өнген жан көрінеді. Метейін деген бәйбішесінен – Жолбарыс батыр, екінші әйелі Жомарттан – Сармырза, Жұлдыз, Жұмыр, Көзжаман, үшінші әйелі Мырзабикеден – Қалмақшы, Өтеп, Құлболды, төртінші әйелінен Есмұрат – лақап аты Күсей.

Есей, Есмұрат қартайған шағында сол жерге келіп мекен еткен деген сөз де бар. Есейдің бейіті сол Бөген совхозына жақын жерде. Есей бидің соңғы екі әйелі қырғыз бен өзбек жұртынан. Олардан өсіп-өнген ұрпақтар да сол өңірде тұрады. Мінеки, Есей би осындай өсіп-өнген өнегелі елдің түп атасы, ел қамқоры, ел басшысы, қазақтың айтулы азаматтарының бірі бопты.

Дереккөзі: Төрекұл Н. Даланың дара ділмарлары. – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2001.

ДАРА ОЙЛАР

Тәуке хан өлген соң орнына оның баласы Болат хан сайланады. Ол «билер кеңесінде» әкесіндей басшылық ете алмайды. Бүкіл халық болып «билер кеңесін» басқаруды, өзге хан, билерге жетекшілік етуді Төле биге жүктеді. Сөйтіп, ол ақылшы аға, Төбе би болып белгіленеді. Жауды қалай да тезірек жеңу, сөйтіп қазақ даласына бостандық орнату жолында билігімен бірге әскери басшылықты да өз қолына алады. Қазыбек биді Арқа жағына, Жүсіп, Әйтеке билерді алшын, қыпшақтар арасына, Сасбұқа биді – қарақалпақ, Көкім биді қырғыз елдеріне жібереді. Өзі Саржан, Есей, Досай, тағы бірқатар билермен Қаратау, Алатау елдерінен қол жинап, мың-мыңдап жасақ құрады. Ол жасақ әскерлерге Абылай, Бөгенбай, Қабанбай, Барақ, Жолбарыс, Малайсары, Сәмен, Тәттібай, Қойкелді, Саңырақ, Саурық, Тайшық, Құдайназар, Жарықбас сияқты ержүрек атақты батырлар басшылық етеді. Міне, осындай зор дайындық пен ұйымдастырудың нәтижесінде қазақ халқы Жоңғар-ойрат шапқыншылығының быт-шытын шығарып жеңіп шыққан.

Әбілқайыр ханның бірқатар жүргізген саясатын, әсіресе Ресей патшалығына бар ықыласымен беріліп, соларға кең жол ашқан әрекеттерін Төле би қаламай, оған қарсы болады. 1748 жылы Әбілқайыр хан Төле би жіберген Барақ сұлтанды қабылдамайды, содан екеуінің арасы шиеленісе түседі. Сол жылы Әбілқайыр хан қайтыс болады. Әбілқайырдың Ералы деген баласы әкесінің құнын даулап Төле биге барады. Төле би өздері құрастырған «Жеті

жарғы» заңына сүйеніп, хан өліміне жеті құн төлеуді бұйырады, Билік орындалады. Әбілқайырдың кекшіл балалары оның үстіне әкесін өлтіруге қатысқан Сырымбет батырды қапысың тауып өлтіреді. Онымен тынбай Барақ сұлтанды жауапқа тартуды сұранып, Төле биге тағы да жүгінеді. Төле би бұл билікке қатысу үшін Әйтеке би, Сырымбет би, Есейхан би, Жалған би, Досай би, Даба би, Қабек би тағы бірқатар хан, бектерді шақырып, сот жүргізеді. Бұл тартыстары біразға созылды. Ақырында Төле бидің қорытынды билігі бойынша Әбілқайыр балаларының шағымы негізсіз, ағайын арасындағы алауыздық, бас араздық деп табылып, Барақ сұлтанның басы аман қалады.

Дереккөзі: Қазыналы Оңтүстік. Том 12. Шешендік сөздер / Ұйымдастыру алқасының төрағасы Ә.Ә. Бектаев; редакциялық алқа төрағасы М. Мырзахметұлы: құраст. баспаға дайындаған: С. Өмірзақов, Ә. Кембаев. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2010. – 87-88 беттер.

Ә. ӘБДІРАЙМОВ,
соғыс және еңбек ардагері

ЕСЕЙ ЕСІМІ ЕСКЕРІЛСЕ
(Ардагер ой айтады, пікір білдіреді)

Өткен өмір кезеңдерінде, қилы-қилы заман толқындарында халқымыздың небір асыл мұралары мен әдет-ғұрыптары ұмыт болып, қазіргі қайта құру дәуірінде елімізге қайта оралып, жаңарып, жаңғыра түсуде. Барлық жерде бұрынғы салт-дәстүрлеріміз қалпына келтіріліп, ұлттық мәдениетіміз өркен жайып келеді. Бұған әрине, барша халық шексіз қуанулы.

Мәдени мұралар дегенде, біз ең алдымен мәдени және тарихи ескерткіштерді сөз ететініміз рас. Мұндай ескерткіштерді есепке алып, оның ескілерін қалпына келтіру, тұтас тұрғандарын қорғау жұмыстарымен айналысатын республикалық, облыстық, аудандық мәдени және тарихи ескерткіштерді қорғау қоғамының да бар екенін жақсы білеміз.

Мен осы мақала арқылы қоғамның назарында болмай, есебіне ілінбей, елеусіз қалған бір ескерткіш жөнінде сөз қозғауды жөн көрдім. Мұндағы мақсат егер осы мақала газет бетіне жариялана қалса, көнекөз қарттар, ұқпақұлақ зейінді жастар бұл туралы өздерінің білгені, естігені болса, соларын айтып, жазып, жұртшылыққа жарияласа деу еді.

Біздің айтпағымыз мына мәселе туралы: «Бөген» совхозының орталығынан батыс бағытқа қарай, үлкен қатырма жолдың терістік-батыс жағын да шағын төбешік жатыр. Осы төңіректегі байырғы тұрғындар немесе жол

бойынан өткен кейбір кісілердің бұл төбешікті қасиет тұтып, игі ниет білдіріп өтетінін талай рет көргенім бар. Бұл төбені жергілікті халық қысқартып айтқанда, «Есей» дей салады. Ал тура мағынасында «Есей ата (баба) төбесі» боп келеді.

Сонымен бұл жер неге «Есей» деп аталған? Осы сұраққа жауап іздеп көп кісілермен сөйлесіп көргенімде пәлендей мардымды деректер ала алмадым. Бірақ, бір кездері әкем Әбдірайым марқұмның әсерлі әңгімесі есімде қалған екен, соның осы «Есей» жөніндегі аңызға айналған әңгімені растайтын сияқты болады да тұрады. Енді сол туралы сөз етейін.

Есей атамыз батыр тұлғалы, халық қамын ойлайтын қайырымды, мейірімді болып өскен көрінеді. Сонау бір заманда Түркістан шаһары қазақ хандығының орталығы болып, дүрілдеп тұрған кезде, өз мекені Қаратаудың теріскейінен (Жамбыл облысы) ары-бері өте жүріп, байлар мен билеушілердің ермегіне айналған көшпенділерді көріп, Есей ата орталықтағы әкімдерге сөзін өткізе отырып, біраз елді осы күнгі Ойық станциясына, Қарасу, Сасық, үлкен Бөген өзендері жағасына орналастырып, отырықшы елге айналдыру жолында баға жетпес еңбек сіңірген, қамқоршы болған екен, – деп бастар еді сөзін Әбдірайым әкем. Бұған қоса ол кісі: Есей атаның елдік ұран көтеріп, тау ішіндегі үлкен Бөген мен Алмалы өзенінің құйылысқан тұсындағы елсіз жатқан жерге ағайынды Бименді мен Күзенбай деген кедей шаруаларды қоныстандырып, ел боп отырайық, – деген мақсатпен жан-жаққа күнкөріс қамымен тарап кеткен ағайындарды жинастырып, осында қоныстандыруға көп әрекет еткендігін айтқанын естіген едім. Есей атаның халыққа жасаған жақсылығы өлшеусіз болған екен десетін бұрынғылар. Атамыз Қарасу, Сасық өзендерінің бойындағы елдердің қоныс тебуіне де тер төккен көрінеді.

Міне, сондықтан да Есей ата қайтыс болғанда, бүкіл ел болып қайғырумен, ол кісінің «аруағы» риза болсын деп, қастерлеп, ескерткіш ретінде қазіргі Есей деп аталатын

төбешіктің үстіне күмбездеп бейіт орнатқан. Сол бейіттің 1935 жылға дейін тұрғанын білуші едік, – дейтін еді ол кісі.

Өкінішке орай, ол төбенің «Есей» деген есімі қалды да, күмбезді бейіт күлге айналыпты. Бірақ, зиялы адамдарды қадірлеп өткен халқымыз сол ардақты атамyzды осы уақытқа дейін есінде сақтап, ол жерді киелі орын санап келген.

Осыларды айта келе халық қастерлеп, әлі күнге дейін есте сақтап, есімін атап жүрген даңқты, атамyzға ескерткіш ретінде ол кісінің рулас, ағайын-туыстары мекендеп отырған Жарықбас елді мекеніне (Леонтьевка селосы) Есей деген ат қойылса деп ұсыныс енгіземін. Мұны көпшілік қауым қолдайтын шығар деген ойдамын.

Шаян селосы
«Алғабас» газеті, 7 маусым, 1990 жыл
Дереккөзін ұсынған: Мұхамедияр Тәттібаев

Тоғабай БЕГАЛИЕВ,
Жамбыл облысы, Талас ауданы,
Қызыләуіт ауылы

ЕСЕЙ ЕМЕС, ЕСЕЙХАН

Төле би бастаған билер кеңесінде Есейханды тозған елді іздеуге жұмсайды. Есейхан деген ат – әкесі Алдамұраттың туа бітті қойған аты. Есейхан Алдамұратұлы – тарихта болған адам. Бұл туралы бабаларымыздың баладан балаға қалдырып келген тарихи қолжазба, шежірелері бар. Есейхан туралы тарихи мұралар жеткілікті. Аңыз әңгімелер де. Ел аузындағы фольклорлық ауыз әңгіме бойынша Есейхан би он екі әйел алған. Ал шындық бойынша, алты әйел алған. Қазір алты әйелінен де балалары бар. Төрт әйелді қазақтан алған. Олар: 1. Қаракемпір, 2. Жомарт, 3. Мырзабике, 4. Қасқарау, 5. Қырғыздан алған. 6. Өзбектен алған. Есейханның әр әйелінен 5-6-дан балалары болған. Балалары шешелерінің атымен аталып кеткен. Ол балаларының өздері де әке жолын қуып, қос-қостан әйел алған. Есейханның балалары өте көп болғандықтан, көптеген қонысқа ие болған. Өзбек әйелі балаларын Ташкент, Хиба, Бұқар, Самархан, Сыр бойы, Жиделі байсын жақтарға қоныстандырған болса, қырғыз әйелінің балаларын ұзына бойы Талас өзенінің бойына қоныстандырған. Бұл екі әйелінің де балалары көп болған. Қырғыз әйелінен туған балалары Әулиеата, Луговой, Мерке, Қордай, Шу, Жетісу, Қырғыз тауларын жағалап қоныстана берген.

Филология ғылымдарының докторы Нысанбек Төреқұловтың газетте көтеріп жүрген «Есей кім?» деген мақаласы дұрыс. Ал енді бір ұсынысым күнгей жақтағы

туысқандар Есейханның атын қысқартып, Есей дей салады. Бұл дұрыс емес. Есейхан деп жазғанда да, айтқанда да өз атын атайтын болайық. Бұл өз атын атамау шарифатқа да, мұсылмандыққа да ыңғайсыз келеді екен.

Қорыта келгенде, Есей емес, Есейхан. Төле би мен Есейхан – бір қоғамда өткен тұлғалар.

ЕСЕЙХАННЫҢ ЕЛДІ ІЗДЕУІ

Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» атанған ала құйын заманда қазақтар тоз-тоз болып, тарыдай шашылып кеткен ғой. Билер кеңесіп, босқан халықтың басын құрауға, оларды ата Қонысына кайтаруға батуаласады. Осы үлкен шаруаны кімге жүктеуді ойласқанда, билердің ішіндегі беделдісі Төле Би: «Бұл шаруаға Есейханнан ыңғайлысы жоқ. Батырлығы мен шешендігі қырғыз, қазақ, өзбекке бірдей мәшһүр», – деген екен.

Сөйтіп Есейхан батыр Жарықбас, Досай, Косай, Жиеншары сияқты сайдың тасындай ерлерді ертіп елдің артынан қуады. Есейхан:

Үдере көшіп сайменен,
Халқым, кайда барасың?
Қашып кетіп, қай жерден,
Өзіңе мекен табасың.
Сәл шыдасаң байырғы,
Жеріңді қайтып аласын, –

деп «саңқ ете қалғанда, үдере көшіп бара жатқан көп халық тоқтаған екен. Келесі көшке кездескенде, батыр босқан жұртына былай депті:

Тоз-тоз болып бауырлар,
Бет-бетіңмен кетпендер.
«Сабыр түбі – сары алтын»,
Туған жерден өтпендер.
Ат сабылтып, ағайын,
Артыңнан қуып келемін.
Кембағал мен ғаріпке

Көмегімді беремін.
Менің атым – Есейхан,
Туған елді септеген.
Сөзіме сенген туғандар,
Туған жерге беттеген, –

дегенде, ел басы біріккен екен.

Мұны мен Төстікенұлы Үсібәлі ақсақалдың аузынан жазып алған едім. Бұл кісі ескіше оқыған, бабамыздан келе жатқан тарихи шежіресі болатын. Сол арабша жазылған шежіренің біразын қазіргі қаріппен маған жаздырған еді.

ЕСЕЙХАННЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖАЙЛЫ

Көнекөз шежіреші, ұлағатты сөз айтатын аталарымыздың айтуы бойынша, Төле би шешен кісі болған. Сонымен қоса суреткер, сыншы: адам бейнесін, оның мінез-құлқы мен жүріс-тұрысын да суреттей білген. Тарихи қолжазба шежіре бойынша, Төле би мен Есейхан – бір заманда өмір сүрген қос қырандар. Бұлар исі мұсылман қауымын жат санамаған.

Елдің елдігі мен бірлігін сақтаған қос қыран халықтың қамқоршысы болған. Тәшкент шаһарына өзбектер басы Төле биден бастап, қазақтың тәуірлерін, өздерінің бетке ұстарын қонаққа шақырады. Бұл меймандықта Есейхан болмай калады. Дастархан үстінде әр әртүрлі әңгімелер болады. Алты әйел алған Есейхан бидің бір әйелі Тәшкент шаһарындағы өзбектің бір әкімінің қызы екен. Қазақ салтын білетін өзбектер Есейханды күйеу деп ойнайтын көрінеді. Осы отырыста Төле биді сынау үшін өзбектің бір байы ойда жоқта Төле биге үш сұрақ қояды: «Есейхан қандай адам? Ойланбай жауап беріңізші, шешен болсаңыз», – дейді. Сонда Төле би:

– Есейхан ат сүрінгенше амал табады,
Қас қағым сәтте қайрат көрсетеді.
Есейхан би жанып тұрған жалын ғой,
Жалпы өзбекке мәлім ғой, –

депті.

Өзбектің байы:

– Есейхан сіздің неңіз? – депті.

Төле би:

– Есейхан – әрі батырым, әрі ақылшым.

Сөзге шешен ақынım,

Ешкімге есе жібермейтін көзсіз батырым, –

дейді.

Бай:

– Есейхан халықтың несі?

Төле би:

– Елдің сүйеніші – Есейхан.

Халықтың тіреніші – Есейхан.

Жауды бүлдіретін де Есейхан,

Дауды тындыратын да Есейхан, –

деп, сөзді лек-легімен ағылта жөнелгенде, бай аң-таң қалады.

Сармантай бабаларымыздан қалған сөз екен.

Жазып алған: Т. Бегалиев. «Алғабас» газеті, 7 январь 1992 жыл.

Дереккөзін ұсынған: Мұхамедияр Тәттібаев

Түзелбек РАҚЫШЕВ,
ауданның Құрметті азаматы, Қаратау
ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы

БАБАҒА ҚҰРМЕТ – ҰРПАҚҚА ТАҒЫЛЫМ

Есей би – Тәуке ханның бас уәзірі болып, халық ішінде билік құрған тұлға. Бізге жеткен деректерде Есей би Жетісу өңірі, Шу, Талас өзендерін, Шымкент, Ташкент, Түркістан, Сырдария бойын түгел аралап, жоңғар-қалмақ шапқыншылығынан тоз-тоз болып кеткен елдің басын біріктіруге елеулі үлес қосқан. Сол тұстағы халықтар оны Есейхан деп құрмет тұтқан. Ауыл ақсақалдары әлі де тарихи тұлға есіміне хан сөзін қосып атайды.

Қазіргі озық технологияның кереметі мен артықшығы көп қой. Әр тарапта тірлік кешіп жатқан Есей баба ұрпақтары ұялы телефон арқылы бірімізді тауып, бірімізді танып отырмыз. Тіпті, әлеуметтік желі арқылы жөн сұрап, білістігіміз артып келеді.

Есей бабамызға Ұлытаудан есекерткіш белгі қойылатындығы туралы уатсап желісіндегі «Есей хан ұрпақтары» тобы арқылы оқып, білдім. Тұлға рухын дәріптеуге арналған бастамаға ризашығылымды білдіріп, тілеулестігімді таныттым. Игі істі ұйымдастырушылардың қатарында Таластан Біржан, Сәпи, Қасқырбек Қосатбеков және Шымырбековтердің ұрпағы бар екен. Астанада тірлік кешіп жатқан бұл азаматтар қолқа салып шақырған соң, Ұлытауға жолым түсті.

Жаздың аптабында жасы ұлғайған адамға ұзақ жол оңайға соқпайды ғой. Ол жағын ойлағаныммен, бабамыздың рухына арналған шарадан бас тартуды тағы қаламадым. Жас кезден таныс замандасым Күмісбек

Дәуренбеков және ауылдан шыққан белгілі азамат Құдиярбек Омаров қаржылай көмек танытып, сапарыма сәттілік тіледі.

Қарағандыға дейін пойызбен жеткеніммен ары Жезқазғанға көлікпен баруға тура келді. Қасыма Астанада тұратын балам ілесті. Біз бағыт алған Бұланты бойы Ұлытаудың орталығынан 200 шақырым қашықтықта екен. Бұл өзі – тарихи өңір. Жоңғарларға қарсы алғашқы ірі шабуыл Ұлытаудағы Бұланты – Білеуті аймағында болды. Жаумен айқаспас бұрын Ордабасында жиын өтті. Бұл тарихтан мәлім. «Егер Бұланты мен Аңырақайдағы жеңіс болмаса, Қазақ ордасы осыдан үш жүз жыл бұрын мүлде тозып, құрып бітетін Ноғай ордасының кебін киері анықты. Тоқтау көрмеген жоңғар қалмағы енді бір серпіннен соң Еділ қалмағымен тоғысар еді. Сарыарқадан айырылған соң қазақтың барар жері, басар тауы қалмас еді. Хандық садаға, халқының өзі құрып кетер еді», – деп Халық жазушысы Мұхтар Мағауин келтіретін Бұланты осы.

Бұл жерге кезінде белгілі археолог Әлкей Марғұлан қойтас қойып, белгі тастаған екен. Тарихи орынның басында ескерткіш таста «1727 жылы жоңғарларға қарсы Бұланты шайқасы деген атпен тарихта қалған шешуші ұрыста қазақ халқының бірлігі мен қаһармандығының үлгісіндей болған, есімдері аңызға айналған батырлар рухына тағзым ету мақсатында «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Басқарушы кеңестің Бас директоры Бақтияр Әбдірахманұлы Қырықпышевтің қолдауы мен демеушілігі арқасында осы жерде 2014 жылы «Бұланты» кешені ұйымдастырылды», – деген жазу басылған.

Көпшілікке арналған кешеннің жобасына қатысушы Тоғызбай Тәжбенов, Медеу Қайрақтыұлы, Бақтияр Қожахметовтың және мүсінші Шахибаден Сейіткеновтің де есімдері таңбаланыпты.

Мұнда бабалар ұрпағының көмегімен Бұланты шайқасына қатысқан 93 батырға ескерткіш белгі қойылған. Ендігі жерде ескерткіш белгілер Есейханмен толықты. Бұл жиынға бос бармадым. Есейханның ұрпағы ретінде әрі

елдің сәлемі болсын деп Жауатардың белгісі салынған көк туды, Есейханның портретін және аудандық «Talas tynysy» газетінде бабамыз жайында жарық көрген көлемді мақаласын үлкейтіп алып жеттім.

Жиынға қатысушылар ризашылығын білдіріп, елден келген азамат ретінде маған да сөйлеуді ұсынды. Есейханға қатысты білетін деректерді алға тарттым. Ұйымдастырушылар тарапына алғысымды білдіріп, ақ батамды бердім.

Бұланты халық айтатындай киелі аймақ екен. Шежірелі дала көрген көзге де бірден әсер етіп, көңілге де тылсым күй сыйлайды. Байқағаным, бұл жақта қолға алатын жұмыс аз емес көрінеді. Ең алғашқысы көлік жолын қалыпқа келтірсе құп болар еді. Көтерілген шаң жол жүрген адамның жүйкесіне тиеді. Егер еліміздің туристік әлеуетін дамытамыз десек, ең алдымен оның инфроқұрылымына назар аудару керек. Сондай-ақ ескерткіш белгілер қойылған тарихи орын жанынан ақпарат алатын музей ашылса, бұл жерге табан тіреушілердің қатарын арттырар еді. Жарнамасы да жоққа тән. Бұл тек жекелеген азаматтардың демеушілігімен ғана емес, мемлекеттің қолдауымен жүзеге асырылатын манызы зор мәселе деп білемін.

Елге қайтар жолда көңілден осындай ой кетпеді.

Жалпы Ұлытау өңірі Бұланты бойынан үлкен әсермен қайттым. Ұрпақ үшін тәрбиелік мәні бар игі шара болды.

Дереккөзін ұсынған: Мұхамедияр Тәттібаев.

ДИҚАМБАЙ БАТЫРДЫҢ ШЕЖІРЕСІНЕН

Н.А. Аристовтың көрсетуінше, ботбай Диқамбай батырдың (қайтыс болған жылы – 1876 жыл) шежіресінде қазақтың ататегі былай таратылады: «Байшора (ұлы жүздің ататегі), Жаншора (орта жүздің ата тегі), Қарашора (кіші жүздің ататегі).

Байшораның Жұманбай деген ұлынан Кейкібай және Төбей деген екі ұл туады. Төбейден – төрт ұл: Майқы, Қоғам, Қойылдыр, Мекрайыл. Майқыдан – төрт ұл: Бақтияр, Қаңлы, Қырыққыз, Мыңжүз. Бақтиярдан – екі ұл: Үйсін, Сіргелі. Үйсіннен – екі ұл: Ақсақал (абақ тамға), Жансақал (тарақ тамға). Ақсақалдан Қараша би туады, Қараша биден – Бәйдібек.

Бәйдібектің үлкен әйелі Сары бәйбішеден – Сарыүйсін, екінші әйелі Зеріптен – Жалмамбет. Жалмамбеттің үлкен әйелі Мапыраштан – Шапырашты, екінші әйелі Ыстыдан – Ысты, үшінші әйелі екінші әйелінің сіңлісі еді, одан – Ошақты. Бәйдібектің үшінші әйелі Домалақтан – Жарықшақ. Жарықшақтан – Албан, Дулат, Суан».

Дереккөзі: Аристов Н.А. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казаков большой орды и кара-киргизов на основании родословных сказаний и сведений о существующих родовых делениях и о родовых тамгах, а также исторических данных и начинающихся антропологических исследований // Живая старина. – 1894, вып. III-IV. – С. 391-486.

Нысанбек ТӨРЕҚҰЛ (1921-2008),
филология ғылымдарының докторы,
профессор

ДОСАЙ БИ

Досай Бәйгелұлы (1692-1790 ж.ж.) – қазақтың белгілі шешен, биі. Ол Қаратаудың күнгей бетіндегі осы күнгі Шымкент облысы Бәйдібек ауданы Алғабас совхозы орналасқан ауылда туған. Досай жастайынан халықтың ата дәстүрі шешендік өнерді бойына дарытқан, өзі атбегі, құсбегі, ақын жанды, алып тұлғалы батыр, палуан боп ер жеткен. Қазақ шежіресінде Досай би Ұлы жүздің Үйсін тайпасынан шығады. Одан бергі ата-бабалары: Бәйдібек, Жауатар (Ысты), Қосмағамбет (Тілік), Құралай, Қойшыбай, Бәйгел – бәрі өз заманында ел қамқоры батыр шешен, би болып өткен азаматтар.

Досай би жоңғар, қалмақ басқыншылығының аз-ақ алдында үйлі-жайлы балалы-баранды болған, орта жасында ел билігіне араласқан. Сырттан қара дауылдай қаптап келе жатқан жаудың дүмпуін есіте бастаған елі-жұрты одан және оның батыр інісі Қосайдан ел билігін қолға алып, жаудан аман сақтап қалуды сұранады. Бір тайпа елдің бұл өтінішін ол кездегі Түркістан шаһарын орталық етіп билеп тұрған хандар, бек, билер қолдайды. Сонымен Досай кейбір би, болыстарға ұқсап, «мені би сайландар» деп бар малын шашып шығындап, артынып-шабылмай-ақ көп тілеуі бойынша би болып белгіленеді.

111 Бала кезінен Қаратау өңіріндегі хандар, билердің алдын көріп, сөзін тыңдап, ауыл арасының кішігірім дау-дамайын атақты билерге жібермей-ақ өзі шешіп, кесімді тапқыр, шешен сөйлеп жүрген Досай енді би болған соң,

аты әйгілі хандар мен билердің көпшілігімен таныс, дастарқандас боп кетеді. Ол, әсіресе, Абылай хан, Қабанбай, Бөгенбай батыр және Төле, Қазыбек, Есей билермен жиі кездесіп тұрады. Елді жаудан қорғау мәселесі және кейбір шиеленіскен дауларды сол билермен бірге ақылдаса отырып шешеді.

Қарабас өзенінің басындағы қырғын шайқасты ел былай деп аңыздайды: Алаңсыз малын бағып, тойын тойлап тыныш жатқан Қарабас сазындағы Жетімтау мен Керегетас ығындағы Досай аулына жоңғарлар тыңшыларын жіберіп жүріп, ол ауылдың басшылары Досай би мен Қосайдың Түркістандағы жиынға кеткен хабарын естіп, бір түнде тұтқиылдан шабуыл жасайды. Жігіттерін құл, қыздарын тұл етіп, мал-мүлкін ту-талақай қылады. Осы шайқаста беріспей соғысқан Досайдың төрт, Қосайдың тоғыз баласын жаулар қолға түсіріп, Қарабас өзенінің қайнар көзіне тастайды. Тастағанда жай тастамайды, көзге тастаған жігітті бұлқынып атқылап жатқан бұлақ суы сыртқа теуіп шығара берген соң, оның үстін кебежедей таспен бастырады. Сөйтіп, жауыздар қайнар бұлақ көзіне бір жігіт, бір тастан тастай береді. Бұлақ көзі бітелуге айналады. Су қан болып ағады. Сол бір жазалауды көріп шошынсын деп, жаулар жәбірленген кемпір-шал, қатын-қалаш, бала-шаға демей бұлақ басына түгел жинайды. «Міне, көрдіңдер ме, қарсылық етсеңдер, сендерді де осылай етеміз!» – деп, ақырып қамшы үйіреді.

Бұл сойқан Түркістанға кеткен Досай, Қосайға жетеді. Олар сол жиынға қатысқан Төле би, Есей бимен ақылдасады. Қол жинап топ құрады. Бұл әрекет елге жетеді. «Не дейсің, Досай, Қосай Түркістандағы Қабанбай, Бөгенбай, Есей батырларды сан мыңдаған қолымен ертіп шығыпты. «Бұл хабарды есіткен жоңғарлардың берекесі қалмайды. Есей, Досай, Қосай бастаған (анау айтқан сан мыңдаған қол емес) шағын жасақ Түркістанның шығыс жағындағы Ноғай қорғаннан өтіп, Нұра жотасына, одан Мыңбұлақ сазына жете бергенде, жоңғарлардың қарсылығына кездеседі. Сол қақтығыста Есей, Досай қолы

жаудың біразын қолға түсіріп, қалғанын түре қуады. Сөйтіп, олар жоңғарларды Мыңбұлақ, Бестоғай, Қарабас өзендерінің бойынан, Табақбұлақ, Тасбұлақ, Ноғайбұлақ басынан қуып шығып, Жетімтау, Керегетастан асыра, Бабаата, Құмкентке жеткенше қуа соғысады. Ақыры жау жағы әлсіреп жеңілген.

– Міне, Есей, Досай, Қосай батырлар біздің жерімізді осылай қорғап қалған, – деп Құлбек ақсақал әңгімесін аяқтады. Құлбек Жұмбайұлы – Досайдың жұрағаты. 20-50 жылдар арасында Шымкент облысының бұрынғы Шәуілдір ауданында Совет атқару комитетінің төрағасы, кейінірек орынбасары болып істеген партия, совет ардагері, көпті көрген, ертедегі тарихты мол білетін шежіре кісі болатын.

Досай би – 98 жыл жасаған, артына мол ұрпақ қалдырған, өсіп-өнген аталардың бірі. Оның үш әйелінен (бір шежіреде бес әйел дейді) тараған үрім-бұтақтар – бүгінде бір тайпа ел. Досай – осы күнгі Шымкент облысының Бәйдібек, Түркістан, Қызылқұм, Сайрам аудандарын мекен еткен Жаманбай – Таздар, Асанқараған, Байқараған, Сексен, Есен, Анарбай, орыс, (бәйбішесінен) Бекболат, Сақболат (тоқалынан) тараған елдердің түп атасы.

Халық арасында Досай би айтыпты дейтін тапқыр уәжді шешен сөздер, накыл, аңыздар аз емес. Соның ел арасынан жазып алынған нұсқалары мыналар:

Досайдың жас кезі екен. Әкесі оны сынамақ болып:

– Балам, патша үлкен бе, дихан үлкен бе? – депті.

Бала кідірместен:

– Әрине, дихан үлкен.

Қалайша?

Сонда Досай бала:

– Дихан астық бермесе, патша аштан өлмей ме? – деген екен.

Әкесі баласының тапқырлығына риза болып, содан былай қарай соңына ертіп жүретін бопты.

Досай жігіт кезінде бір байдың үйіне келіп түседі.

– Мына қонаққа нең бар, тамағынды ас! – деген болады бай бәйбішесіне.

Байдың сөз саптауын бұрыннан білетін әйелі:

– Үйде ет жоқ еді, – дей салады.

Осы кезде Досай әңгімесінің бетін басқа жаққа бұрып:

– Апыр-ай, мынау үйдің ағашын қандай ұста шапты екен, – деп, үйдің уық, керегесіне таңырқап қарай береді.

– Е, жігітім, бұл – Түркістандағы Өлкен үйшінің қолынан шыққан үй, – дейді аңқау бай.

– Өзі неше қанат?

– Сегіз қанат?

– Жоқ, байеке, сегіз қанат емес, – дейді Досай әдейі.

– Бұл үйді өз қолымнан шаптырған мына мен ғой, сегіз қанат! – дейді бай да ерегісе түсіп. Сонда Досай:

– Сіз сегіз қанат дейсіз, мен алты қанат деймін. Сенбесеңіз, керегенің басын санай қояйық. Сіз маңдайшадан былай қарай оң жағын санап шығыңыз. Мен сол жағын санайын. Кәне, бір, екі, үш, төрт... – дегенде бай керегенің басындағы етті жігіттің көріп қойғанын біліп

– Түсіндім, түсіндім, сенің аңдып отырғаның анау ет қой. Әй, бәйбіше аса ғой етінді, – деген екен.

Досай Теріскейдегі бір байдың үйіне барады. Ол көп ішінде сөзді термелей айтып, әңгіменің майын тамыза сөйлеп отырады. Арқа жақтан келген бір қария:

– Апыр-ай, таңдайың тақылдап қалған өзің қандай бала едің? Тегін қай ел? – деп сұрайды. Бұрын талай-талай жуанға ақысы кетіп, оған ызасы кеп, зығырданы қайнап жүрген бала жігіт осы байдың өткен жылы өзінің мініп келген атын жылқысына қосып алып, кейін іздегенде «Сенің жаман тайың ұраға құлап, арам өлім қалған» – деп,

бермей қойған-ды. Енді Дос соның есесін сөзбен қайтармақ болады:

– Тегімді сұрап қайтесіз?
Мыңғырған сендей бай емен.
Өзімді сұрап қайтесің,
Жылқыңа қосар тай емес.
Қышытып тілді қайтесің,
Кедей де болсам жай емен, –

депті.

Асқақтап отырған бай не дерін білмей отырып қалыпты.

Көрші ауылда Досайдың Төлтай деген бақталасы болады. Ол өне бойы «Досай бидің шешімі дұрыс емес», «Пәленше бүй депті, түгенше өй депті», – деп сыртынан өтірікті шындай, шынды құдай ұрғандай етіп өсек тара береді екен. Бірақ кездескен жерде бетіне келіп пәлен демейді. Сыпа сәлемдесіп өте шығады.

Досай би, оның іштар, біреудің әділ сөзін, тәуір ісін, бақыт, байлығын көре алмай, көзінше үндемей, сыртынан күңкілдеп, күбірлеп, сыбырлап өсек тасып жүретін әдетін біледі. Бұған не етсем екен, қалай тыйым салсам екен деп жүреді. Көзінше айтсам, даукеспе ерегісе кетеді, сабасам, баукеспе төбелесе кетеді. Қой, оған мынандай бір амал қылайын:

«Төлтай өзі палуан, өзі сақы бай, одан асқан адам жоқ, Төлтайдан адал кісі жоқ, оның адамгершілігі зор. Жоқ-жұқанаға қарасады, үлкен-кіші санасады. Екеуімізді араздастырып жүрген – арадағы көре алмайтын, күншілдердің өсегі. Оған бола өзімнің адал досыммен араз бола алмаймын. Ол – маған шын дос» деген сөзді көпшілік арасына тарата жүреді. Төлтай бай ана ауылға барса да, мына ауылға барса да, Досайдың осы мақтау сөзі оның алдынан шыға береді. Досайдан да, көпшіліктен де ұялып, аяғын тартқан Төлтай бай: «Қой, болмас, өзі дос санап

жүрген адамды қас тұтпайын», – деп, содан былай қарай бақталас, күншілдік әрекетінен арылыпты деседі ел.

Дастарқан үстінде Досай шақырған батыр, би қонақтарын жағалай таныстырып жатады. Қараса, өзінің сыртынан өсек айтып жүрген бір жұғымсыз «досы да» отыр дейді. Ол қасындағы серігі: «Жүр, бірге барайық», – деп қолқалаған соң ілескен көрінеді. Досай оған келгенде:

– Бұл да менің «досым», осындай досың болса, дұшпанның керегі жоқ. Бір өзі он дұшпанға татиды, – депті. Анау қып-қызыл болып, жер шұқи беріпті.

Адал еңбек етпейтін, адамдар арасында сыпсындап өсек таситын мылжың, суайттарды Досай би бетің бар, жүзің бар демей, үнемі сынап, бетін қайтарып тастап отырған. Бір күні оның үйіне Бабаата жақтан құда-жекжаттары келіп, қонақ боп отырады. Соның ішінде біреуі одан-бұдан сөз айтып, біреулерді сыртынан даттай береді. Оны жақтырмаған Досай:

Сынаушының сылдыр сөзі,
Су түбіне кетіреді.
Қыздырманың қызыл тілі,
Сүйгеніңнен кетіреді.
Біреу сөзін сатады,
Біреу бөзін сатады.
Сөз бергеннің сөзіне ерсең,
Басыңа бейнет болады.
Бөз бергеннің бөзін алсаң,
Киетін көйлек болады, –

десе, әлгі сылдыр сөзді жігіт үйден шығып жүре беріпті.

Досай би баласыз үйді жақтырмайды екен. «Балалы үй базар, баласыз үй мазар» – деп, кейбір баласы жоқ

ағайындары шақырса бармайды екен. Досайдың қартайған шағында ертеде Ташкент жағына өтіп, сол жақта тұрақтап қалған бір ағайыны оны әдейі арнап қонаққа шақырыпты. Досай би көп жылдан бері көрмеген туысын көрейін деп барады. Төрге шығып отыра бергеннен-ақ, өңкей екі шекесі торсықтай қара домалақ балалар бірінен соң бірі «Ассалаумағалейкум» – деп, оның қолын алып жатады. Досай:

– Бұл кімнің балалары? – деп сұраса, әлгі туысы:

– Өзіңіздің жұраттарыңыз ғой, – деп ілгеріде өзіне айтқан мына сөзін есіне түсіреді:

– Бір баласы бардың шығар-шықпас жаны бар,
Екі баласы бардың болар-болмас халі бар,
Үш баласы бардың үш рулы елде малы бар,
Төрт баласы бардың төрт құбыласы тең болар,
Бес баласы бардың дес бермейтін жөні бар.
Сегіз баласы бардың сергелдеңге салар кәрі бар,
Тоғыз баласы бардың толғандырар жолы бар.
Он баласы бардың орда бұзар қолы бар.

– Япырым-ай, ұмытпаған екенсің, – дейді, Досай.
Осы кезде бәйбіше сөзге араласыпты:

– Сондағы сіздің мына туысыңызға «баласыз үй мазар» деп, кейіген сөзіңіз менің арқама аяздай батты. Төркініме бардым да, бой жетіп отырған сіңлімді әкеп, өз қолымнан қостым. Шүкір, жаман емеспіз, сол сіздің сөзіңіз қамшы болып, енді жеті бала сүйіп, төбем көкке жетті...

Досай би қартайып отырып қалған кезінде, оның жеті баласы жиі-жиі келіп, көңілін сұрап, жағдайын біліп тұрады. Бір күні Жаманбай деген үлкен баласы оны сөйлетпек болып:

– Көке, не жақсы, не жаман? – деп сұрайды. Сонда ол былай деп термелеген екен:

Жақсы аттан жақсы туса,

Мінетін пырағың емес пе?
Жаманнан жақсы туса,
Елдің шырағы емес пе?
Жақсыдан жаман туса
Шамшырағың өшкені емес пе?
Елге үлгі айтар ерің болмаса,
Құт-берекең көшкені емес пе...

Досай би және ол айтқан тапқыр, ұтқыр шешен сөз бен терме, нақылдарды сол Досайдың ұрпақтары Әбдікүл Тәжіұлы, Махат Ақтайлақұлы, Тұрлыбек Егізбайұлы, Нарбек Жұмабайұлы, Құлбек Жұмабайұлы, Ыдырыс Битабарұлы т.б. қариялардан жазып алынды.

Дереккөзі: Төрекүл Н. Даланың дара ділмарлары. – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2001.

**Қамбар-Бек ҚОЙШЫБАЙҰЛЫ (1944-2024),
ақын, журналист, қоғам қайраткері**

**АЛДАМҰРАТҰЛЫ ЕСЕЙДІҢ ҰРПАҒЫ,
ҚОҚАН ХАНДЫҒЫНА ҚАРСЫ ШАЙҚАСҚАН
ШАҚАНТАЙ БАТЫР
(ОНЫҢ ҰРПАҒЫ ОРАЗҒАЛИ АУҒАН СОҒЫСЫНДА
ЕРЛІКПЕН ҚАЗА ТАПТЫ)**

Елге сіңірген еңбегі ерен болса да уақыттың шаңына көміліп ұмыт қалған бабалар аз емес. Солардың бірі – Торғауытұлы Шақантай. Тәуке ханның белді билерінің бірі, аузы дуалы шешен, ержүрек батыр Алдамұратұлы Есейдің бәйбішесі Мәтеней анадан өрбіген сегізінші ұрпақ. Аталары Бүркіттен – Торғауыт, Едіге және Өтеп туған. Ағайынды үшеудің бәрі ірі денелі, самғадай бойлы қарулы жігіттер болған деседі. Тұңғыш ұлдан туған Шақантай жастайынан балуан жарысқа қатысып, әскери шеберлігін шыңдап өседі.

XIX ғасырдың орта тұсында Қоқан ханы Ташкент қаласын билеуді сарттан шыққан Мырза-Ахметке сеніп тапсырады. Оңтүстік қазақтарының билігін де түгелдей қолына алған құшбегі алым-салық мөлшерін үсті-үстіне көбейте берді. Қарыздарын уақтылы өтей алмаған қараша халыққа қатыгездік жасады. Кепілдікке балалары мен бойжеткен қыздарын алып, оларды құлдықта ұстайды. Үйленбеген бозбала мен тұрмыс құрмаған қыздарға салық салады. Әуселесі асқан әкім Шымкент пен Меркіге барған сапарларында халықты қойнына қыз әкеліп салуға мәжбүрлейді.

Мұндай зорлыққа шыдай алмай намысқа мінген қазақтар арасында туған наразылық өрши келе, 1858 жылы үлкен толқуға ұласады. Көтерілістің алғашқы шыққан ошағы – Әулиеата. Топ басында Төле бидің немересі Момбек батыр, Кенесары ханның ту ұстаушысы Бұқарбай батыр, Тайшыбек, Керім, Байсейіт батырбасылар жүрді. Наразы халық салық жинаушыларды соққыға жығады. Ашуы терісіне сыймаған Ташкент құшбегі Мырза Ахмет көтерілісті жөргегінде аяусыз жазалап, басып-жаншу үшін Әулиеатаға қол бастап келеді. Алайда, әбден ашынған халықтың тегеурінді қарсылығына ұшыраған құшбегі амалсыздан шегініп, ақыры қашып құтылады. Әуелі Әулиеата қаласынан басталған дүмпу жаңғырығы Қоқан хандығы бодандығындағы бүткіл Оңтүстікті шарпыды. Түркстандықтар Ташкент құшбегісінің інісі – Мырза биді ұстап алып, өлтіреді. Барлық жерде қарсылық туды.

Таластың төменгі ағысындағы Ысты-ойықтарды бастап келген Бұғыбай батырдың тобында жаужүрек Шақантай да жүрді. Нағыз орда бұзар отыз жаста. Ол қоқандық ләшкерлермен жекпе-жек шығып, талайын жер жастандырды. Осы ұрыста көрсеткен ерлігі үшін халық оған «батыр» атағын берді. Бұл атақ тектен-текке беріле салмайды. Ол үшін қан майданда тайсалмай, дұшпанның батырымен жекпе-жек шайқаста жеңіске жетуі шарт. Осы соғыста көзге түскен жас жігіттің қайратына риза болған даңқты Бұқарбай батыр:

– Бабаң Есей ерлігімен, шешендігімен көзге түскен еді. Енді, міне, сен батыр атандың! – деп, батасын берген екен.

Осы соғыста ерекшеленген жас жігітке қазақтар алғысын айтса, жүрегіне қан қатқан қарсыластары іштей өшігіп, тісін қайрап кетті.

Бір өкініштісі – қазақтар осы шайқаста қол жеткен жетістіктерін баянды ете алмады. Ақырына дейін айқасу орнына жалпақшешейлік танытты, қолда тұрған жеңістен айырылып қалды. Қоқан ханы Құдиярханнан Ташкент құшбегі Мырза-Ахметті жазалап, орнына Мырза-Ниязды

кою талабымен шектелді. Елдің басын біріктіретін көреген көсем, дана көшбасшы табылмады.

Әулиеатадағы айқаста жекпе-жекте Шақантайдан жеңіліп, шаң қапқан Қоқан қолы жүздігінің басшысы оған деген барлық ашу-ызасын кеудесінде сақтап кетеді. Арадағы дау-дамай біршама басылып, оқиғаның қызуы басыла кек қайтаруға бекінеді. Жорыққа шықпас бұрын елге жансыздарын жіберіп жан-жақты мәлімет жинайды. Жазда Көсегенің көк жонын мекендеген ел бір-біріне жақын, тығыз отырады. Сондықтан шабуылды күзге қалдырады. Тау етегіндегі дала төсінде суат сирек кезігеді. Сондықтан мал жайын күйттеген шаруа бір-бірінен шалғай қоныстанады.

Сол қарсаңда жоқ іздеген жолаушы кейпіне енген қоқандықтардың бір адамы Шақантайдың күздеудегі ауылына барады. Жер жағдайымен танысып, ондағы адам санын есепке алады. Төңірегіндегі жұрттың отырған жерлерін бағдарлайды. Ақкіс дұшпан ауылға қай тұстан келіп, қай уақытта шабуыл жасау сияқты майда-шүйденің бәрін мұқият жіпке тізеді. Осылайша жан-жақты дайындалған торуылшы топ 1858 жылдың қазан айында жолға шықты. Діттеген жерге адам көзіне түспес үшін түнде, жыра-жыра, таса-тасамен жылжыды.

Әбден тас түйін дайындалған жау Ақкөл көлінің батыс бетіндегі өздерінің әдеттегі күздеуіндегі бейбіт ауылға тұтқиылдан шабуыл жасайды. Баяғы Шақантаймен бірге шайқасқан қандыкөйлек жолдастары қасында жоқ, әрқайсысы өз қоныстарына тарап кеткен. Ауылда қалған аз адам қапелімде шабуылдаған жауға үстеріндегі желбегей киімдерімен кермедегі қолдарына іліккен аттарына міне сала қарсы шықты. Сауыт-сайманы мен бес қаруы сай жау оларды бірден тықсырып тастады.

Қаһарына мінген қарулы Шақантай батыр жаудың біразын аттан түсіріп үлгереді. Шоқпармен қарсыласының бетін қайтарып жүр. Келгенін-келгенше қағып түсіруде. Қоқанның жүзбасы ұрысқа араласпай тек сырттан бақылап тұрды. Бетпе-бет келуден жүрегі тайсақтайды. Ішкі зымиян

ойы – ту сыртынан шабуыл жасау. Оңтайлы сәтті күткен ол Шақантай келесі жауымен жүзбе-жүз келе бергенде, ұрымтал өкпе тұсынан келіп қосылды. Шауып келген бетте найзасын кеудеге бағыттап түйреді. Бар назарын алдындағы адамға аударған Шақантай қапелімде сыртынан келген жауды аңғармай қалды. Егер, сәл ертерек көзі шалғанда қаруын шоқпармен қағып түсірер еді. Өттең, қапыда қалды!

Әдетте, найзасын жауына қадағанда, оның бір ұшын ердің алдыңғы қасына тіреп, қарсыласын сол екпінмен жоғары көтеріп лақтырып жіберетін әдісі бар екен. Алайда Шақантайдың кеудесіне кірген найза насат денелі батырдың салмағын көтере алмай орта тұстан порт сынады. Бұл кезде өзінің көптен бері ойлаған жымысқы әрекетіне қол жеткізген қарсыласы қасынан ағып өте шықты. Жарақат алған батыр аттан түспестен шайқасын жалғастыра берді.

Бұл кезде Шақантайдың немере інісі Едігенің келіншегі бағанадан бері есіктен сығалап, ұрыс барысын қадағалап тұрған. Кенеттен басына бір ой сап ете қалды. Күбиде пісілген айранды ағаш тостағанға құя салып, далаға жүгіре шықты. Айналадағы ұрыс қызған. Қолында сусыны бар әйелді көрген жау шерігінің бірі үйдің тұсынан өте бере, атының тізгінін бұрып келіншектің қасына тоқтай қалды. Әбден қаны кеуіп шөлдеген екен, қомағайлана жұтып жатыр, жұтып жатыр. Дем сәтте тостағанды басына көтерді. Сұйық айранды құмыға сімірді. Тапқыр келіншек қайыра үйге кіріп ыдысын қайта толтырып шықты. Осы сәтте әбден қаталаған жау жасағынан бірнеше адам шайқасты доғара салып, үй қасына үймеледі. Мына жауынгерлердің неге топталып тұрғанын білмек болған Қоқанның батыры осында шауып келгенде, айран ішіп жатқан шеріктерін көріп:

– Өттеген-ай, ақ ішіп қойыпсыңдар ғой. Ақтың жолы ауыр. Енді кері қайттық, жігіттер! – деп, аттың басын кейін бұрған екен. Қоқанның әскерінің құрамында көне түріктің мың және қыпшақ тайпаларымен бірге қырғыздар да бар-

ды. Әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі ұқсас бауыр халық ата жолынан аса алмай діңкесі құрыды. Соған қарамастан өшіккен дұшпан ауылдың ұзын аяқты ірі малын алдына салып айдап кетті («Содан кейін бұл әулеттің ұрпағы кедейшіліктен арылмай өтті», – дейтін бұрынғылар).

Жау кетісімен жараланған Шақантайды ағайындары абайлап аттан түсіреді. Сол орнынан қозғалтпастан жақын маңдағы киіз үйдің бірін жан жағынан қаумалап көтерген күйі үстіне әкеліп қоя салады. Ортаға үш пұтты темір ошақ әкелініп, үстіне қазан қойылады. Едігенің келіншегі астына от жағып, су ысыта бастайды. Қазандағы су қызған кезде келін таза матамен жарақаттың айналасын жуып, қанын тазалай бастайды. Найза оң жақтағы өкпе тұстан кірген екен. Оның сынған бөлігін жігіттердің ешқайсысы тартып шығара алмай жатыр. Келте найзаның екі басы да жыбылысқы қанға малшынғандықтан тайғанақтап, қолда тұрмай қайта-қайта сырғи береді. Сонда Шақантай інісінің әйеліне қарап:

– Келін, өзің болмасаң, мыналардан қайран жоқ. Тез суырып ал! – дейді. Жас келіншек етпеттей жатқан қайнағасының үстіне төніп, қолына бөз шүберек орап, найзаның темір ұшынан сығымдап, әрлі-берлі тартып көреді. Шығатын түрі жоқ. Осы кезде қиналып жатқан батыр:

– Арқама аяғыңды қоймасаң күш алмайсың, – деп, ақыл қосады.

Мұны естіген келін шошып кетті. Қазақ салтында қарағайдай қайнағасы тұрғай, еркек кіндікті адамға төмен етек әйелдің аяқ түгіл қолын тигізуі күнә. Келіннің көңіл күйін көрмесе де ұғып жатқан батыр:

– Құдай өзі кешірсін. Менен рұқсат, – дейді.

Оң аяғының табанын арқасына тіреген қарулы келін әзер дегенде найза сынығын суырып алады. Сол төңіректе жүрген батырдың серіктері найзаның темір басын бөлектейді.

Сол кезде батыр:

– Найзаның сабын отқа ұстап, орнына қайта сал, қарағым! – деп бұйырады. Қайнағасының сөзін қалт жібермей тыңдаған келіншек сынған келтектің үшкір ұшын доғалданғанша от жалынына айналдыра ұстап, дене күйер-күйместей қызған кезде жарақат орнына сұғып алады. Одан кейін найзаның кіріп-шыққан орнының екі жағына киіз күйдіріп басады. Сәлден соң сәтін салып қан да тыйылады. Бәлкім, іштегі жара төңірегіндегі майда қан тамырлары ұштары ыстықтан жиырылып бітелсе керек...

Шақантай сол алған жарақатынан айыға алмай, үш-төрт айдан соң құм ішіндегі қыстауында дүние салады. Сол құдықтың аты әлі күнге Шақантай аталады. Ал есіл ердің қаны тұңғыш тамып, жарасы жуылған жер біраз уақыт «Шақантайдың жуғысы» аталып жүреді де, бара-бара сол өңір батырдың есімін алады. Әлгі төбеден басталатын бұлақ та сол атты иемденеді. Бір қызығы күншығысқа қарай бет алған бастау кенеттен батырын жоқтап, қабырғасы қайысқан халықтың қайғысына шыдай алмағандай кенеттен жер астына сіңіп кетеді де, қозыкөш жерден жоғары көтеріледі. Ел азаттығы үшін күрескен батырдың есімі осылайша құрметтеліп, ел жадында қалды.

Батырдың аруағын қадір тұтқан ұрпақтары қиналған сәтте аталарының қаны тамған жерге барып, мінәжат етіп тұрған. Бірте-бірте жалғыз перзентке зар болған жұбайлар осында түнеп, ол кісінің аруағына сыйынып, құдайдан бала тілейді. Іле-шала олардың зары Алланың құлағына шалынып, өмірге сәби келеді екен. Ел арасында шешек, сүзек сияқты жұқпалы дерт жайлаған кезде де ауруына ем іздеген жұрт батырдың жуғысына келіп шипа тапқан. Осында түней жатып, бұлағының суына шомылған.

Сол сияқты мал ішінде күл сияқты індет аурулары таралғанда, жергілікті халық отар-отар қойды сол жерге айдап апарып, баба аруағына сыйынған. Бір кереметі – батырдың қаны төгілген қасиетті жерге түнеп шыққан малға келген жұқпалы ауру сап тиылған.

Мен бұл әңгімені 1888 жылы дүниеге келген Шақантайдың немере інісі Едігенің баласы Қойшыбайдың

әйелі Тұрсынай әжемнен естіген едім. Ол кісінің құлағына болған оқиғаны құйған енесі екен. «Алып анадан туады» демекші, әлгі шешеден туған Қойшыбай еңсегей бойлы ұзын, өң-түсі сарғыш кісі болыпты. Ойық елінде өзімен аттас ара ағайын кісі болғандықтан, екеуін ажырату үшін «Сары Қойшыбай» атап кетіпті. Ал аттасын «Қара Қойшыбай» дейді екен. Ол – Талас пен Әулиеата өңіріне аты таныс ағайынды кәсіпкер Ақылбек пен Ақынбек Бектаевтардың атасы.

Қойшыбай ата қарулы болса да, өмір бойы кедейліктің қамытынан арылмаса керек. Біраз уақыт нәпақасын барымта арқылы ажыратқан. Алайда ісі алға баспайды, шаруаның басы құралмайды. Содан кейін Қарақожаға қол беріп, пірәдар болады. Қарақожаның мешітін соғу кезінде басы-қасында жүргендердің бірі. Дін жолына түседі. Негізгі кәсібі – Әулиеата, Ташкент қалаларына мал апарып сату. Ол кезде екінің бірі шаһарға барып, сауда жасай алмаған. Кедей-кепшік басы артық бірлі-жарым дилы, семіз малдарын осы кәсіппен айналысып жүрген адамдарға тапсырып, пұл жасаған. Оны ең әуелі патша салған салықтарын төлеуге жұмсайды. Қалғанына киім-кешек тігетін кез мата, тағы басқа майда-шүйдеге жаратқан. Осының бәрін Қойшыбай пірәдар тап-тұйнақтай орындап, мал иесінің алғысына бөленеді.

Жиырмасыншы жылдардың ортасы ауа Кеңес өкіметі қожа-молдалармен күресті бастап кетті. Қарақожаның мешіті жабылады. Дін жолын ұстағандар қуғын көріп, жан-жаққа тарай бастайды. Соның бірі – Қойшыбай ата әулеті. Алғашқы бәйбішесі ерте қайтыс болып, одан бір бала қалған. Екінші жарынан тоғыз ұл, екі қыз өмірге келеді. Атамыз қасына жақын туыстары, Шақантай батырдың немерелері Тұрсынбай, Белағаштарды ертіп, Әулиеата маңындағы Қостөбеге қоныс тебеді. Қарақожа мешіті жанындағы мектепте сауат ашқан баласы Шыныбек ауылдық Кеңестің хатшылығына сайланады. Сөйтіп, жетпістен асқан қария бала-шағасының алдында шамада

1930 жылдары дүниеден өтеді. Ол кісіге туған жерден тыс жаныстар мекендеген Қостөбенің топырағы бұйырады.

Артынша әулеттің басына қиын-қыстау күндер туады. Қызмет тізгінін ұстап жүрген Шыныбек бір күнде ауырмай-сырқамай қайтыс болады («Көз тиген» деуші еді жарықтық апаларым). Көп ұзамай енесі үйде жоқта келіншегі кетіп қалады. Араларында бала болмаған сияқты. Оның хабарын анасына жеткізуге Әулиеатаға кеткен тоғыз-он жастағы қызы Дүрия да із-түзсіз жоғалады. Іле-шала 1931-1932-нің аштығы басталып кетеді. Атамыздың артында қалған он ұл мен екі қыздан кейінгі жары Тұрсынайдан туған тұңғышы Рысалды ғана аман қалады.

Шақантай батырдың үлкен немересі Тұрсынбай сол Қостөбеде жайласты. Анда-санда Ақкөлдегі біздің үйге келіп тұратын. Орта бойлы, арық, шоқша сұйық сақалы бар ақсары, қатпа кісі еді. Соңғы бір соққанда Рысалды апам түйе жүнінен өзі тоқып, қолдан тіккен шекпен кигізіп жіберген. Соның артынша «қайтыс болды» деген суық хабар жетті. Бұл – шамада 1956-57 жылдардың ақпан айы. Менің үйге коньки теуіп келгенім есімде. Артынша шешемнің төркінімен арадағы қатынасы біржолата үзілді.

Осыдан төрт-бес жыл бұрын Шақантай батырдың ұрпақтары тұратын Қостөбе ауылына барып қайттым. Ауылдағы бір көше Тұрсынбайұлы Оразғалидың атында екен. Ауған соғысына қатысқан өрен, қапыда қаза тапқан. Жерлестері батыр ұлдарының есімін құрметтеп, оған бір көшенің атын беріпті. Мұнда батыр бабаның үшінші ұлы Қарабастан тараған бес баладан біраз ұрпақ бар болып шықты. Соның бірі – Тоқжігітов Қадыр ұзақ жылдардан бері Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің ұстаздық етеді, профессор.

Қоқандармен қақтығыста мерт болған Шақантай батыр туралы кішкене кезімнен жадыда сарымайдай сақтап жүрген жайларды ортаға салып отырмын. Бұл күнде өзінен тараған ұрпақтары болмаса ол кісі жайлы білетін көне көз қалмаған. Ыстылар шежіресінде: «Шақантай батыр жоңғар соғысына қатысқан» деген қысқа жолдар бар. Бұл –

шикілеу, дәлелсіз дәйек. Өткен ғасырда өмір сүрген аталарымыздан естіген батыр баба жайлы еміс-еміс деректің болар-болмас ұштығы сияқты. Әдетте, қазақ батыр біткеннің бәрін жоңғар соғысымен байланыстыруға бейім. Ешқашан ақиқаттан аттап кетпеу ләзім. Көтермелеп қолдан батыр жасаудың қажеті жоқ. Есей батырдың сегізінші ұрпағын сонау Жоңғар соғысы заманына апару – ата аруағына жасалған қиянат.

Біздің көп жылғы зерттеуіміз бойынша, Шақантай батыр шамада XIX ғасырдың 30-шы жылдарында дүниеге келіп, 1858-1959 жылдың қыс айларының бірінде өмірден озған. Қазақ халқы үшін Қоқан ханы бодандығы заманы да тарихта қалған қасіретті кезең. Оның маңызы Жоңғар соғысынан бірде-бір кем емес. Сондықтан азаттық жолында арпалысқан батырдың бейнесін еш қоспасыз кейінгі толқын зердесіне жеткізген абзал.

Бүгінде Ақкөл көлінің батыс бетіндегі құбыла жағы ғана ашық иілген таға тәрізді шағын төбе мен сол төңірек түгелдей «Шақантай» аталады. Одан шыққан қайнарды да халық «Шақантай бұлағы» дейді. Елді мекендерден шалғайда жатқандықтан, батыр бабаның рухына тағзым етіп, қаны тамған жерге келіп-кетіп жатқан ел жоқ. Дегенмен, бүгінгі «Шақантай» – төрт түліктің шұрайлы өрісі, суаты әрі жайлы қонысы.

Шақантай бабамыздың Қоқан ханының өшіккен шеріктері қолынан ауыр жараланып, қаза тапқанына да 160 жыл өтті. Бүгінде қазақ халқы азат елге айналды. Батырдың қаны текке төгілген жоқ, елдің көксеген мақсатына қол жетті. Еңсегей бойлы есіл ердің артында қара шаңырақ пен өзі аттас жер қалды.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» – Ысты Есей батырдың ұрпақтары өзара кеңесе келе Шақантай батырдың қаны тамған жердегі биікке аса бағалы қымбат тас болмаса да (қазіргі адам қасақы, айдалада мал бағып жүргендер-ақ еріккеннен тасты сындырып, шағып тастайды) ескерткіш белгі орнатса құба-құп! Бұрынғыдай батыр баба рухына тағзым ету үшін арнайы ат басын

тірейтін жұрт қарасы көбейер еді. Келген адам саны
жиілеген сайын батырдың тұлғасы асқақтап, есімі кейінгі
толқын жадында мәңгіге жатталмақ.

*Облыстық «Ауыл-Аймақ» газеті.
№22, 2 маусым 2021 ж.*

Жанғара ДӘДЕБАЕВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор

ЕСЕЙ БИДІҢ ӨСИЕТ СӨЗДЕРІ

Өсиет сөз ақиқат білімге негізделеді. Ақиқат білімнің шегі мен шеті болмайды. Ақиқат білімді толық меңгеру мүмкіншілігі адамзат баласында жоқ. Шегі мен шеті жоқ ақиқат білімді толық меңгеру үшін адамзат баласына шегі мен шеті жоқ таным құзіреттілігі, шегі мен шеті жоқ өмір керек болады. Мұндай қасиет жаратушының пенделерінде болмайды. Солай бола тұра адамзат баласының ортасында шегі мен шеті жоқ ақиқат білімді іздеу, табу, тану қабілеті мен құзіреттілігі жетілген және жетіле беретін дара тұлғалар болады. Шегі мен шеті жоқ ақиқат білімді игеруде осындай дара тұлғалар ғана айналасы, қоғамы, ортасы, заманы үшін пайдалы, игілікті білім өндіре алады. Олардың қоғамдық сана саласында өндірген осындай білімі ғана шегі мен шеті жоқ ақиқаттың мазмұн-мәнінің жүйесімен белгілі дәрежеде үндес, сәйкес келуі мүмкін. Өсиет сөздің өзіне тән басты ерекшелігі шегі мен шеті жоқ ақиқат білімнің жүйесімен белгілі дәрежеде үндес, сәйкес айтылуы мен адамдардың өмір сүру үшін пайдалы, қажетті болуында. Адамдардың өмір сүруі үшін пайдалы, қажетті болмаған сөзде қасиет те, өсиет те болмайды.

Уақыт – үздіксіз ағып өтіп жатқан құбылмалы үдеріс. Оны тоқтату, кідірту мүмкін емес. Соған орай бір кезеңде пайдалы, қажетті болған өсиет сөз басқа бір кезеңде пайдалы, қажетті болмауы мүмкін. Есей би өзінің өсиет сөздерінде өз тұсындағы қазақ қоғамының өткен шағы мен осы шағының және келер шағының ақиқатын, азаматтық келбетін, мақсат-мүддесі мен арман-тілегін, адам

баласының бәріне игілікті болатын ізгі рухани құндылықтарды негізге алды.

Адамзат қоғамының қандай кезеңінде де қажетті, пайдалы болатын өсиет сөзді заманынан озған дара тұлғалар ғана айта алған. Есей би Алдамұратұлы – адамзат қоғамының қандай кезеңінде де қажетті, пайдалы болатын игілікті де ізгі мазмұндағы өсиет сөзді айта алған, заманынан озған дара тұлға.

Өсиет сөзді ел жайын, халық қамын ойлау биігіне жеткен, көргені көп, көкейіне түйгені мол, өмірлік тәжірибесі мол, болмыстың көзге көрінбейтін қырлары мен сырларын терең бойлап білген, дәуірінің ұлттық рухани құндылықтарының нәрі мен мәнін ойы мен бойына сіңірген және өзінің таным кеңістігінде байытқан дана тұлғалар айтқан.

Өсиет сөз – тыңдаушысының бойына құт болып, ұлттық құндылық болып сіңетін, оны бақ-құтқа жеткізетін айрықша қуат көзі. Бойына құт болып, ұлттық құндылық болып сіңетін, бақ-құтқа жеткізетін осындай айрықша қуат көзін ұлттың, ұлттық мемлекеттің әр мүшесі өзінің және өзгелердің игілігіне қолдана алатын кемелдікке жеткенде, оның өзі де, өзгелер де, ұлт та, ұлттық мемлекет те бақ-құтқа жетуге лайықты болады. Мұратқа жету деген ұғымның мәнісі осындай сипатта.

Есей Алдамұратұлының өз заманының ақиқат шындығы кеңістігінде ел өмірінің түрлі маңызды құбылыстарына қатысты айтқан өсиет сөздерінің бірқатары ел аузында сақталып, ел ішіндегі көргені көп, білгені мол шежірелі қарттардың насихатымен ұрпақтан ұрпаққа жетті, біздің заманымызға дейін ұмытылғаны да аз болмаса керек.

Есей бидің ел аузында сақталып, ілгеріде хатқа түскен қанатты сөздерін іздеп-табу мен насихаттауда біздің заманымыздың зерттеушілері Нысанбек Төрекұл, Оқас Нақысбек, Мырзатай Жолдасбек сынды ғұламалар әлеуметтік маңызы зор қызмет атқарды. Кейінгі буын өкілдерінің ізденістері мен толғаныстарында, саралаулары мен сараптауларында салмақты, салдарлы ойлар негізделді.

Әсіресе ел ішіндегі көңіл көзі ашық, өткеннің сөзіне зор құрметпен қарайтын қарттардың қолында сақталған жазба дерек көздерінде, олардың өздерінің шежірелі баяндауларының жазбаларында Есей бидің өмірі мен өсиет сөздерінің кейбір маңызды қырлары сақталған. Оларды арнайы жинап, жинақтаудың, талдап-таразылаудың тарихи мәні бар.

Біздің қолымызда Есей би айтқан деген өсиет сөздердің жүзден астам үлгісі бар. Олар бізге түрлі дерек көздері арқылы жетті. Мысалы Есей бидің:

Өсиетке терең бол,
Өсек сөзге керең бол! –

деген сөзі түрлі дерек көздерінде сақталып, түрлі басылымдарда жарияланды. Осындағы *өсиет* ұғымын халық Есей бидің заманында өмірлік маңызы ерекше зор рухани құндылық деп білген.

Өсиет сөз ел мүддесін ойлаудан туған. *Өсиет* – жасы үлкен, парасатты, ақылды, болмыстың көрінбейтін қырлары мен ашылмайтын сырларын таныған, өмірлік тәжірибесі бай, көргені көп, білгені мол адамның жалпы жұртқа, өзінен кейінгілерге, жастарға айтатын өмірлік маңызы зор ақыл-кеңесі, ғибрат сөзі. Мұндай сөздердің тобы сөз өнерінде *ғибратнама*, *қанатты сөз*, *даналық сөз* деп те аталады.

Есей бидің өсиет сөздерінің тақырыбы халық өмірінің ең бір маңызды, өмірлік құндылығы өте жоғары ақиқат құбылыстарға негізделеді. Сонымен қатар онда маңызды өмірлік құндылықтар негізінде түйінделген ойдың айрықша ажар-көркі тілдік құралдарының келісті, жарасымды үндесуі арқылы ашады. Бидің өсиет сөзінің ішкі мазмұны мен сыртқы пішінінің тас бұлақтың суындай сылдырлап жарасқан келісімі – айтарлықтай көркемдік-эстетикалық құндылық.

Есей бидің өсиет сөздерінің мәні терең, көп мағыналы. Бидің сөздерінің тууына негіз болған өмірдің

шындық құбылыстары нақты, затты болғанына қарамастан, олардың мағынасы түрлі жағдайларға байланысты өзгеріп, жаңа мағынада түрленіп отырады. Бидің сөзін тыңдаушы, оқушы тұлғалардың әрқайсысы өзі көріп білген, пайымдап ұққан өмірлік тәжірибесіне байланысты өз танымының деңгейінде түсінеді. Осы реттен келгенде, Есей бидің өсиет сөздері мағынасының байлығымен және тереңдігімен ерекшеленеді. Бидің өсиет сөздерінің мұндай көп мағыналылығы мен мағыналық тереңдігі оның сөздерінің астарлы, тура мағынасымен қатар келтірінді, сөздің мәтінінен тыс тұрған бейнелі мағынасының өрісінде айқындалады. Сол себепті мұндай сөздердің тұрмыс-тіршілік кеңістігіндегі философиялық мәні мейлінше қуатты болып келеді.

Есей би заманында өсиет сөздің, ғибратнаманың танымдық, тағылымдық, тәрбиелік мәні өте зор болды. Елдің жайын ойлаған ел қамқоры, би елдің мүддесін, елдің ынтымағы мен бірлігін әділетті ісімен, әділетті билігімен, әділетке негізделген өсиет сөзімен, ғибратымен қорғаған. Алдындағылардың ғибратын алған, өсиетін ұққан жас ұрпақ аға буынның дәстүрін жалғастырып, ата-бабаның ардақ тұтқан құндылықтарын өздері де ардақ тұтып, өздерінен кейінгілерге аманат етіп тапсырып отырған. Есей бидің өсиет сөздерінің мәнін, әлеуметтік маңызын осы тұрғыдан танып, таразылаған дұрыс. Бидің: «Өсиетке терең бол», – деген ғибратының даналақ мәйегін де осындай таным кеңістігінде қабылдау керек.

Есей бидің өсиет сөздері өз тұсындағы ел-жұрт үшін тіршілік философиясына негізделген әдет заңының бабындай әсер етті. Мысалы бидің: «Саудагердің сөзін алма, бөзін ал!» – деген сөзі күнделікті тұрмыс жағдайына байланысты қалжың сөз сияқты айтылғандай болуы ғажап емес. Бидің сөзін жеңіл қабылдауға болмайды. Бидің сөзін осы айтылған қалпында тура түсіну керек және бидің айтқанын бұлжытпай орындау шарт. Бидің сөзін орындамай, *саудагердің сөзін* алған тұтынушы алданады, ұтылады, саудагерге жем болады.

Есей би өсиет сөздерінің бірінде:

Аузыңа харам салғаннан аштан қатқан жақсы, – дейді. Бұл сөздің күші де әдет заңының күшіндей зор. Бидің талабы үлкен. Қатал, қатты. Бірақ онда терең мән бар. Аштан қатпау үшін адамның не істеуі керек? Бұған жауап табу аса қиын емес: аштан қатпау үшін адам еңбек етуі керек. Еңбек еткен адам аштан өлмейді. Еңбек етпей, қарны ашқан адамның аштан өлмеу үшін аузына арам ас алуы – аштан қатқаннан жаман. Адам баласы адал еңбегімен тапқан адал асымен жан сақтауы қажет. Бидің өсиет сөзінің тереңдегі мәнісі осындай.

Баукеспе ұры ұрлық жасағаны үшін өкінбейді,
Тұтылып қалғаны үшін өкінеді, –

деген сөзде де үлкен шындық бар. «Баукеспе ұры» деп ұрлықты кәсіп етіп, сол кәсібінің асқан майталманы болып қалыптасқан, ұрлық жасаудан пайда тауып қана қоймай, одан рақат тауып дағдыланған жанды атаса болады. Оны алған бетінен қайтару, ұрлықтан тыю, адал жолға түсіру мүмкін емес. Сондықтан да ол ұрлық жасағаны үшін өкінбейді, ұрлық жасап жатқанда тұтылып қалғанына өкінеді. Би өзінің даналық сөзімен ел-жұртты баукеспе ұрыдан сақтандырып, ұрлық түбі қорлық екені туралы халық даналығын жаңғыртып, танымдық маңызы зор тағылым ұсынады.

Есей бидің:

«Ұры мен қарыға би болғаннан әділетке құл болған артық», – деген сөзінде терең мағына бар. «Ұры мен қарыға би болу» – Есей би заманында болмаған, әдет-ғұрыпта, салт-дәстүрде жоқ нәрсе. Солай десек те бидің осы сөзінде жоққа шығаруға болмайтын әлдеқандай бір ұғымның ақиқатпен астасып жатқан мәні бар. Ол мән бидің ұры мен қарыға қатысты билік шешімінің сипаты негізінде айқындалады. Әрине, ұры мен қарының өздері сайлап алған биі болмайды, бірақ олардың қылмысты істерін қарап, билік шешім жасайтын бидің әрекетінде әділеттен

тайғандай бір қолайсыз қылық болуы ғажап емес. Олай болғанда, би ұрының ұрлығын, қарының қарлығын көрмеген, таппаған сыңай танытып, соған орай билік шешімін шығарады. «Ұры мен қарыға би болу» ұғымын осы тұрғыдан қабылдауға тура келеді. Ұры мен қарыға би болудан әділетке құл болудың артықшылығы туралы сөздің мәнісін де осы тұрғыдан қабылдау дұрыс.

Би мен билік Есей бидің танымында мемлекеттің маңызы бар барша құбылыстардың асыл өзегі қызметін атқарады. Бұл қызметтің көп қырын би мынадай сөздерімен ашады: «Әділ бидің бір ғана дұшпаны бар. Ол – әділетсіздік»; «Әділ билікке адал, арлы би жетеді»; «Елдің ынтымағын бидің әділеттілігі нығайтады». Бидің ұғымында әділетті билік елдің ынтымағы мен бірлігін нығайтады. Ал елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюы – бүкілхалықтық, мемлекеттік маңызы бар құндылық. Онсыз елдің – ел, халықтың халық болып мемлекет құруы, мемлекеттің тәуелсіздігін сақтауы қиын.

Өсер елдің арманы көп,
Өшер елдің жанжалы көп, –

деген қанатты сөзінде де бидің ел болашағын болжаудан туған, өзегінде өсиет тұнған даналық ойының жарығы бар. Ойдың өмірлік маңызы анық та айқын, ұғымды да түсінікті. Сондай өмірлік маңызы зор ойдың көрнекті де өрнекті көркемдік бейнелеу құралдарымен айшықты өрілуі Есей би өсиетінің маңызы мен ажарының тұтасқан келісіміне жеткізген.

Есей би өзінің өсиет сөзін арнаған қоғам мүшелеріне, елдің үлкендері мен кішілеріне, қоғамның өзіне айрықша маңызды құндылық ретінде қарады. Бидің қоғамына, қоғамының адамдарына арнаған өсиет сөздерінің мазмұны осы құндылықты байыту, нығайту сияқты азаматтық мақсатпен түзілген.

Есей би қазақ халқының ұлт болып ұйысуына, ұлттық мемлекет болып қалыптасуы мен нығаюына қызмет ететін,

сыртқы жауларының шапқыншылығына қарсы тұра алатын, тәуелсіздігін қорғай алатын, сақтай алатын рухани қуат көзін ашуға зор үлес қосты.

2024 жыл.

Сәмен ҚҰЛБАРАҚ,
филология ғылымдарының докторы,
Дулати университетінің профессоры

ТӨЛЕ БИ МЕН ЕСЕЙ БИ

Халық әдебиетінің тарихилық сипатының бір ерекшелігі – заман, орта шындығы мен оған қатысушы тарихи тұлға туралы мәліметті көркем мәтіннің өз ішінде жеткізіліп отырылуы дер едік. Бұл ел әдебиетінің тарихи деректі сақтауының бір жолы болса керек. Төле би мен Есейхан бидің замандас болғаны, Ұлы жүздің төбе биі Төленің оны жоғары бағалап, қадір тұтқаны оларға қатысты шешендік сөз үлгілерінде айқын көрініс тапқан. Мәліметтер жалаң хабарламамен шектелмейді, кей ретте толық сипаттамалық мінездемеге ұласады. Ал тарихи тұлғаға замандас көзімен мінездеме беріп, оның басты ерекшелігі мен артықшылығын бағалау қазіргі уақыт үшін маңызды дерек көзі болып табылады. Міне, осы ретте Төле бидің Есейхан биге көпшілік алдында берген бағасы – тарихи тұлғаны танудың, оның кім болғаны жөніндегі бірден-бір дерек көзі саналады.

Ташкенде Есейді өзбекке күйеу санап, бір жағы сынап «Есей қандай адам?» деген сұраққа Төле бидің табан астында қайтарған жауабы былай өріліпті:

Есей, ат сүрінгенше амал табады,
Қас қағым сәтте қайрат көрсетеді.
Есей би, жанып тұрған жалын ғой,
Жалпы өзбекке мәлім ғой, – депті.

Төле бидің осы бір ауыз сөзінен көп шындық танылып тұрғандай. Оның жылдам шешім қабылдайтындығы, қайраткерлігі мен қайраттылығы танылады. «Жанып тұрған жалын ғой» деуі елі, халқы жолында еш нәрседен тайынбайтындығын, шектен тыс батылдығын, қамқорлығын анықтаса керек. Мұны атақты Төле бекерге айтып отырған жоқ. Жоңғар қалмақтарымен қырқысқан жаугершілік заман. Ел ішінің талай дүрбелеңге түсіп жатқан кезі. Кімнің кім екендігі анық көрінетін шақ. Ел аузындағы әңгімелерде Есейханның есеңгіреп сергелдеңге түскен көшпелі жұртқа орталықтағы әкімдерге айта отырып, жер бөлгізіп бергені, көшпелі жұртты тұрақтандырып, отырықшылыққа бағыттағаны айтылады. Бұл бір жағынан елге қамқорлығының көрінісі болса, екіншіден, абырой-атақ белгісінің зор болғандығының белгісі. Сондықтан да Төле бидің ойын былай деп жалғастыруы да шындыққа сыйымды деп білеміз.

Есей әрі батырым, әрі ақылым,
Елдің сүйеніші – Есей;
Ешкімге есесін жібермейтін,
Халықтың тіреніші – Есей;
Сөзге шешен ақыным.
Жауды бүлдіретін де – Есей;
Жауға алдырмайтын,
Дауды тындыратын да – Есей,
Жанашыр жақыным, –

деп, Төле би ағытыла жөнелгенде, көпшілік таңырқай бас шайқасқан екен дейді. Бұл мінездеме толғау алғашқы мінездемемен ұштасып, дамытылып жатыр. Шындыққа суарылып, жүректің терең түкпірінен атойлап шыққан төкпе сөз Төле бидің шешендік өнердің ең биік сатысына көтерілген дара тұлғасын ғана көрсетпейді, Есейханға

деген шын құрметін білдіреді. Шешендік толғауында оның есімін нақтылап, еселеп айтып, «елдің сүйеніші», «халықтың тіреніші» деуі – Есейханға берілген шын баға. Ал Есейханның шын тарихи тұлғасын, елге сіңірген еңбегін түсінуде бұдан артық өлшем жоқ деп білеміз. Өкінішке орай, Есейхан тарихи тұлға ретінде тарихтағы орнын әлі алған жоқ. Оның себебі – тарихи деректер мен мәліметтердің жеткіліксіздігі. Бәлкім, ескі жазбалардан ол жөніндегі деректер әлі де табылып қалатын болар.

Шешендік толғауларда Төле би мен Есейханның қатар жүргендігі айтылады. Қазығұрт тауының баурайында өткен ас-тойдан Түркістанға қайтып келе жатқан Төле би, Есейхан би бастаған бір топ игі жақсылар жолда Қарабас өзенінің бойындағы сазда бие байлап отырған Досай би ауылына ат басын бұрады. Аталас, ағайын би, болыстар бірер күн қона жатып, ел жағдайынан біраз әңгіменің басын қайырады. Ел арасындағы кикілжің жанжал, кейбір бозбалалардың жағымсыз мінездерін естігенде, Төле би былайша термелепті дейді:

Арғымақ баптап не керек,
Жабы қуып жеткен соң.
Ағайын-туған не керек,
Андысып күні өткен соң.
Бес күн жалған өтеді,
Ажал қуып жеткен соң.
Бір төбенің басына,
Тыға салып кеткен соң.
«Сөйле, Төле» дейсіздер,
Жастар барма тыңдайтын?
Бұрынғыдай жұрт қайда,
Айтатын оны біз қайда?..

Қай кезеңнің де өз мәселесі болғанға ұқсайды. Елдің жайын толғаған Төле бидің бұл сөзді айтуында оның қасында елдің игі жақсыларымен бірге Есейханның болуы

— оның қазақ қоғамындағы орнын түсінуде маңызды. Жалпы, Төле бидің толғауында Есейханды іні-кіші тұту байқалмайды. Оны қатарласы, замандасы тұрғысынан тең тұтып сөйлейді. Оның қазақ қоғамындағы тарихи орнын жоғары бағалайды.

Есейханның ақыл-қайраты қандай еді дегенге, ел аузынан жиналған Есейхан айтыпты деген нақыл сөздерден жауап табатын сияқтымыз.

Өсиетке терең бол,
Өсек сөзге керең бол.

Кедеймін деп налынба,
Арыңды сатып жалынба.

Жалақор өз жазасын өзі табады.

Бұл атаңнан қалған арық,
Егін ек те бол қарық.

Атаңның ботасын алма, батасын ал,
Бота өліп қалады, батадан бағың жанады.

Ит жақсыны да, жаманды да қабады,
Жалақор өз жазығын өзі табады.

Ағайынмен жауласпа, басың азаяды,
Көршіңмен дауласпа, асың азаяды.

Етегіңді түріп, елге жет,
Теріңді төгіп, еңбек ет.

Мақал-мәтелге айналған нақыл сөздерден өз заманының өзекті жайлары мен адамдық құндылық мәселелері аңғарылады. Мұнда ағайын арасындағы татулық, аянбай еңбек ету, егін салу жайы айтылған. Есейхан биді өз заманының прогрессивті адамы ретінде бағалауға болады.

Егіншілікпен айналысып, отырықшы болудың артықшылығын жұртқа насихаттаған. Адамның қоғамдағы орнын бағалай білген. «Кедеймін деп налынба, Арыңды сатып жалынба» деуі – өз заманының озық ой-толғамы. Ар-намыс мәселесі адамдықтың бірінші шарты екендігін баса айтады. Есейхан бидің көзқарасында, ар-намысты жоғалту адамдық құнынан айырылумен бірдей. Ондай адам – парықсыз, құнсыз пенде. Дүниетанымы мен көзқарасында осындай қағидатты ұстанған Есейханның өз заманында қандай тұлға болғанын байқауға болады. Өйткені Төле би мен Есейханның заманында сөздің құны жоғары болған. Бір ауыз сөзбен бір елдің тағдыры шешіліп жатқан. Ендеше өз заманының данагөйі Төле бидің Есімханға берген бағасы сөз бен істің айқын бірлігінің белгісі – Есейханның шын тұлғасының көрінісі болатын.

Дереккөзі: «Есейхан Алдамұратұлы және ұлттық құндылықтардың танымдық мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 11 қараша 2024 жыл. – Тараз: Dumaty university, 2024.

**Жандос Смағұл,
Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы**

ТАРИХИ ТҰЛҒАҒА ТАҒЫМ

Халқымыз ғасырлар бойы азаттық үшін болған күрестерінің нәтижесі ретінде тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бергі уақытта ұлт тарихын жаңаша таразылау бағытында тың ізденістер жасалып жатыр. Өзін қазақпын деп санайтын әр азамат ұлтының, ата-бабасының тарихи тамырларын білу жолында ерекше құлшыныспен зертеп-зерделеу жұмыстарын жасауда. Сондай жаңашыл сипаттағы тағылымы мен танымы мол ізденістің бірі деп қол бастаған батыр, ел басқарған би-шешен, тарихи тұлға Есейхан Алдымұратұлы тұлғасына арналған осы ғылыми конференция деуге толығымен болады.

Қазақ әдебиеттану ғылымының Абызы Т. Кәкішұлының «жоқтамасаң, іздемесең алтын да жарқырамайды» деген сөзі бар. Ол тарихи тұлғаларымызды бүгінгі таңдағы өскелең талап-тілектер тұрғысынан саралау және бағалау мәселесіне келіп тіреледі. Дәл осы тұрғысынан алып қарасақ, тәуелсіздік дәуірінен бергі уақытта ұлттық гуманитарлық ғылымдар, оның ішінде тарих ғылымы өз қалыптасу тарихында тоталитарлық дәуір мүмкіндік бермегендіктен «ақтандақ» болып қалған келелі мәселелерді шешуге ұмтылуда.

Халық жадында ұмытылмастай орын алған тарихи тұлға Есейхан Алдымұратұлы туралы аңыз-әпсаналар мен естеліктер, қалдырған шешендік-билік сөздері ұрпақтан-

ұрпаққа сақталып келген болса, азды-көпті зерттеу мақалалардың өзегіне айналған болса, неге ұлықтамасқа, неге бір жүйеге келтіріп нақты тұжырым жасамасқа!?

Біртуар ғалым Ш. Уәлиханов «аңыз тарих емес, бірақ негізінде шындық жатады» деген болатын. Расында да кез келген аңыз-эпсана тарихи тұрғыда алғанда шындыққа жақын. Есейхандай тарихи тұлға туралы әдеби мұраларға осы тұрғыдан қараған дұрыс болмақ.

Есейхан секілді айтулы тұлғалар туралы айтқанда бір ғана «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» атанған алақұйын заманда жасаған ел қамқоры бола білген ақылгөй даналығын ешкім жоққа шығара алмас. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл-сұлама» оқиғасы 1723-29 жылдары өтті. «1723 жылы көктемде Жоңғар шапқыншылары қазақтың оңтүстік-шығыс аудандарына басып кіріп, Талас өзенінің алқабына дейін жетті» (Қазақстан. Ұлттық энциклопедия, 1 том). Қазіргі Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарының жері жау аяғының астында қалды. Ал босқынға ұшыраған ел жан сақтау үшін Бетпақдала арқылы жер ауды. «Босқан халықтың жағдай тым ауыр болды. Жұрт жолшыбай шөптің тамырын, жаужұмыр, алғыр, қозықұйрық, қайыңның қабығын жеп күнелтті. Әйелдер, балалар мен қарттар ауыр жолдың азабына шыдай алмай, аштан қырылды». Ш. Уәлихановтың жазуы бойынша, бұл қазақ халқының өміріндегі ауыр кезең болды. Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық казак-орыстары, башқұрттар тұс-тұстан қазақ ұлыстарын талқандады, малын айдап әкетті, құл-күндікке тұтқындады, ел қыстың суығы мен жұт, аштықтан күйзеліске түсті» (Сонда, 220 бет). Енді болмағанда ұлт ретінде жойылудың қауіп-қатері нақты төнген кезең орнады. Ел басқарған хан-сұлтандар, билік жүргізген би-шешендер, атақты батырлар, ру басы болған ақылгөй қариялар болмағанда бұл тарихи сынақтан аман шығу мүмкін емес еді.

Сөзімізге дәлелге Абыз Төле би айтыпты деген мына аңыздық дерекке жүгінелік. «Сол алмағайып заманда ел иесіз қалып, тоз-тоз болып, тарыдай шашылып кеткен ғой.

Билер кеңесіп босқан халықтың басын құрауға, оларды ата қонысына қайтаруға бәтуаласады. «Осы үлкен шаруаны кімге жүктеуді ойласқанда билердің ішіндегі беделді біреуі Төле биден:

«...Бұл шаруаға Есейханнан ыңғайлысы жоқ. Батырлығы мен шешендігі қырғыз, қазақ, өзбекке бірдей мәшһүр» – деген баға алу екінің біріне бұйырмаған атақ.

«Есейхан қандай адам? Шешен болсаңыз, ойланбай жауап беріңізші», – дейді ол.

Сонда Төле би:

– Есейхан ат сүрінгенше амал табады. Қас қағым сәтте қайрат көрсетеді. Есейхан би жанып тұрған жалын ғой, жалпы өзбекке мәлім ғой, – депті.

Бай:

– Есейхан сіздің кіміңіз болады? – депті.

Төле би:

– Есейхан – әрі батырым, әрі ақылшым. Сөзге шешен ақынım. Ешкімге есесін жібермейтін, Есейхан көзсіз батырым, – дейді.

– Есейхан халықтың кімі? – дегеніне Төле би:

– Елдің сүйеніші – Есейхан, Халықтың тіреніші – Есейхан, Жауды бүлдіретін де Есейхан, дауды тындыратын да Есейхан, – деп сөзді лег-легімен ағылта жөнелгенде отырған жұрт аң-таң қалады».

Міне, Төле би осылайша жоғары бағалаған тұлға тек бір ғана ру-атаның қадірлісі ғана емес, барша қазақтың қамқоры бола білгенінің айғағы. Себебі халық өз тағдыры мен тарихындағы айтулы тұлғаларды ешқашан да даланың ауызша тарихнамасындағы жадынан шығарған емес. Оған көптеген мысал келтірсек те болады.

Есейхан би айтыпты деген билік шешен сөздер, тапқыр кесімді ділмарлық ойлар шын мәнінде оның сегіз қырлы, бір сырлы деңгейде таныла алғандығынан, ұлы Абай айқандай, толыққан тұлғадағы адам болғаны байқалады. Төле биден жоғарыда айтқандай баға алу деген – екінің біріне бұйырмаған дәреже.

Ендігі ойдың бір өзегі Есейхан Алдамұратұлы туралы танымдық және ғылыми тұжырымдар неге сөз арасында ғана айтылып, жазылып келді деген мәселе турасында.

Кешегі кеңес дәуірінде ұлттық мүддеге тамыр тартатын кез келген ғылыми тұрғыдағы мәселелер еуроцентристік көзқараста бұрмалана түсіндіріліп, әрі-беріден соң қағидаға айналып кете жаздады. Егер Есейхан Алдамұратұлы туралы толыққанды ғылыми салыстырмалық зерттеулер жүргізілмеді десек, оның себебі де осында жатыр. Егемендікке жетіп, ақыл-парасатқа азаттық алғаннан бері шын мәнінде «өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанды». Кеңестік замандағы маркстік-лениндік әдіснаманың принциптеріне сай тыйым салынған кереғар ой-пікірлер ұлт тарихындағы біртуар көрнекті тұлғаларды таныту мен зерттеуде бұлжымас заң дәрежесінде негізделді. Оның әдебиеттің таптығы, халықтығы және партиялығы аталатын әдіснамалық талаптары халқымыздың қаншама ғасырлық тарихын зерделеу жолында ұлттық ғылыми зерттеуге тежеу салып қана қоймай, ұзақ жылдар бойы тарихи тұлғаларымызды танытуды дағдарысқа да ұшыратқаны шындық.

Көркем өнер, әдебиет, тарихи таным идеологиялық құрал ретінде саясаттың қол шоқпарына айналып кеткен сол дәуірде оны зерттеп-зерделейтін тарих ғылымы да тар шеңбердегі құрсаудан шыға алмады. Әсіресе ұлт бостандығы жолында қан кешіп, тер төккен хандарымыз бен батырларымыз, би-шешендеріміз ақиқатын ғылыми тұрғыдан қарастырған зерттеулер, еңбектер де бұдан сау қала қойған жоқ. Ұлттық мүддеге сай жазбайын демеді, жаздырмады. Қызыл империяның қанды қылышына қарсы тұрып, ұлт мүддесі тұрғысынан зерттесе «ұлтшылдықтың» қамытын кигізіп жіберу мен саяси сенімсіздік тудыру сол заманның басты шарттарының бірі болды. Енді тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта ұлт болып ұйысу, халық болып қалыптасу жолында ұзақ тарихымызды жаңаша таразылап, тың тұжырымдармен зерделеп жатырмыз. Соның әсерінен ұлттық тарих ғылымы сол кеңестік дәуірде саясат пен

идеология талап-тілектері негізінде жасаған ғылыми тұжырымдарын қайтадан қарастырып, бар-жоғын түгелдеу жолында тың ізденістер жасап жатыр.

Негізінен алғанда тарихты таразылауға, зерттеуге бару оңай шаруа емес. Император Наполеон: «Біз тарихты жасаймыз, тарихшылар жазады, қалған ел шынайы тарихты тек солардың жазғаны бойынша ғана оқып біледі», – дегенді айтуында үлкен мән бар. Даланың ауызша тарихнамасы мен халық жадында сақталумен қатар, мұрағаттарда шаң басып жатқан тарихи тұлғаларымыздың ғұмырнамасын танып, білуге тереңдей баруға және жан-жақты зерделеуге кең жол ашылуына бастамалар жасалып жатыр.

Дереккөзі: «Есейхан Алдамұратұлы және ұлттық құндылықтардың танымдық мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 11 қараша 2024 жыл. – Тараз: Dumaty university, 2024.

Рақымжан ТҰРЫСБЕК,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы

ЕЛ ЕСІНДЕГІ ЕСЕЙ БИ

Қазақ әдебиетінің тарихында – ақыл-нақыл, билік-ділмәр, қанатты да шешендік сөздер жүйесі кең орын алады [1, 434, 554].

Бұдан басқа, бірқатар біліми-ғылыми әдебиеттерде халық әдебиеті, оның басты бағыттары мен негізгі салалары, мәдени-рухани Іәм көркемдік қызметі және даму үрдістері жан-жақты сөз етіледі [2, 298, 432, 320].

Ел әдебиеті тарихнамасында – ақын-жырау, би-шешендер шоғыры самаладай жарқырап, ақыл-нақылға, өсиет-өнегеге толы асыл ойлары мен даналық-ділмәрлықтан тұратын мәнді-нәрлі, сүбелі де сырлы сөздері көптеп кездеседі. Ел есіндегі – Есей би (Алдамұратұлы – 1693-1740) жасынан зерек, елдік істе сергек, батылдығы ерек, ақындық-шешендік өнерге жақын болып өседі. Елдік істерге ерте араласады. Ағайын арасында, жақын-жуықтар ішінде бірлік-берекені жақтап, ортақ мұраттар жолында елдік жауапкершілік пен татулықты ту етеді. Ел бірлігі, ұлттық намыс таразыға тартылған сын-қатерлер тұсында ақиқатты жақтап, батылдық танытып, өршіл рухымен алдыңғы кезектен көрінеді. Ұлы жүзден шыққан Есей би Алдамұратұлы ел есінде – ақиқат пен әділдік жолдан таймаған, алғырлығына батылдығы, өжеттігі мен өршіл рухқа толы көркем мінезі, ісі мен сөзінде бірлігі бар,

кайратты-қажырлы, табандылығы мен төзімділігі сай келген, ақыл-парасаты жоғары, ақындық-шешендік өнерге таным-табиғаты жақын, балуан бітімді, батыр тұлғалы, арман-аңсары асқақ арлы адам ретінде қалғаны анық.

Қазақ шежіресі топтамасының бастапқы тұсында орын алған – «Бәйдібек баба – Алып бәйтерек». Ұрпақтар шежіресі» атты көлемді еңбекте Алдамұратұлы Есей бидің ататегі кең түрде беріледі [3, 96]. Ататек табиғаты жүйелі таратылып, кезең-кезеңімен сатылап-өріліп, жатық та мәнді, нанымды да түсінікті беріледі. Тиісті тұста, Алдамұратұлы Есей бидің: «Тәуке ханның бас уәзірі болып, халық ішінде билік құрған», – деген жазба да көрнекті жерден орын алып, арғы арналардан мәнді де нәрлі сыр тартып тұр.

Ел аузында, шежіре шерткен сырлар баянында – Есей бидің ататегі былай беріледі: «...Үйсін Бәйдібек батырдан Ысты, одан Ойық, Тілік рулары тарайтыны белгілі. Соның Ойығынан – Қызылқұрт, Аузыүсіген, Көкшекөз, Сәтек келеді. Қызылқұрттан – Ұлан, Алдамұрат, Есіркеп туады. Есей – Алдамұраттың бел баласы. Есей жас кезінен насат батыр тұлғалы, әрі ақылды, есті боп ер жетеді. Оны батырлыққа, ақындыққа, шешендікке алғашқы баулыған өзінің батыр, би әкесі мен сол елдің анасы аталған үлкен әжесі, сол өңірдің алып тұлғалы батырлары, би-шешендері екен. Есей жігіт кезінде-ақ ел билігіне араласып, өзінің әділ де алғыр, тапқыр сөзімен ел аузына ілігеді. Оның палуандығы, додапаздығы, мергендігі, ат бапкерлігі жөнінде аңыздар да көп айтылады» [4, 134].

Ел есіндегі – Есей би жас кезінен-ақ бітім-болмысымен, ақиқат пен әділдікті жақтайтын адал ісімен, ақыл-парасатымен жұрт назарына ілігеді. Ел ішіндегі, ағайын арасындағы дау-жанжалға билік-кесімдер айтып, ақыл-нақыл, өсиет-өнеге, шешендік сөздерімен де көптің көңілінен шығып, ақиқатты-әділдікті жақтаушы, елдік ұстанымға берік, ар-намыс пен жауапкершілікті жоғары қоятын, сөзі мен ісінде бірлік бар, өжет те өршіл жан ретінде де есте қалады. Ел-жерге құрметі мен көзқарасы

айқын, отан мен отбасы құндылықтарын бәрінен жоғары қойып, ақиқат жолын, әділетті істі берік ұстанады. Ел ішіндегі бірлік-берекені жақтап, алыс-жақын жерлердегі дау-дамайларға да араласып, ақиқатын айтады. Әділетті істі жақтап, жат әрекет, теріс бағыттағы ұнамсыз көріністерге білектің күшімен, найзаның ұшымен де жауап береді. Балуан бітім, батыр тұлғасымен өжеттік танытады. Өршіл рухымен, жүйелі сөз, орақ тілімен шешендік пен шеберліктің үлгі өнегесін де көрсетеді. Ел-жұрт біртуар бітімді, болмысы бөлек, еңбегі мен ерлігі ерек – Алдамұратұлы Есейді үлгі-өнеге тұтып, даңқ тұғырына көтереді. Ұрпаққа үлгі етіп, мақтаныш етеді, мадақ сезіммен ардақ тұтады.

Бұдан басқа, бертінгі кезеңде: «...Есей Алдамұратұлы Ысты, Ошақты, Дулат, Иса, Мұса елдерінде би болған. Ол аумалы-төкпелі заманда көшпелі халықтарды қоныстандыруға елеулі еңбек сіңірген. Жетісу, Шу, Талас өзендерінің, Шымкент, Ташкент, Түркістан, Сырдария бойларын түгел аралаған. Сыртқы (жоңғар, қоқан т.б.) шапқыншылығынан тоз-тоз болып кеткен елдің басын біріктірген» (сонда, 134 бет).

Ел аузында – Есей би халықтың қадірлісі, атақты Төле бимен қатар жүріп, үлгі-өнегесін алғаны, білікті бітім мен шебер шешендігін көргені жөнінде де келелі әңгімелер көп-ақ. Кездессе – қуанатын, қатар жүрсе – жарасатын Төле мен Есей билер қашанда ағалы-інілі болып бір-біріне бауырмалдық-жанашырлық танытып, елдік ұстанымға берік болады. Елдің амандығын, жердің бүтіндігін арман-аңсарларына айналдырады. Осы жолда жауапкершілік жүгін қатар сезініп, ақиқатты ту етіп, әділеттілікті талап-өлшемнің бәсі санап, бірінің ісін бірі жалғайды. Елдік мүдде, ұлттық мұратқа адалдық танытады. Ақиқат жолында – әділетті істі ту етіп, шынның жүзіне тура қарайды. Адам мұраты, өмір мәні, еңбек болмысы – ақиқат жолы, әділетті іс екенін бітім-кесімімен, шебер шешендігімен кең түрде көрсетеді.

Осы орайда, Төле би:

– Есей қандай адам? – деген сынау бағытындағы өзбек бауырлардың бірінің сұрағына былай жауап береді:

Есей ат сүрінгенше амал табады,
Қас-қағым сәтте қайрат көрсетеді.
Есей би, жанып тұрған жалын ғой,
Жалпы өзбекке мәлім ғой! –

дейді.

Келесі кезектегі:

– Есей сіздің неізі? – деген сұраққа:

– Есей – әрі батырым, әрі ақылым,
Ешкімге есесін жібермейтін
Сөзге шешен ақыным.
Жауға алдырмайтын,
Жанашыр жақыным.
Елдің сүйеніші – Есей,
Халықтың тіреніші – Есей,
Жауды бүлдіретін де – Есей,
Дауды тындыратын да – Есей! –

деп ағыл-тегіл сөз нөсерін жаудырып, тақырыпты жан-жақты ашып, арналы ағыс пен қос өрімдей желі құрап, ондағы орамды ой өрнектерімен арғы-бергіні кеңінен қозғап, тіл тұғырының құнарлы қазынасын айқара ашып, әсерлі де мәнді, жүйелі де нанымды жауаптарын қайтарады. Жауап сөздердің тақырыптық арнасы мен мазмұн-мәнісінен, бунақ-тармақтарынан, тіпті төгіліп түскен шумақтардың астарлы-қатпарлы қабаттарынан – Төле мен Есей билердің бір-біріне бауыр-жақын, дос-жаран адамдар екені айқын аңғарылады. Есей бидің ел-жұртқа қадірін, жауға қатал батырлығын алға тартып, ұлттық ұстанымын, би-шешендігін, өжет те өршіл мінезін, қысқасы адами болмыс-бітімін, елдік-ерлік шежіресін жатық та жинақы, жүйелі жеткізеді. Әсіресе, батырым-ақылым, ақыным-жақыным, – деп өзіне тарта отырып, ақыл-парасатын, батырлық болмысын, дүниетаным арналарын, өмірлік ұстанымын, шешендік шеберлігін, тәлім-тәжірибесін, маңыздысы елге жақын, көпке қадірлі қырларын

айқара ашып, ақиқатты жақтайтын, әділетті іске жауапкершілік пен табандылық танытатын біртуар бітімді, тұғырлы тұлға екенін тамыршыдай тап басып көрсетеді.

Негізінен, Есей би ел басына күн туған аласапыранға толы алағай-былағай кезеңде жұрт жанынан табылып, ұлт мақтаныштары – Абылай, Төле би, Қабанбай, Бөгенбай сынды батырлармен қатар жүріп, бір ту астына жиналып, ортақ жауға бірге аттанған, азаттық-бостандық жолындағы даңқты замандастар екені де ел аузындағы әңгіме-шежірелердің баянынан да, талайлы тарихтың сырлы-шерлі сипаттарынан да көрініс береді.

Ел арасында Алдамұратұлы Есей биге қатысты аңыз-әңгімелер, есті естеліктер мен ақыл-нақыл һәм қанатты-ғибратты, өнегелі-өрнекті шешендік сөздер де көптеп кездеседі. Олар, негізінен Қаратау қойнауы мен Талас жағасында, Тараз өлкесі мен Төрткүл даласында, Шу бойы мен Сарысу ауылдарына қатысты айтылып, ондағы азаттық-бостандық жолы, тәуелсіздік-теңдік һәм ел қорғау ісімен байланысты кең өріс алады. Осы жолда – Есей батырлығымен де, шешендігімен де көзге түсіп, бітімдауды ақиқат жайттармен байланыстырып, қара қылды қақ жарып, күндей күркіреп, шындық жүзіне тура қараған. Бітімді-кесімді жөн көрсетіп, ақыл-нақылмен әспеттеп-безбендеп, мәтіндік қабат-құбылыстарды қатар қолданып, ойлы өрнек, образды көрініс-суреттермен, ғибратты-қанатты һәм шешендік өнерімен шеберлік көрсеткен тұстары көп болады. Ел аузындағы бірқатар әңгімелер жүйесінен – Есей бидің біртуар бейнесі, батырлық болмысы, даналық дидары, қанатты-ғибратты һәм тапқырлық-шешендік өнері кеңінен көрініс береді. Еске түсірелік: «...Есейдің жастау кезі болса керек. Ол бірде саудагер, бакалдың үстінен түсіпті. Әлгі саудагер «ананы, мынаны әкеп беремін», – деп жұрттың тоқты-торым, тана-торпағын жинап әкете беріпті. Сонда Есей «бұл саудагердің сөзін алма бөзін ал, егер бермесе өзін ал», депті. Содан былай қарай, ол ауылға алдамшы саудагер, қулар жоламайтын бопты» (сонда, 137-138 беттер). Немесе: «...Есей

жолаушылап келе жатса, алдынан бір жалшы шығыпты. – Биеке, келгеніңіз мұндай жақсы болар ма? Мынау байдан сауын сұрай келіп ем, өңкей қотыр ешкісін көгендетіп отыр. Мен алмаймын, – деп, соған дауласып жатырмыз, – дейді. Есей би ол байдың үйіне бұрылмастан көген басына барыпты. Қараса, оншақты қотыр ешкі көгендеулі тұр дейді. «Аттан түсіңіз, қонақ болыңыз!» – деген әлгі байға: «Мен саған қонақ болмаймын: әуелі анау қойшыңа сауын бер, сауын берсең, сауын бер, қотырыңды қайтып ал, өзің емдеп жазып ал!», – депті де, жүріп кетіпті».

Бұл тұстардан да Есей бидің Хақ жолын, Алла ісін қолдайтыны, айналасында ел болып, жұртқа жақындығы, бай мен кедей арасындағы алшақтықты жан-жүрегімен сезініп, ақиқатты жақтап, әділдікке табан тіреп, шындық жолын қалайтыны көрінер еді. Елшіл-қоғамшыл көзқарасы айқын, елдік мүдде, ұлттық ұстаным жолында басын бәйгеге тігіп, халықтық бағытты қолдайтыны да танылады. Қанағат, сабыр мен төзімге табан тіреп, барға – тәубе, шүкірлік етіп, елдік ұстанымды, халықтық жолды арман-аңсарына айналдырып, бар асылдан да жоғары қояды. Маңыздысы, елдік істерді – ақиқат жолы, әділетті әрекет, бәтуа-бітімгершілікпен оңды шешіп, құқықтық мәдениеттің даналық үлгі-үрдісі ұлық дәрежесіне көтеріліп, алыс-жақынға есім-сойымен жұрт жадында қалған – Төле, Қазыбек, Әйтеке сынды танымал тұлғалар қалыптастырған: Билер институтының басты ұстаным-қағидаттарына адалдық танытады.

Есей би тағылымы нақыл, өсиет сөздер жүйесінен де көрініс береді:

Ағайынмен жауласпа,
Басың азаяды.
Көршіңмен дауласпа,
Асың азаяды.

Атаңның ботасын алма, батасын ал,
Бота өліп қалады, батадан бағың жанады.

Кедеймін деп налынба,
Арыңды сатып жалынба.

Етегің түріп елге жет,
Терің төгіп еңбек ет! –

деген ақыл-нақылға негізделген, өнеге-өсиеті мол тәжірибе тағылымынан – адами мұраттар мен өмір мәні, еңбек болмысы мен дәстүр даналықтары, дүниетаным арналары, ғибратты үрдістер, тәлімді-тәрбиелік мәні мол тұстар терең танылады. Демек, ел есіндегі – Есей бидің болмысынан елшіл-қоғамшыл қасиеттермен қатар, бірлік-берекені жақтаған, жақын-жуыққа адал да мейірімді, татулық пен туыстықты ту еткен – даналық дидары, дау-дамайдың бітім-шешімін айтқан – шешендік өнердің қазыналы көмбесі, азаттық-халықтық күресте, тәуелсіздік жолында елдік пен ерлік шежіресінің – туын көтеріп, даңқты тұлғасы болғаны байқалады.

Осы реттен алғанда, анығында: «...Әрбір өнер туындыларының өз шебері, жасаушы өнерпаздары болатыны, ешбір өнер туындысының көктен даяр күйінде түспейтіні әркімге ақиқат. Сондай-ақ қазақ поэзиясын жасаушылар да өз халқының арасында туып-өскен халқының талантты перзенттері. Әр тұста ағаштан түйін түйіп, қыш пен тасқа ою ойып, мәрмәрден мүсін салған шеберлер сияқты сөз кестесін құра білген, тіл құдіретін игерген асыл сөз шеберлері болған. Оларды халық әртүрлі атаулармен атап, қадірлеген. Айталық, қапияда сөз тауып, өз сөзінің жүйелі-логикалы күшінің арқасында асқынған дауды шешкен, бітіспес жауды бітімге жүгіндірген, күлместі күлдіріп, жүрместі жүргізген өнерпазды халық шешен деп атап, олардың билігін әділ қазылық деп ұққан» [5, 302].

Бұдан байқалатыны, ел арасынан шыққан, ұлт мүддесін бәрінен жоғары қойып, ақиқатты айтып, әділеттілікті жақтап, шынның жүзіне тура қараған даналық иесі – би-шешендер қай кезең, уақытта да ел аузында, халық жадында болғаны анық. Осы орайда, әрине:

«...Шынайы шешен салтанатты жиында жақсылық пен жамандықты, сотта әділеттілік пен әділетсіздікті, халық кеңесінде пайдалы мен пайдасыздықты негізге алады.

Шешендік өнер үш қайнар бұлақтан нәр алып сусындайды. Біріншісі, табиғи қабілет пен дарын, екіншісі, теориялық қисындармен қаруландыру, үшіншісі, тынымсыз, толассыз еңбек, жүйелі жаттығу», – екенін жіті зерделеп, негізгі назарда ұстаған жөн [6, 6].

Жалпы алғанда, ел есіндегі – Есей би жасынан зерек-сергек болумен бірге, халықтың мұң-мұқтажын, өмір-тұрмысын көріп өседі. Бертін келе ақиқат жағына шығып, әділетті істі жақтайды. Қоғамдағы жағымсыз-ұнамсыз құбылыстарға, заман шындығына, адамдар арасындағы келеңсіз көрініс, кереғар жайттарға ақыл-парасатын өлшем етіп, батыл шешім қабылдап, даналық ойлары мен ділмар сөз жүйесі арқылы қарсылық білдіреді. Батыл қадам, батырлық әрекеттері, өжет мінез бен өршіл рухы алға тартып, ел мүддесі, ұлт мұраты жолында басын бәйгеге тіккен тұстары аз емес-ті. Бастысы, елдік-ерлік жолындағы әрекет-қимылдары, бірлік-береке бағытындағы батыл қадамдары, дау-дамай, жолсыз істегі – бітім-кесімдері, даналық-ділмар сөздері, өнегелі-өрнекті үлгілі үрдістері – кеше мен бүгінді жалғастық дәстүр негізінде байытып та, толықтырып та тұр.

Ел есіндегі Есей бидің жұртқа керегі де осында.

ӘДЕБИЕТ

1. Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 бет.
2. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005. – 576 бет.
3. Қазақ фольклористикасы. – Алматы: Ғылым, 1972. – 298 бет.
4. Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы: Ғылым, 1988. – 432 бет.
5. Ел аузынан. – Алматы: Жазушы, 1985. – 320 бет.
6. Бәйдібек баба – Алып бәйтерек . Ұрпақтар шежіресі. – Алматы: Өнер, 2003. – 96 бет.

7. Қазақтың би-шешендері. 1-2 кітаптар. – Алматы: Жалын, 1993. – 400 бет.
8. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. – Алматы: Санат, 1997. – 928 бет.
9. Негимов С. Қазақтың шешендік өнері. Монография. – Нұр-Сұлтан: ЕҰУ, 2021. – 340 бет.

2024

Меруерт КӨПБАЕВА,
филология ғылымдарының докторы,
М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің
профессоры

ЕСЕЙХАН АЛДАМУРАТҰЛЫ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТА АЛАР ОРНЫ

Жаңа дәуір өз талабына сай жаңа құндылықтарды насихаттауда. Өркениеттер ұсынған құндылықтарды ойланбастан сіңірген кейбір дамыған елдер ұлттық болмысы мен рухани өзегінен айырылудың аз алдында тұр. Дегенмен, тамырыңды танып, ұлттық болмысыңды сақтаудың сан қыры бар. Оның ең басты негізі ұлттық салт-дәстүр мен салт-сананы жаңғыртуда жатыр. Бұл жөнінде президентіміз Қ-Ж. Тоқаев: «Біз озық ойлы ұлт ретінде халқымызды ыдырататын емес, біріктіретін жолды таңдап, тек қана алға қарауымыз керек. Жалпыұлттық құндылықтар бәрінен жоғары тұруға тиіс. Бұл туралы үнемі айтып жүрмін. Тағы да қайталаймын, еңбекқорлық, білімпаздық, кәсібилік, бірлік, ынтымақ, жанашырлық, іскерлік, бастамашылдық, адалдық, қарапайымдылық және үнемшілдік – нағыз отаншыл, адал азаматқа тән қасиеттер мен құндылықтар. Халқымыздың қуатын арттырып, табысқа жетелейтін осындай қасиеттер мен құндылықтарды жан-жақты дәріптеп, ұрпақ санасына сіңіру арқылы ғана сапалы ұлтқа айнала аламыз», – дейді.

Қазіргі кезде әлем жұртшылығы «Ұлттық болмысымызды қалай сақтаймыз?» деген сұраққа бас ауыртып жатыр. Ал ХХІ ғасырда ұлттық салт-дәстүрді

сақтап, ұлттық болмысымыздан айырылмау үшін не істеу керек? Бұл сұрақ бүкіл батыс елдері мен Американың өзінде де өзекті мәселеге айналууда.

Дамыған технология адамзаттың тұрмыстық қажеттілігін өтегенімен рухани азық боламайтынын дәлелдеуде. Космостық танымға бой алдырған елдер ұлттық құндылықты жарты ғасырдан бері ысырып тастап, тұтастай тұлғасын жойып, «Қуыс кеуде» дертіне шалдығуда. Бұл дерт қазақ еліне де ептеп еніп келеді. Болашақтың жарқын болуын қалайтын әрбір азамат қоғамды аталған дертке шалындырмай аман алып қаламын десе, ұлттық құндылықты заманауи өмір салтына түбегейлі ендіруі қажет.

Ұлттық болмысымызды сақтау үшін ең алдымен өзіміздің ғасырлар бойы қалыптасқан тұла бойымыздағы тұнып тұрған рухани қазынамызға мән беруіміз керек. Сол рухани қазынамызды қара нарықтың табанына салмай, керісінше жаңа заманға сай дамытып отыруымыз керек. Саясат пен экономика мың жерден өзгерсе де, оның түбінде ұлттық салт-сана жатыр. Ұлттық салт-сананы сақтап, тамырын тереңге жіберген елдің тұғыры биік болады. Салт-сана, ұлттық болмыс, салт-дәстүр мен ғұрып деген әрбір ұлттың өзінің күретамырына тікелей байланысты. Сондықтан сол күретамырды балабақшадан бастап мектепке дейін және жоғары оқу орны мен отбасы, ошақ қасында жаңа заманға сай жаңғырту керек.

«Ұлттық құндылықтардан жүрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халықтың мүддесі мен мұқтажын жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды» деген болатын ұлтымыздың көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Мұстафа Шоқай. Сондықтан алдымен ұлтты құрайтын әрбір азаматтың жүрегіне ұлттық құндылықтарды орнатуымыз қажет. Бұл жөнінде мемлекет түрлі жобалар әзірлеуде. Мәселен, ұлттық кодты сақтап, құндылықтар мен салт-дәстүрді насихаттауды мақсат тұтқан «Ұлттық рухани жаңғыру» жобасын айтуға болады. Ол 3 бағыт, 7 міндет, 21 көрсеткіш, 66 ауқымды іс-шарадан тұрады. Жоба

қоғамның мәдени деңгейін, талғамы және рухын көтеріп қана қоймай, сонымен қатар жастарға жаңа мүмкіндіктер ашып, олардың түрлі бастамасына жан-жақты қолдау көрсетіп жатыр. Дегенмен бұл жобалармен қоса, ұлттық құндылықты дәріптеу үшін не істеу керек?

Бұл туралы Қазақстан Республикасының тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан жазушылар қоғамының мүшесі, этнограф Байахмет Жұмабайұлы: «Ұлттық құндылық» туралы әрбір азаматта тура түсінік болуы керек. Құндылықтың маңыз-мақсатын білмей тұрып құндылықтан сөз ашу да қиын. Дін – ол сенім, ал дәстүр – наным.

Сенімге әркім «е, солай ма екен» деп сенуге қақылы. Ал наным – бұл дәстүр, ол ұзақ уақыттық тарихтың шындалуынан өткен ұлттық болмыс. Сондықтан сенім-нанымның орнын басуы мүмкін емес, егер сенім-нанымның орнын басар болса ұлттық дәстүр де, ұлттың болмысы да құрдымға кеткені» дейді. Ендеше сан ғасырлық тарихы бар ұлттық асыл мұраларды оқыту, білім беру, тәрбие процесіне ендіріп, ғылыми айналымда кең жол ашуымыз керек. Көне тарихқа үңілсек, халық тағдырын, мемлекет мәселесін шешуде хандар мен бірге XV-XVIII ғасырда өмір сүрген ақын-жыраулар да үлкен роль атқарғанын көреміз.

Кешегі Кеңестік кезеңде тап осы дәуірдегі көптеген тарихи маңызы зор оқиғалар мен тарихи тұлғалардың есімдері аталмай, ерліктеріне толыққанды баға берілмей, тасада қалып кеткендері көп. Солардың бірі – Есейхан Алдамұратұлы. Кеңестік кезеңдегі қатал қыспаққа қарамастан ғалым Нысанбек Төреқұлов қазақ би-шешендерінің ел арасына тараған өлең-жыр, аңыз-эпсаналары мен даналық сөздерін жинап, кітап етіп бастырып шығарды.

Ғалым жазған деректерге сүйенсек, «Есейхан Алдамұратұлы – аты әйгілі, қол бастаған батыр, ел басқарған би, шешен» болған. Жастайынан ел қамын ойлаған Есейхан ержеткен шағында ел басқарған көсем тұлға болып қалыптасады. Батырлығы, көсемдігі мен данагөй шешендігі Есейханды исі қазақ құрмет тұтар

тұлғаға айналдырғанға дейін ол талай қиын сынақтардан мүдірмей өткен екен. Бұл турасында даңқты Төле би бабамыздың берген мынандай бағасы да бар: «Есейхан ат сүрінгенше амал табады. Қас қағым сәтте қайрат көрсетеді. Есейхан би жанып тұрған жалын ғой... Есейхан – әрі батырым, әрі ақылшым. Сөзге шешен ақыным. Ешкімге есесін жібермейтін, Есейхан көзсіз батырым... Елдің сүйеніші – Есейхан, халықтың тіреніші – Есейхан, жауды бүлдіретін де Есейхан, дауды тындыратын да Есейхан».

Ұлы бидің осы айтқандары Есей Алдамұратұлының азаматтық болмысы мен қайраткерлік ұстанымын толықтай танытып тұр. Есейхан Алдамұратұлы туралы жеткен деректерден хандық дәуірдегі қилы тарихты көреміз. 1728 жылы Бұланты өзенінің жағасында Қазақ жасақтары жоңғар қалмақтарын жеңген ауыр шайқастың ортасында қол бастап, ерлік көрсеткен Есейхан әскері, 1729 жылы да Балқаш көлінің оңтүстігінде жоңғар әскерлерімен ұрыс жүргізіп, ойсырата жеңеді. Сөйтіп, Кіші жүз бен Орта жүз территориясының едәуір бөлігі жоңғарлардан азат етіледі. Алайда жоңғар қалмақтары шабуылды тоқтатпай, жиі-жиі ауыл шауып, ел тонап маза бермейді. Қилы заман, қиын тағдыр бабаларымызды киелі Түркістан жерін азат етуде және бір ауыр сынаққа салыпты. Жасы толысқан, елді жаудан қорғауда тәжірибесі мол Есей биге тағы да ұлы жорыққа аттануға тура келеді. Ол өзі бастаған қолмен Қабанбай, Бөгенбай батырлар бастаған жасақтармен жол бойы Бөген, Шаян, Арыстанды, Қарабас өзендері және Төрткүл бойындағы елдерден мықты, қарулы жігіттерді де жауынгер қатарына тартып, жасақтайды. Сондай-ақ Жарықбас батыр, Досай би және оның інісі Қосай, тағы да басқа ел азаматтары да осы қатардан табылды. Қазақ халқының ұлт ретінде бар болуы мен жоқ болуының сын сағаты соққан сәтте басын бәйгеге тіккен ерлер елдің қамы үшін, ұрпағының тәуелсіздігі үшін қан майданда кескілесті. Ата-бабадан қалған ұлы өсиет: «Жаудан түйір тасынды да қорғау – қасиетті іс, асыл парыз», – дегенді көкейге құйып өскен асыл ерлер қолдарына шашақты найза іліп, қылыш

асынып, жебе салып, киелі әруақтарға сыйынып ұлы топ Түркістанға аттанады. Баһадүр ерлердің басты мақсаты – киелі өңір Түркістанды жаудың қоршауынан қорғау болатын. Ынтымақ пен бірліктің арқасында сонау Шыңғысханнан келе жатқан соғысудың далалық тактикасын шебер қолданған рухы берік қазақ жауынгерлері тағы да жеңіске жетеді.

XVII-XVIII ғасырларда өмір сүрген қазақтың би-шешендерінің даналық сөздері мен ақын, жырауларының поэзиясынан ғасырлар сырын, халықтың салт-санасын, ой-өрісін, тілек-мақсатын айқын аңғарамыз. Өйткені олар айтқан ұлы сөздерден халықтың небір нәзік сырлары, мұң-мұқтажы, қайғы-қасіреті, қуаныш-сүйініші, келер ұрпаққа айтар өсиеті өзекті орын алады. Оны хандық дәуірде өмір сүрген қазақ даласының ұлы ойшылы, халқымыздың қоғамдық-саяси, әлеуметтік ой-пікірлерінің көшбасшысы бола білген Есейхан Алдамұратұлының соңында қалған асыл мұраларынан байқауға болады.

Қазақтың «әр ханның тұсында бір сұрқылтай» дейтіні, әр ханның заманында өзінің бір ақылшысы, шешені бар деген ойды білдіреді. Бұл жөнінде Сәбит Мұқанов: «Сыпыра жырау, Асанқайғы, Бұқар жыраулар – XIX ғасырға дейінгі қазақ ақындарының символы. Олар хан қасында отырып, батырларды жырлаумен қатар, сол кездегі мемлекет мәселесін шешуге қатынасқан. Абылай хан мемлекет мәселесін шешерде Бұқар жыраумен үнемі ақылдасып отырған», – дейді. Марқасқа, Сыпыра, Бұқар, Тәтіқара жыраулар заман, дәуір жайлы, ел басына түскен әр алуан уақиғалар жайынан толғау-жыр айтушы болған. Ал Қазтуған, Доспамбет, Жиёмбет, Ақтамберді сияқты жыраулар заман, қоғам жайлы жыр айтып, ой толғаумен, М. Әуезов айтқандай, «Халық мұңын арман етіп, алысты меңзеген... өзі үшін емес, елі, жұрты үшін ізденген ел қамқоры» болғанын көреміз. Біз сөз етіп отырған Есейхан Алдамұратұлы да тап осы жыршы-жыраулар, ақылгөй даналардың қатарынан орын алатын айтулы тарихи тұлға екеніне дау жоқ. Есей би қазақ қоғамының прогресі үшін

барша жұртты бай, кедей деп бөлмей, адамгершілікке, бірлікке, бауырластыққа баулуды қажет деп санады. Оның ойынша, адамның мінез-құлқы жақсы болуы үшін айнала-сындағыларға жанашырлық, ізгі жүректілік білдіруі, қамқоршы болуы қажет. Өзіне қажетті игіліктерді жасауда адамдар бірлесіп, қоғамдасып, бауырмалдық іс-әрекет жасауы керек, сонда ғана бақытқа жетеді, басына бақ қонады деп ұқты. Оның бүкіл халқының қамын ойлауы, елді берекелі бірлікке, шынайы достық, адал еңбекке шақыруы, сол замандағы прогрессивтік маңызы зор гуманистік көзқарас еді. Ендігі кезекте мемлекетіміз жүргізіп отырған ұлттық құндылықтарды ұлықтау саясатын қолдай отырып, бабалар ерлігін дәріптеуді жаңа дәуір талабына сай рухани кемелденуімізге ұтымды пайдаланар сәт келді.

Қорыта айтар болсақ, Қазақстан Республикасының Президенті, Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Еңбегімен құрметті» атты бағдарламасы аясында атап көрсетілгендей тарихи тұлғалардың ерлігі мен еңбегін дәріптеу жастардың өмірлік ұстанымдарын қалыптастырудың басты құралы. Ерлігімен де, еңбегімен де ұлтымыздың өсіп, өркендеуіне айрықша еңбек сіңірген, ұлы даланың ұлы тұлғаларының бірі – Есейхан Алдамұратұлы. Есейхан Алдамұратұлының халқына жасаған еңбегі бұған дейін жеке тұлғалардың бастамшылығымен дәріптеліп, Жамбыл облысы, Талас ауданындағы Қаратау ауылына қайраткердің есімі беріліп, «Есейхан аулы» деп аталды. Есейхан Алдамұратұлының биографиясы мен еңбегі академиялық анықтағыштар мен жеке авторлар еңбектеріне енгізілген. Бірақ бұл басылымдарға Есейхан би туралы тарихи-әдеби құндылықтар толықтай енген жоқ. Оның үстіне бұл материалдар ғылыми-көпшілік басылымдар емес еді. Олардың тиражы да жеткілікті болмады. Ендігі кезекте президент бағдарламасындағы қағидаларды іс жүзіне асыру міндеттері аясында Есейхан Алдамұратұлының ерлігі мен еңбегін, соңында қалған рухани мұрасын

ғылыми айналымға енгізіп, қазақ жастарының саналы тұлғасын қалыптастыруға қызмет ететін рухани құндылық ретінде дәріптеудің қажеттілігі арта түспек.

ӘДЕБИЕТ

1. ҚазССР қысқаша анықтамалық энциклопедиясы. — Алматы: Ғылым, 1989. — 620 бет.
2. Қазақ халық әдебиеті. Екі томдық хрестоматия. 2-ші басылым. — Алматы: Қазақ университеті, 2015. — 276 бет.
3. Классикалық зерттеулер. Көп томдық [Мәтін]. Т. 24. Фольклор туралы зерттеулер /М. Ғабдуллин. — Алматы: Әдебиет әлемі, 2014. — 408 бет.
4. Смағұлов, Ж.Қ. Әдебиеттану ғылымынан ғылыми зерттеуді ұйымдастыру жолдары. — Астана: Отан, 2018.

Дереккөзі: «Есейхан Алдамұратұлы және ұлттық құндылықтардың танымдық мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясы материалдары. 11 қараша 2024 жыл. — Тараз: Dumaty university, 2024.

Шоқан ШОРТАНБАЙ,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің аға оқытушысы,
әдебиеттанушы

ЕСЕЙ БИДІҢ ЕСТІ СӨЗДЕРІ

Қазақ қоғамында би-шешендер институтының маңызы айрықша бағаланады. Сөздің қадір-қасиетін, киесін ерте ұғынған халқымыз оралымды ойлардың, санкилы сөз саптаулардың, парықты пікірлердің мән-маңызына тұщындыратын, құнарлы тіл, қонымды ақыл сабақтасатын шешендік шиырлардың адамның жан-жүйкесіне, санасына қаншалықты әсер ететінін шым-шымдап сіндіріп, бойды шымырлататын сөзбен кестелеп, ақылмен әдіптейтін ақыл-ой иелерін ерекше қадірлеп, төрден орын, жиыннан төр ұсынған. Тарихтан белгілі, сақ, ғұн көсемдерінің де, болмаса, көне грек, араб шешендерінің де, әйтпесе, өзіміздің дала даналарының да оймақтай оймен немесе салмақты сөзбен-ақ кесімді, уәлі пікір айтқаны, олар араласқан, шешкен, күрмеуін тапқан шешімдер мен мәселелердің тарихта таңбаланғаны шындық. Сөзі алты қарыс Анақарыс бабамыздың оралымды ойларының халық жүрегінде сақталғаны, Плутарх шешеннің кесімді пікірлерінің өз заманында-ақ хатталғаны, Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің шешімді сөздерінің ұрақтан-ұрпаққа аманатталғаны да ақиқат.

Қоғамдық-әлеуметтік қатынастарды реттеу, ел басқаруға араласудан бастап ел өміріндегі түрлі дау-дамайларды шешуге атсалысқаны, ел мен жер тағдырына алаңдағаны, ұрпақ қамын жегені, осы орайды оң шешім айтып, әділ төрелік жасағаны да мәлім. Сондықтан да

билердің абырой-беделі биік, билік шешімдері өтімді болған. Ұлт тарихында сөз атасы Майқы, Аяз билерден бастау алатын би-шешендердің сан алуан тобы болғанын, олардың қоғамға сіңірген еңбегі, ділмар шешендігі жөнінде талай зерттеулер жазылғаны да белгілі. Ұлы дала билерінің сөз өнеріндегі орны, рухани-мәдени өміріміздегі атқарған ұшан-теңіз қызметі, әдеби тіл тарихын, сөйлеу әдеби мен мәдениетін қалыптастырудағы маңызы туралы Шоқан Уәлиханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезовтерден басталған әдеби-ғылыми зерттеулер легі Әмина Мәметова, Балтабай Адамбаев, Нысанбек Төрекұлов, Жанғара Дәдебаевтармен т.б. жалғасты. Бүгінгі таңда би-шешендердің қазақ қоғамында және руханиятындағы орны мен маңызы, әдеби мұрасының тағылымдық-тәрбиелік мәні жөнінде кешенді зерттеулер жүргізіліп, монографиялық зерттеулер жазылып, жинақтар құрастырылды. Отандық әдебиеттану ғылымында би-шешендер институтының әдеби және ғылыми негіздері, түп-төркіні мен қалыптасу, даму кезеңдері, әдебиет тарихындағы орны мен маңызы жан-жақты сараланды.

Осы орайда филология ғылымдарының докторы, әдебиеттанушы ғалым Нысанбек Төрекұлдың осы саладағы ізденістерінің мәнді де маңызды екенін ұмытпағанымыз жөн. Қазақтың бай ауыз әдебиеті үлгілерін, соның ішінде, қанатты сөздерді, би-шешендік сөз үлгілерін жинақтауда, жариялауда атқарған еңбегі мол. Әр жылдары «Қазақтың қанатты сөздері», «Сөз тапқанға қолқа жоқ», бірнеше кітаптан тұратын «Қазақтың жүз шешені», «Даланың дара ділмарлары» т.б. кітаптары жарық көрді. Қазақ қоғамындағы би-шешендердің артында қалған мұрасын, жинап, жариялаумен қатар олардың тұлғалық, қайраткерлік қырына, тарих міндеттеген жауапкершілікті қалай атқарғанына, әдебиетті жасаушылардың байырғы өкілдері ретінде қосқан үлестеріне кеңінен және жан-жақты тоқталды. Әрбір би-шешеннің әдеби мұрасын жинақтау оңай емесі белгілі: ауыздан-ауызға таралған, хатқа, қағазға кеш түскен, бірнеше нұсқаларға телінген, көшпелі

сюжеттің кебін киген би толғаулары мен шешендік сөздердің жекелеген авторға тиесілі екені анықтаудың өзі зор ыждаһатты қажет ететін жауапкершілігі мол, абыройы аз дүние. Мәтінтанушының мен библиографтың міндетін қоса атқарып, олар өмір сүрген дәуірдің геосаяси жағдайын, тарихы мен жағырапиясын да жетік білу шарт. Ел аузынан жиналған жәдігерлерді жүйелеп, қолдағы дерек пен дәйекті салыстырып, мәтіндегі ерекшелік пен өзгешелікті айқындап, ғылыми тұрғыда біріздендірудің, яғни, жанрлық тұрғыдан саралап, тұжырым жасаудың жөні бөлек, ауқымды еңбек екенін байқаймыз. Осы ретте Майқы биден Сыпатай биге дейінгі аралықтағы билер мұрасы қамтылған «Даланың дара ділмарлары» деген атпен 2006 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан еңбектің атқарар жүгі ауқымды. Солардың бірі – Есей би Алдамұратұлы.

Әдебиеттанушы ғалым Нысанбек Төрекүлдың дерегіне жүгінсек: *«Есей Алдамұратұлы (1693-1740) Ұлы жүзден шыққан белгілі беделді би болған. (Соңғы бір деректе есімі Есейхан деп аталады). Қазақ шежіресінде оның ататегі былай таратылады: Үйсін Бәйдібек батырдан Ысты, одан Ойық, Тілік рулары тарайтыны белгілі. Соның Ойығынан Қызылқұрт, Аузыүсіген, Көкшекөз, Сөтек келеді. Қызылқұрттан Ұлан, Алдамұрат, Есіркеп туады. Есей Алдамұраттың бел баласы. Есей жас кезінен насат батыр тұлғалы, әрі ақылды, есті боп ер жетеді. Оны батырлыққа, ақындыққа, шешендікке алғашқы баулыған өзінің батыр, би әкесі мен сол елдің анасы аталған үлкен әжесі, сол өңірдің алып тұлғалы батырлары, би-шешендері екен. Есей жігіт кезінде-ақ ел билігіне араласып, өзінің әділ де, алғыр, тапқыр сөзімен ел аузына ілігеді. Оның палуандығы, додапаздығы, мергендігі, ат бапкерлігі жөнінде аңыздар көп айтылады».*

Деректерге сүйенсек, алдымен батыр тұлғалы, ақылына парасаты сай Есейдің ел мен жер тарихына бейжай қарамағандығын байқаймыз. Жоңғар шапқыншылығы дендеп тұрған алмағайып дәуірде көшпенділердің тұрмысы да тұралайтыны анық. Есей ел аралай жүріп, қиыр жайлап,

шет қонған қандастарының да қамын ойлай жүргені айтылады. Атақоныс, туған жер ұғымының халқымыз үшін қаншалықты маңызды, мәнді екенін білеміз. Ерте есейген Есейдің де осынау іске жауапкершілікпен қарап, елге жайлы, жері шұрайлы өлкелерге қандастарын көптеп қоныстандыру, басын біріктіріп, көш-көлікті ұйымдастыру, шашырай қонған елді ұйыстыру т.б. секілді шаруалардың басы-қасында болуы да оның азаматтық болмысын аша түскендей. Теріскейдегі елді Қарасу, Сасық, Үлкен Бөген өзендерінің бойына қоныстандырып, отырықшылыққа үндеуі де сол кезеңнің көзі ашық азаматтарының қатарынан табылғаны деп топшылауға болады. Ол кезеңде шашырамай, ру-ру, ауыл-ауыл болып отырудың қауіпсіздік үшін де қажет екенін бағамдауға болады. Атақонысынан айырылып, тарыдай шашырап, босып кеткендердің қаншама екендігін білудің өзі ауыр.

Тағы бір аңғаратынымыз, Есей бабамыздың ес біліп, етек жинаған сәттен-ақ жақсылармен жанасып, би-шешендердің тәрбие-тәлімін бойына сіңіріп, замандас батырлармен тізе қосып, ел мүддесі үшін қызмет етуге даярлығы.

Ел мен жердің тағдырына алаңдаған, би мен батырдың қасиетін ұққан Есейдің де ендігі жерде елдік мәселелерден шет қалмауға тырысқанын байқаймыз. Өмірлі тәжірибесі көмекке келді, батыр мінезді, елжанды азаматтың бойынан сөздің күдіреті де көрініс тапқандай. Дау-дамайға араласып, ауыл төңірегінде қалып қоймай, еларалық қарым-қатынастың дұрыс түзілуіне де септігін тигізді. Жаугершілік заманда Қабанбай, Бөгенбайлармен тізе қосып, майдан шебінде болғаны туралы да деректерде айтылады. «Ел басына күн туса, етігімен су кешер» деген сөздің растығына күмән келтірмейміз, жау жағадан алған шерлі жылдардың қасіретін санамызға сіңіріп өскенбіз, елі үшін туған қай азаматтың да атқа қонып, ел қорғағаны мәлім. Солардың қатарында Ер Есейдің болғаны да қуантады. Ел арасында айтылатын мергендігі де танылатын тұсы осы сәттерде болған секілді. Палуандығы мен

атқұмарлығы да майдандағы батырға сеп болғанын сеземіз. Қиян-кескі ұрыста жүректі жеңеді, айлалы амалын асырады, палуандық та қажетке жарайды. «Сегіз қырлы» жігіттің мысы артық қашанда.

Ендігі айтарымыз, Есейдің би ретіндегі болмысы мен айтқыштығы. Төле бидің өзі айтыпты деген сөз жеткен бүгінгіге:

Есей – әрі батырым, әрі ақылым,
Ешкімге есесін жібермейтін,
Сөзге шешен ақным.
Жауға алдырмайтын
Жанашыр жақыным.
Елдің сүйеніші – Есей,
Халықтың тіреніші – Есей.
Жауды бүлдіретін де Есей,
Дауды тындыратын да Есей.

Тауып айтатын Төленің төрелігіне төрелігіміз жүрмейді, әрине. Елдің сүйенішіне, тіренішіне айналғанына тәнтіміз және тамсанамыз. Бабамыздың кісілік болмысын бір-ақ ауыз сөзбен бедерлеген бейнелі сөзге, қонымды пікірге ден қоямыз. Заманынан озып туған ердің батырлығы мен ақындығына, ақылдылығы мен шешендігіне, жақынын жауға алдырмайтын алымдылығына, жанашырын дауға қалдырмайтын шалымдылығына сүйсінеміз.

Әлсізге әлдінің, момынға күштінің тісі бататыны адамзаттың жаратылғанынан бергі кезеңде белең алғаны баршамызға аян. Құқай көргеннің де құдайы барын ескерсек, әлдінің де әлегін шығаратын, күштінің де даусын бәсеңдете алатын күдірет болса, ол – сөзге тоқтау, сөзбен жығу және жеңу. Сөзге тоқтаған, сөз таппаса, меселі қайтқанның мәселесін бір білсе, қазақ біледі. «Сөз тапқанға – қолқа жоқ» дегенді бір түсінсе, қазақ түсінеді. Бойына сөз қонған, аузы дуалы, сөзі уәлі бидің өзі, шешеннің көзі – Есей би. Жастайынан дала ділмарларын тыңдап өскен, тәлімін түйіп, тағылымын алған Есейдің де айтқыштығына, тапқырлығына тұстастары тәнті болған, сөзіне тоқтаған.

Байдан зәбір көрген жалшының, шалдан қасірет шеккен қаршадай қыздың тағдырын табан астында оң шешіп, ризалығын алуы – сөздің құдіреті, сол сөзді тауып айтқан шешеннің, байлам айтқан бидің құдіреті! Сұрағанына қол жеткізген жалшының, азаттыққа ұмтылған қыздың тағдырын шешуі – мал дауы мен қыз дауының шешімі – Есей бидің кесімі! Сұңғыла ойының, кескекті сөзінің шешімі!

Лекіте айтылған сөз, оралымды ой желісі Есей бидің тапқырлығын танытады, тауып айтар шешендігін аңдатады, көпті көрген көсемдігін аңғартады. Әрбір айтылған сөздің астары қалың, айтылған ойдың қалыбы қатпарлы. Сөздерінің өміршендігіне бүгінгі күнмен өзектес бола алғандығы дәлел, ойларының бүгінгі ұрпаққа да қажет екендігімен құнды, сөздің киесін түсіндіре алған тілімен де құнарлы.

Өсиетке терең бол,
Өсек сөзге керең бол.

Қай дәуірде айтылса да, құнын жоймайтын,
құнарлылығын кемітпейтін – Кісілік кодексі!

Ағайынмен жауласпа,
Басың азаяды.
Көршіңмен дауласпа,
Асың азаяды.

Қай кезде де қадірлі сөз, түсіне білгенге.
Құндылықтар өзгерген осы кезеңде де өзгермейтін ой,
өміршең қағида – Даналық тәпсірі!

Етегің түріп елге жет,
Терің төгіп еңбек ет.

Атамекен, туған қоныс ұғымын бабаларымыздың
қаншалықты қадірін білгенін байқаймыз. Елге қызмет

студің сан үлгісі болар, ал оған жету жолында еңбек ету – Азаматтық іс!

Билер сөзінің өміршеңдігі – рухани өмірімізге азық болуында, осы тұста айтарымыз, Есей бидің есті сөздері өміршеңдігін жоймақ емес.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақ би-шешендері: танымдық жинақ (Құраст. С. Қорабай) – Алматы: Айғаным, 2016. – 201 бет.

2. Төрекүл Н. Даланың дара ділмарлары. – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2006. – 592 бет.

3. Дәдебаев Ж. Адам және заман. – Алматы: Өнер, 2007. – 368 бет.

2024

Ләйла МҰСАЛЫ,
филология ғылымдарының кандидаты,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті

ЕСЕЙ БИДІҢ БИЛІК ПЕН БИ ЖӨНІНДЕГІ ТОЛҒАМДАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ӨЗЕКТІЛІГІ

*Бидің жақсысы адамдардың әділетті болуын тілеген би емес,
адамдардың әділетті болуының жолын тапқан би.*

Есей би

Халқымыз ел бастаған көсемдер мен сөз бастаған шешендерге қашан да кенде болмаған. Осындай тұлғаның бірі – Есей Алдамұратұлы (1693-1740) иісі қазаққа танылған, беделді билердің бірі болған. Есей би бабамыздың әлі күнге дейін ел арасында есімі өшпеген. Кейбір деректерде оны Есейхан деп те атаған екен. Белгілі ғалым, шешендік өнерді зерттеуші Нысанбек Төрекұлов «Есей Алдамұраттың бел баласы. Есей жас кезінен насат батыр тұлғалы, әрі ақылды, есті болып ер жетеді. Оны батырлыққа, ақындыққа, шешендікке алғашқы баулыған өзінің батыр, би әкесі мен сол елдің анасы атанған үлкен әжесі, сол өңірдің алып тұлғалы батырлары, би-шешендері екен» [1, 190].

Есей Алдамұратұлы текті әулеттен шығып, би-шешендер мен батырлардың ортасында өскен. Зор тұлғалы, айбарлы батыр ғана емес, ақыл-парасатымен өз қатарынан оқ бойы озық тұрған Есей жас кезінен-ақ алғырлығымен, тапқырлығымен көзге түскен. Би туралы айтылған «Есей ат сүрінгенше амал табады, Қас қағымда қайрат көрсетеді» деген сөздер осының дәлелі болса керек.

Есей би сол бір аумалы-төкпелі заманда елдің басын біріктіруге, халықты бір жерге қоныстандыруға елеулі үлес қосқан азамат болған. Жетісу, Шу, Талас, Боралдай өзендерінің бойындағы елді басқарып тұрған Есей бидің ел ішінде беделі зор болған. Есей бимен Бөгенбай, Қабанбай батырлардың өздері де санасып, маңызды мәселелерді ақылдасып отырған. Жоңғарлармен болған шайқаста Есей би өз тарапынан ел жігіттерін жинап, тіпті өзі де кейде атқа қонған сәттері болған. Есей би өз заманының ең күрделі кезеңдерінде елінің мүддесі үшін күресіп, батырлық көрсетті.

Өткен дәуірлерде қазақ қоғамында билер мен олардың әділ билігінің орны мен мәні зор болғанын білеміз. Әлеуметтік өмірдегі жер дауы, жесір дауы, ер құны тәрізді түрлі маңызды мәселелерге жауап іздегенде халық билердің алдына барған. Міне, осындай жауапты тұста, халық аузына қараған сәтте бидің әділ шешім шығара білуі өте маңызды болған, қоғамда әділет орнауы үшін, халықтың өзіне деген сенімінен айрылмау үшін билер де барынша әділетті болуға ұмтылған. Ел арасында дауды дұрыс шешкен бидің әділдігі мен ақыл-парасаты туралы әңгімелер, «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген тәрізді мақал-мәтелдер де бидің әділ шешіміне байланысты туындаған. Бұл жөнінде шешендік өнер туралы еңбектерде мынадай түсінік беріледі: «Билер сөзінің мазмұнын түзетін шындық құбылыстардың мәні би мен билік арқылы ашылады. Сондықтан дәстүрлі қоғамда бидің жеке тұлғасына, биліктің әділеттілігіне айрықша көңіл бөлінген. Халық әділдігіне сенбеген адам би болып, билік жасай алмаған, алдын ала, билігі әділетсіз бидің алдына теңдік сұрап ешкім бармаған. Халық әділ би ретінде таныған кісі өтірікке, жалғанға жол бермеген, өзі де әділеттен таймаған.

Би болу, әділ билік шешім шығару әркімнің қолынан келмейді. Абай өз тұсындағы билердің ісіне қарап: «Билік деген біздің қазақтың ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді», – дейді. Бұған бұрынғы «Қасым

ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», Өз Тәуке ханның «Күл төбенің басында күнде кеңес» болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек. Әм сол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендікпен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына тартымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек еді, ондай кісі аз, яки тіпті жоқ. Абайдың талабы би болатын кісінің кәсіби білім деңгейіне байланысты қойылған. Қазақтың әдет заңын жете білу және оны заман шындығынан туған жаңа қағидалармен ұштастыру, Абай тұсында би болып сайланған кісілердің де бәрінің қолынан келе бермеген» [2, 128]. Осында айтылған: «..би болатын кісінің кәсіби білім деңгейі, қазақтың әдет заңын жете білу және оны заман шындығынан туған жаңа қағидалармен ұштастыру» қабілеті Есей би бабамыздың бойынан табылғандығын оның өсиет сөздерін оқып отырғанда байқаймыз.

Есей би үшін «Әділет жолы туғаныңнан жақын». Бидің «Әділ бидің бір ғана дұшпаны бар. Ол – әділетсіздік. Ұры мен қарыға би болғаннан әділетке құл болған артық» деп кесіп айтқан сөздерінде қаншама әділдік пен өткірлік жатыр. Сөздеріне қарағанда, ол қазақ халқының дәстүрлі құқық жүйесін қорғаушы, елдің арасындағы дауды дұрыс шешуші әділ би ретінде танылған, осыны өзіне мақсат тұтқан.

«Есей бидің өсиет сөздері» деген бөлімде жинақталған қанатты сөздер қатарына үңілетін болсақ, Есей би бабамыздың шын мәнінде көсем де шешен жан болғандығына көзіміз жетеді. Сонымен қатар ең бастысы, бұл өсиет сөздердің қазіргі кезде де маңызы бар екендігін түйсінесің. Мәселен, ел басқару ісі, әділетті басшыға керекті қасиеттер туралы қысқа да нұсқа ақыл-кеңестері қазіргі билік тізгінін ұстаған басшыларға, заң өкілдеріне пайдалы сөздер деуге болады:

«Елдің ынтымағын бидің әділеттілігі нығайтады»;

«Әділ билікке адал, арлы би жетеді»;

«Би білікті болмай, ел бірлікті болмайды»;

«Би ашуға ерік бермейді»;

«Әділетсіз би көп алдында әділетті болып көрінуге тырысады»;

«Әділ би айтқан ақиқат шындықты ақымақ та мойындайды»;

«Айыптыны ақтап сөйлеген би өзіне айып тағады»;

«Дау желісі сағыздай созылып кететін болса, шындықтың шырайы қашады»;

«Бидің жазықсыз адамды жазықты қылуы оның өзін-өзі жазықты қылуымен бірдей»;

«Жүз әкім табудан бір би табу қиын»;

«Бидің абыроймен өмір сүргені жақсы, абыроймен өлгені одан да жақсы»;

«Әділ би шындықты өзі үшін емес өзгелер үшін іздейді»;

«Көршіңмен керісіп батыр болмайсың»;

«Екі туысқаныңның дауына төреші болма».

Есей бидің би мен билік туралы осындай пікірлері заң ережелерінің баптарындай нақты да тұжырымды. Мәселен, Есей бидің «Бидің жақсысы адамдардың әділетті болуын тілеген би емес, адамдардың әділетті болуының жолын тапқан би» деген сөзінде би тұлғасы мен оның дұрыс шешім жасауының бір шарты көрсетіледі. Расында да, бидің міндеті әділеттілікті тілеу, қалау ғана емес, әділеттің жолын табу. Бидің жұмысында асығыстық, қателік болмауға тиіс, би сөзін қашан, қалай айтуы керектігін анық білуі шарт.

Біздіңше, Есей бабаның билер мен билік жөніндегі дана тұжырымдары қысқа да нұсқа және аса шынайы. Оның себебі, бұл сөздердің авторының өз басынан өткен, өз тәжірибесінен қайнап шыққандығынан болса керек. Замана көші алға жылжыса да, халқымыздың көркем сөзінің, шешендік сөздерінің әлі күнге дейін мәні мен маңызын жоймағандығын көріп, таң боласың. Есей бидің сөздерінің де қазіргі уақытта мәні азаймайтыны және бұл өсиет сөздердің заманауи билік өкілдері, қазіргі менеджерлер үшін қажеттілігі мен өзектілігі де даусыз.

Осы тұста Есей бидің өсиет сөздерінің тағы бір парасы – «ақыл» туралы толғамдарына тоқталар болсақ, бұл сөздердің де қазіргі оқырман мен тыңдарманға түсінікті де жақын: «Ақыл тоқтатқан кісі әр нәрсенің байыбына ақылмен ойлап жетеді»; «Ақыл – Алланың адамға берген сыйы»; «Адам Алланы ақылмен танып біледі»; «Адамның хайуаннан айырмашылығы – ақылында»; «Ақылды кісі өзіне қатыссыз дауға араласпайды» т.б. Бұған қоса Есей бидің ақыл туралы ойлары кей тұста ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының ақыл жөніндегі көзқарасымен үндесіп жатқандай көрінеді. Адам өмірі мен рухани болмысында ақыл-парасаттың алар орны зор екенін екі ойшыл да атап көрсетеді.

Шешендік өнер қазақ қоғамында өте жоғары бағаланған. Ол қоғамда әділдікті, ақиқатты айтуға, халықтың көңіл күйін, тілегін жеткізуге қызмет еткен. Қазақ шешендерінің сөздері көбінесе өнегелік мәнге ие, әрбір айтылған сөзде халықтың өмір тәжірибесі мен даналығы жатыр. Шешендер тек қоғамдық мәселелерді шешіп қана қоймай, елдің рухани өміріне де үлкен әсер еткен. Қазақ шешендері өз заманының даналары мен ақылгөйлері болған. Олар өз сөздерінде халықтың тарихын, мәдениетін, тұрмысын, салт-дәстүрін дәріптеген. Есей бидің де шешендік өнері мен өлеңдері терең философиялық мәнге ие. Өз кезінде ол елді бірлікке, ынтымақтастыққа, әділеттілікке шақырған. Өзге де шешендер тәрізді елдің арасында төреші, кеңесші, тіпті дипломат ретінде де қызмет атқарып, халық арасында әділдікті орнықтырып, дау-жанжалдарды әділетті шешіп, елдің ынтымағы мен бірлігін сақтаған.

Қазақ шешендерінің мұрасы қазіргі ұрпақ үшін үлкен құндылық болып табылады. Бұл өнер қазақ халқының рухани байлығын сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізуге қызмет етеді. Осы тұрғыда Есей бабамыздың: «Қарттар еккен алма ағашының жемісін жастар жейді», – деген бейнелі де терең сөздері бізге көп ой салды. Шынында да, ұлттық дүниетаным мен рух жалғастығы болмаса, халық

өзінің рухани тамырынан ажырап қалады. Халқымыздың сөз өнерінде сақталған бай рухани мұрасы үшін сөз өнері өкілдеріне қарыздармыз және олардың шығармалары мен сөздері үнемі жалғасып, жаңғырып отырады. Бұл сөзімізге дәлел ретінде мынадай бір мысал келтіргіміз келеді. Есей бидің шешендік сөздерін оқи отырып, оның көптеген ой түйіндерінің ізін, әсерін кейінгі қайраткер тұлғалардың, мәселен көп жыл бойы ел басқарған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың қанатты сөздерінен ой-пікірлерінен табуға болады: «Ел басында отырған кісіге жұмыстың үлкен-кішісі болмайды. Қашан да шекара күзеткен сақшыдай қырағылық керек» [3, 49]. Осы сөздерде ел тізгінін ұстаған, жұртты соңына еріткен әрбір азаматқа қойылатын талап, жауапкершілік пен салмақ жүгі жатыр, қазіргінің менеджерлері мен көшбасшылары да өзіне дейінгі ел қайраткерлерінің айтқан ақылы мен тәлімін қашан да жадынан шығармауы тиіс.

Расында да, шешендік сөздердің сабақтастығы ғасырлар бойы үзілмей жалғаса береді, ендеше, Есей би бабамыздың да асыл сөздері әлі талай ел басқаратын тұлғаларға сабақ болары күмәнсіз. Есей би бабамыз туралы ойларымызды Дінмұхамед Қонаевтың мына бір сөзімен аяқтағым келеді: «Елдің тоқтығы үшін тер төккен дала ерлерінің жоқшысы болу – кімге де болса парыз» [3, 125]. Есей би бабамыздай «дала ерлерінің» өлшеусіз құнды мұрасын болашақ ұрпаққа жеткізіп, мәңгі есте қалдыруымыз керек.

ӘДЕБИЕТ

1. Төрекүл Н. Даланың дара ділмарлары. – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2001.
2. Дәдебаев Ж. Шешендік өнер теориясының негіздері: монография – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 286 бет.
3. Дінмұхамед Қонаевтың даналық сөздері. Құраст. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Абай институты, 2024. – 152 бет.

Сәулет ШОРМАҚОВА,
филология ғылымдарының кандидаты,
доцент

ЕСЕЙ БИДІҢ ТӨЛЕ БИ СӨЗДЕРІМЕН ҮНДЕСТІК ТАПҚАН ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Есей би жастайынан есті болып, өзгелерден ақылымен, батырға тән сом тұлғасымен ерекшеленеді. Қазақ қоғамында шешендер мектебінің болғандығын ескерсек, соның нәтижесін Есей бидің қалыптасуынан байқаймыз. Яғни жас баланың бойындағы шығармашылық қабілетті қалыптастырған оның үлкен әжесі болды. Ел анасына айналған әженің немереге айтары болғандықтан, бала Есей ол әңгімелерді құлағына құйып өсті, әжесінің әңгімесі Есейдің есінде сақталып, өз қатарынан ерте есейді, сонымен қатар бойындағы ақындық, шешендік қасиеті оянды. Әкесі баласын ер болып, ер жетсін деген мақсатпен батырлыққа баули отырып, билікке тәрбиеледі.

Есей бидің өзі өскен ортасындағы алып тұлғалы батырлар жайлы әңгімелер мен олардың іс-әрекеті жас баланы арлы болуға, жүректі болуға дағдыландырса, ауылдың би-шешендерінің сөз саптауы ойланып сөйлеуге, ойлы сөйлеуге қалыптастырды. Есей әкесінің тәрбиесімен жігіт кезінен ел билігіне араласып, алғырлымен, әділдігімен, табан астында тауып айтар тапқырлығымен көзге түседі. Бұрын әжесінен ел аузында жүргендердің әңгімесін тыңдап өссе, енді өзі де ел аузында жүреді. Ел оның шешендігін ғана айтып қоймайды, палуандығы жайлы, додапаздығы мен мергендігі жайлы, сонымен қатар ат баптайтын бапкерлігі жайлы, жалпы сегіз қыры мен бір сыры жайлы көп айтады.

Есейдің жас кезінде ел аралап, сауда жасап жүретін бақал «анау-мынау әкеліп беремін», – деп, ауылдың адамдарынан тана-торпағын, тоқтысы мен ешкісін әкетіп, бірін әкелсе, бірін ұмыттырып жүретінін байқап жүреді. Бірде, сәті түскенде саудагердің сауда жасап жатқанының үстінен түседі дағы «Бұл саудагердің сөзін алма бөзін ал, егер бермесе өзін ал» дейді. Осы сөзден кейін бұл ауылды мұндай сөз беріп, уәдесінде тұрмайтын саудагерлер айналып өтетін болыпты. Мұнан Есей бидің біріншіден, тапқырлығын байқаймыз, екіншіден, жүректілігін, яғни батырлығын байқаймыз, үшіншіден, жастайынан елдің қамын ойлап есті болғандығын байқаймыз.

Өсе келе Есей Алдамұратұлы Ысты, Ошақты, Дулат, Иса, Мұса елдеріне билік жасап, сыртқы жаулардың шапқыншылығынан ығыр болған елдің еңсесін көтеріп, басын біріктіріп, халықты қоныстандыруға күш салған. Осы мақсатпен Жетісу, Шу, Талас, Сырдария өзендерінің бойын бойлап, елді қоныстандыратын ыңғайлы жер іздеген, сонымен қатар Шымкент, Ташкент, Түркістан жерлерін аралап, танысқан. Түркістан шаһары қазақ хандығының орталығы болып тұрған шағында Қаратаудың теріскейінде малдың жағдайын жасап, көшіп-қонып жүрген халықтың отырықшылыққа ауысуына ықпал еткен. Ол орталықтағы өкімет өкілдеріне сөзін өткізіп, Қаратаудың маңындағы біраз елді Ойық елді мекеніне, Қарасу, Сасық, Үлкен Бөген өзендерінің жағасына орналастырады.

Елдің қамын ойлап, олардың заманның талабына сай қалыптасуына өз үлесін қосып, халықтың қамымен жүргенде, айналасындағы игі жақсылармен араласып, хан алдында барып, халықтың жағдайын жеткізсе, ел басшыларымен ой бөлісіп, батырлармен үзеңгілес болған, билерімен бірге дау шешкен. Ел ішінде Есей бидің Төле бимен елдің қамы үшін жасаған еңбектері жайлы айтылады. Екі би бір-бірінің биліктегі әділдігінің қадіріне жетіп, бір-бірін сыйлаған. Оларға қатысты ел ішінде мынадай әңгіме бар: «Ташкен шаһарындағы қазақ өзбектер басы Төле биден бастап көңілдегі бетке ұстар тәуірлерін

қонаққа шақырады. Бұл меймандықта Есей би болмай қалады. Есей қасына ерткен би, қосшылармен ел жағын аралап сапар шегіп кеткен екен.

Дастархан үстінде әр қырлы әңгімелер айтылады. Алты әйел алған Есей бидің бір әйелі Ташкент шаһарындағы өзбектің бір әкімінің қызы болады. Қазақ салтын білетін өзбектер Есейді күйеу деп сынайтын көрінеді. Осы отырыста Төлені сынау үшін өзбектің бір байы ойда жоқта Төле биге:

— Есей қандай адам? — дейді.

Сонда Төле би:

Есей, ат сүрінгенше амал табады

Қас қағым сәтте қайрат көрсетеді.

Есей би, жанып тұрған жалын ғой,

Жалпы өзбекке мәлім ғой, — депті.

Төле бидің Есей биге берген осы сипатынан тағы да тапқыр шешендігімен қатар батырлығын байқаймыз. Қас қағым сәтте сөз тауып, қайрат көрсететіндігі, яғни, қажеттілік туғанда қайраты мен ақылының бір сәтте мәселені шешетіндігіне көз жеткіземіз. «Есей би жанып тұрған жалын ғой» деген жолдардан бойындағы барын: ақылы мен парасатын, күші мен қайратын, жүрегіндегі бар махаббатын халқына беретін, жалпы бойындағы бар жақсылығын елінің болашағына, заманға сай қалыптасып, дамуына жұмсайтын ұлтжанды жігіт болғандығын көреміз.

Тағы біреу:

— Есей сіздің неңіз? — депті.

Төле би:

— Есей әрі батырым, әрі ақылым,

Елдің сүйеніші — Есей

Ешкімге есесін жібермейтін,

Халықтың тіреніші — Есей

Сөзге шешен ақыным.

Жауды бүлдіретін де — Есей

Жауға алдырмайтын,

Дауды тындыратын да – Есей,
Жанашыр жақыным, – депті.

Осындағы Төле бидің жауабы тағы да Есей бидің шешендігі мен батырлығын қатар суреттеп отыр: «батырым әрі ақылым». Есей би елдің қамын ойлап, олардың заман талабына сай қалыптасуына бар күш-жігерін салып жүрсе, халқына жасаған қызметін ел-жұрты қабылдап, оны өздеріне сүйеніш еткендігін, еш жерде, ешкімге есесін жібермейтін қайсарлығымен елінің тіреніші болғандығын бидің сөзінен байқаймыз. Сонымен бірге сөзге шешен, ақындығын атап өткен Төле би: жауды бүлдіретін де мінезінің яғни, қызбалығын, бүлінген жауды тындыратын да мінезінің яғни, тапқырлығы мен қайратын бір сәтте пайдаланатын ерекшелігін атап өтеді де «жанашыр жақыным» деп сөзін қорытады. Бұл жауаптан байқайтынымыз: Төле би мен Есей би аталас туыс жандар емес, дегенмен оларды жақындастырған мақсаттың бірлігі, қоғамдағы атқарған тірліктеріне қатысты жасаған тұжырымдары. Біреуден өзіне жанашырлық күтетіндей Төле би соншалықты төмен жағдайда отырған жоқ. Төле бидің айтып отырған жанашырлығы жалпы халыққа қажет. Екі бидің де мақсаты халықтың қамы болғандықтан, халыққа жаны ашығандықтан олардың алға қойған міндеті де бір, оларды жақындататын осы. Яғни, жауына қаталдық, халқына адалдық.

Төле бидің: «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», – деген тұжырымына сай пайымдауларды Есей бидің тұжырымдарынан да байқаймыз. Мысалы: Елдің ынтымағын бидің әділеттілігі нығайтады. Төле би: бидің әділдігі туғанына қатысты сыналатындығын, туғанын жақтаған биден әділдік кетіп, иманнан айрылатындығын айтса, Есей би: бидің әділдігі елдің бірлігін ұстайтындығын, елдің болашағынан үміт күткен би әділ болуы керектігін айтады. Сонымен бірге, «Әділ билікке адал, арлы би жетеді», – дейді Есей би. Әділдік – адал, арлы адамның бойында қалыптасатындығын айтады.

Тағы да, «Әділ би айтқан ақиқат шындықты ақымақ та мойындайды», – дейді. Әділдік мойындауға мәжбүрлейді. Әділдікпен дәлелденген ақиқат пен шындық ақымақтың да миына қозғау салып, оның мойынсынуына әкеледі. Ақымақты мойындату оңайлықпен болмайды. Бұл жайлы Есей бидің: «Қиынның қиыны – жөнсіз сұраққа жөнді жауап беру» деген тұжырымы бар. Шындығында, жөнсіз сұраққа табан астында тауып айту шешенге сын. Бұл қасиет өз бойында бар болғандықтан да оның қызығы мен шыжығын жақсы меңгерген шешен осындай тұжырым жасаған.

Бидің бойында болатын сипатына қатысты: «Би ашуға ерік бермейді», – дейді. Шешенге берілген талант пен дарын әр кез ізденіс үстінде дамып, шешен тұлғасын қалыптастыратындығын ескерсек, би бойында болатын құнды қасиеттердің бірі – сабырлық екендігін Есей бидің осы сөзінен байқаймыз. Тағы бір сөзінде: «Бидің билігі елдің бәріне бірдей жақпайды», – дейді. Иә, бұл рас. Шындығында, әділдігін айтқан бидің сөзі бәріне бірдей жағуы мүмкін емес, мұндай жағдайда би сабырлы болуы қажет, шешен сөзімен айтқанда: ашуға ерік бермейді. Мұндағы, яғни ашуға ерік бермеудің сырын Есей би өзі айтады: «Әділ би шындықты өзі үшін емес өзгелер үшін іздейді». Шындық бидің өз басына емес өзгелерге, халық үшін керек болғандықтан, оны іздейді, тапқан кезде ащы болса да сөз тауып жеткізеді. Көзбен көргеннің де кейде шындыққа жанаспайтын тұстары болады, оның шындығы тереңде болғандықтан оны табуға терең тарихи таным қажет. Шешеннің санасында қалыптасқан тарихи таным, кез келген шындықты ашуға негіз болады. Әділ шындықты осындай тереңнен танып, тауып, оны ел игілігіне жаратады.

Есей бидің танымында: «Әділ бидің бір ғана дұшпаны бар. Ол – әділетсіздік». Кез келген жағдайда мәселенің шынайы шындығына жету үшін әрине, әділдік қажет. Қазақи танымға негізделген билікке тән ақиқатты айтудың жолы біреу ғана. Ол – әділдік. Осы тұрғыдан келгенде, шындығында әділ бидің дұшпаны – әділетсіздік.

Есей бидің бұл пайымдауынан өз тұлғасын байқауымызға болады. Яғни билікте тек әділдікке жұмыс жасағандығын, әділетсіздікті өзіне жау санағандығына көз жеткізе отырып, осы ойымызды тағы да бидің өз мына сөзімен саралаймыз: «Би көптің қамын ойласын». Осыған дейін біз бидің әділдігіне көз жеткізсек, енді оның көпшілдігіне тәнті боламыз. Әділдік – көпшілдіктің жолдасы. Себебі өз басын ойлаған адаммен әділдік жолдас бола алмасы анық.

Келесі бір тұжырымында би: «Би білікті болмай, ел бірлікті болмайды», – дейді. Елді біріктірудің бір жолы – біліктілік. Яғни отбасынан, халқынан алған білімін біліктілікпен пайдалана алмаса бидің биліктегі әрекеті бос әурешілік, ал алған білімі біліктілігіне жұмыс жасаса, ол ел бірлігін сақтауға жұмыс жасайды. Бидің абыройын асырады. Бұл жөнінде де бидің өз пайымымен дәлелдейміз: «Бидің абыроймен өмір сүргені жақсы, абыроймен өлгені одан да жақсы». Өте ұтымды тұжырым. Би абыроймен өмір сүру үшін билікте әділ, арлы болуы қажет, әділетсіздік оның қас жауы. Әділдікпен айтылған ақиқатпен тыңдарманның сенімін оятады. Би қандай жағдайда да ашуға бой алдырмайды, сонда абыройлы болады. Осы жинаған абыроймен өмір сүру ол әрине, би үшін бақыт. Ал бақыттың баянды болуы үшін жиған-терген абырой бимен бірге жасап, өз тұғырында қалуы қажет. Бидің тұғырдан таймауы оның абыроймен өмір сүргені. Абыройды ұстауға бидің біліктілігі көмектеседі, біліктілікті қалыптастыруға білім қажет. Білімді беретін халық. Халықтың бергенін біліктілікпен қайтару – абырой. Едіге бидің де қазақ қоғамындағы би мен билікке қатысты айтқан тұжырымдарының түйіні осы болмақ.

Сөзіміздің түйіні: Төле би билікке қатысты пайымдауын бір ауыз сөзбен берген, оны иманмен байланыстырып, терең ой қозғаған. Ал Есей би биліктегі танымын әр қырынан көрсеткен, ашып, таратып айтқан. Төле би де: тура би. Есей би де: адал, арлы би, білікті би, әділ би, ашуға ерік бермейтін би, көптің қамын ойлайтын

би. Төле би де: туған жоқ. Есей би де: бидің дұшпаны – әділетсіздік.

Екі бидің де айтпағы бір ой. Ол – биліктегі әділдік. Төле би мен Есей би дау шешімі қашанда әділдікке негізделуін, қандай жағдайда да бидің абыройы жоғары тұру керектігін өз биліктерінің басты нысанасы етіп алғандығына көз жеткіздік.

ӘДЕБИЕТ

1. Төрекұл Н. Даланың дара ділмарлары. – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2001.
2. Дәдебаев Ж. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Өнер, 2008.
3. Дәдебаев Ж. Шешендік өнер теориясының негіздері. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.

Меңдібай ӘБІЛҰЛЫ,
Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз
инновациялық институтының профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты,
Халықаралық ақпараттандыру
академиясының академигі

ЕСЕЙ БИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАМАНЫ

«Қазақ сөздігінде» «би» сөзі «Қазақ қоғамындағы бұрын-соңды қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-сананы өте жетік білетін, сөзге шешен, өзі заңгер, өзі істің ақ-қарасын айқындап, үкімін шығаратын сот. Немесе: «Дауды дәстүрлі (тарихат) жолмен шешетін, құқықтық істі «Қазақ сөздігінде» «би» сөзі «Қазақ қоғамындағы бұрын-соңды қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-сананы өте жетік білетін, сөзге шешен, өзі заңгер, өзі істің ақ-қарасын айқындап, үкімін шығаратын сот. Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолымен я болмаса, Жеті Жарғы бойынша жүргізетін адам. Сонан соң би «Шешен, ділмар, батагөй». Сонымен бірге «Бітістіруші, дипломат, елші». Қазақ халқының патшалы Ресейге бодан болуына байланысты: «Патшалық Ресейдің қазақ даласында отаршылдық пиғылмен жүргізген құқықтық-әкімшілік реформалары салдарынан билік жүйесінің өзгеруіне байланысты сайламалы жолмен тағайындалған билік иесі». Ауыспалы мағынада: «Ие, қожа», «Үстем, басым», – деп жазылған.

Елге билік етуші хандардың кеңесшісі би болған. Мұны қазақ елінің тарихында жиі кездестіреміз. Мысалға Жәнібек ханның кеңесшісі Асанды алайық. Асан – би һәм жырау болған.

Есейханның өмір сүрген заманы XVIII ғасыр болды. Аумалы-төкпелі заманда өмір сүрген Есейхан 43 жасында

кайтыс болды. Есей жас кезінен бастап соғыс өнерін жетік меңгереді. Атағы алысқа кеткен балуан болған, мергендігі туралы ел аузында аңыз әңгімелер көптеп айтылады.

Есей жаугершілік заманда өмір сүргендіктен өзінің алдына қойған ұстанымы халқын сыртқы жаулардан қорғау болды. Бәйдібек батырдың ұрпағы, Ысты тайпасының Қызылқұрт руынан өрбіген Есейханның өжеттігін, сөзге шешендігін елдің билері мен көсемдері жоғары бағалайды.

Есейхан – өз халқының тәуелсіздігі үшін күрескен адал азаматтардың бірі. Жоңғар шапқыншылығы кезінде өз елінің қорғаны болады, оның әскери жасақтары жоңғарларға күйрете соққы береді. Сонымен бірге Қоқан хандығының өз елін отарлау саясатына қарсылық білдіріп, олардың әртүрлі айла-амалдарына қарсы күреседі.

Орталық Азияда ықпалды болған Қоқан билеушісінің озбырлығына қарсы шығып, ұзын саны екі-үш мыңнан асатын жасақ құрады. Есейханның әскери жасағы сол заманда Қоқан ханының үрейін ұшырады. Қоқан ханы елші жіберіп, Есейханмен арада бейбіт келісімге келуге мәжбүр болады. Бұл оқиға өзгелерге күш-қайрат беріп, Есейханның әскери жасағын толықтырады.

Есейхан бірнеше жылдар бойы Қоқан хандығының әскери жорығына қарсылық көрсетіп, сыртқы жаулармен табанды түрде шайқасты. Шыққан тарихы бір бауырлас түркі халықтарының арасында ынтымақтасып, бейбіт өмір сүру үшін көршілермен келіссөз жүргізді.

Ресей отаршылдары Қоқан хандығын XIX ғасырда ғана тізерлетті. 2004-2009 жылдары Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Тараз институты филология факультеті Жамбыл облысына ұйымдастырған фольклорлық экспедиция кезінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында білім алып жатқан студенттер ел аузынан Есейхан туралы айтылған, немесе «Есейхан айтыпты» деген ауыз әдебиеті үлгілерін айтушылардан жазып алды. Енді сол Есейханға байланысты айтылатын ауыз әдебиеті үлгілерінің бірнешеуін назарларыңызға ұсынамын.

«Бірде Есейхан бірнеше күнге созылған жорықтан қайтып келіп, өз халқын жинап, былай деп ардақ сөз айтыпты дейді: «Ынтымағы жарасқан халықтың ұл-қыздары тасып, толады, ауызбіршілігі жоқ халықтың ұл-қыздары жасық болады. Ұл-қыздары тасып, толған халықтың сөзі тозбайды, ауызбіршілігі жоқ халықтың бәйгеде аты озбайды»;

«Ер жігіт ерлігімен елді тамсандырады»; «Алдымен отбасыңды қорға, отбасың – еліңді құрайды, елің табан тірер айбатың, дұшпанға шапсаң бойыңдағы қайратың»; «Ұл-қызың аман болсын десең алдымен еліңді қорға, Елің – айбатың, ұл-қызың – қайратың»; «Жауды жасқандыратын жасағың болсын»; «Жау жағадан алғанда, сатқын етектен алады»; «Жауды жайратқың келсе, найзанды еге – күшің тасады, қайратың асады» (М. Әбілұлының үй мұрағатынан, 11-пәпкі, 9 бет).

Есейханның жастық шағында оған ауылдың биі мынадай сұрақ қойыпты:

«Жыл артынан жыл өтер, күн артынан күн өтер, еліне пана болған билер мен шешендер өмірден кетер, сонда қалың елге кім ақыл айтып, ел болашағын ойлар?» – деп сұрапты. Сонда жас Есейхан: «Жыл артынан жыл өтсе, күн артынан күн өтсе жас есейіп, би болар. Билер мен шешендер өмірден өтсе ақыл айтар ақылды жас табылмас дейсіз бе, жас шешендер ақыл айтса ел мұңнан арылмас дейсіз бе, ақыл сөз айтар адам табылмас дейсіз бе, қайғырмаңыз», – деп жауап беріпті.

Енді бірде бала Есейхан жылқысын ұрлатып биге шағым айтып келген әйелге би:

«Жылқыңды ұрлаған адамның кім екенін білмеймін, оны ауылыңның жігіттерінен сұра, сонан соң кесімді мен айтамын», – депті. Мұны естіп тұрған жас Есейхан:

«Жылқысын ұрлатқан бұл кісі ұрланған жылқымды табуға көмектес деп келіп тұрған шығар. Күйеуі жорықта қайтыс болған көңілі жаралы әйел екен. Жылқысын табуға көмектессеңізші», – депті. Би Есейханның мына сөзінен ұялып, әйелдің ұрланған жылқысын іздеуге қарулы

жігіттерді шығарыпты, олардың басшысы етіп Есейханды белгілепті», – дейді (М. Әбілұлының үй мұрағатынан, 8-пәпкі, 5 бет).

Қазақ халқының ежелден, ғасырдан ғасырға ұласып келе жатқан, жастарды адалдыққа, ерлік пен өрлікке, адамгершілікке баулып келе жатқан билер мектебі маңызды рол атқарған. Билер мектебінде шешендік өнерді меңгерген жастарымыз көпке билік айтуда ғажайып тапқырлық көрсеткен. Осындай тағылымды істерге баулитын жерден өнеге алған жас Есейхан өскен соң өз халқының ардақты перзентіне айналған.

Еліне пана болған, ардақ сөздерімен дана болған Есейхан бабамыз мәңгі жасай берсін!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ сөздігі (қазақ тілінің бір томдық үлкен түсіндірме сөздігі) / құрастырғандар: Н. Уәли, Р. Шойбеков, Қ. Күдерінова және т.б. – Алматы, «Дәуір» баспасы, 2013. – 232 б.
2. Қазақ халық әдебиеті. Екі томдық хрестоматия [Мәтін]. Т.2 / Құраст. С. Садырбайұлы; жалпы ред.басқ. Қ. Әбдешұлы. – Өңд., толықт., 2-ші басылым. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 276 б.
3. Классикалық зерттеулер. Көп томдық [Мәтін]. Т. 24. Фольклор туралы зерттеулер / М. Ғабдуллин. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2014. – 408 б.

Дереккөзі: «Есейхан Алдамұратұлы және ұлттық құндылықтардың танымдық мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 11 қараша 2024 жыл. – Тараз: Dumaty university, 2024.

**Үшінші бөлім. ЕСЕЙ БИДІҢ ӨСИЕТ СӨЗДЕРІ МЕН
АҢЫЗДАР**

ЕСЕЙ БИДІҢ ӨСИЕТ СӨЗДЕРІ

1. Маңдайдағы жазудың мәнісі Аллаға ғана аян.

2. Елдің ынтымағын бидің әділеттілігі нығайтады.

3. Би білікті болмай, ел бірлікті болмайды.

4. Әділ билікке адал, арлы би жетеді.

5. Әділ би айтқан ақиқат шындықты ақымақ та мойындайды.

6. Би ашуға ерік бермейді.

7. Кеңпейіл кісі кешірімді келеді.

8. Адал еңбек – барша игіліктің көзі.

9. Ақылды ақымаққа ақыл айтпайды.

10. Кісіге жасаған жақсылық із-түзсіз кетпейді.

11. Қателіктің үлкен-кішісі болмайды.

12. Жақсы мен жаманды айырмау – ақылға сын.

13. Жақсы мен жаманды айырмаған қауым ел болмайды.

14. Әділет жолы туғаныңнан жақын.

15. Би көптің қамын ойласын.

16. Бидің билігі елдің бәріне бірдей жақпайды.

17. Арсыз адамды ешкім ұялта алмайды.

18. Ақылы аздың сөзі көп.

19. Досыңды жақын тартсаң, оның дұшпан болуы мүмкін екенін ойла.

20. Дұшпаныңнан сақтансаң, оның дос болуы мүмкін екенін ойла.

21. Ақылды би болар істі алдын ала болжап біледі.

22. Ақылды бірдің достығы ақылсыз көптің
достығынан күшті болады.

23. Айтылмаған сөздің мәні терең болады.

24. Жалақорлық пен бәлеқорлықтан асқан зұлымдық
жоқ.

25. Жақсы болу оңай емес.

26. Досыңнан қарыз алма, досыңа қарыз берме.

27. Әділетсіз би көп алдында әділетті болып көрінуге
тырысады.

28. Сабыр – даналықтың негізі.

29. Сатқын өзгені сатудан бұрын өзін-өзі сатады.

30. Күншіл адам күннен де кемшілік табады.

31. Жатқан жеріңді сатпа.

32. Әділетті билік жасау үшін екі жақты бірдей тыңда.

33. Әрі ақылды, әрі аяр болғаннан арлы болған артық.

34. Жүгенсіз атқа мінгеннен жүйесіз сөз сөйлеген
жаман.

35. Өз ақылыңды өзіңнің алуың қиын, өзгеге ақыл
беруің оңай.

36. Қиынның қиыны – жөнсіз сұраққа жөнді жауап
беру.

37. Алтынды үйде жайсыз ұйықтағаннан қараша үйде
қамсыз мызғыған артық.

38. Әділ бидің бір ғана дұшпаны бар. Ол – әділетсіздік.

39. Кісінің арының таза болуы оның кемшіліксіз
болуы деген сөз емес.

40. Сараңдық байлықтан туады.

41. Ұры мен қарыға би болғаннан әділетке құл болған
артық.

42. Бай болсаң, кедейшіліктің барын ұмытпа,
Кедей болсаң, еңбектің барын ұмытпа.

43. Биді көптің алқалауы маңызды емес, оның шын мәнінде кім екенін білу маңызды.

44. Дау желісі сағыздай созылып кететін болса, шындықтың шырайы қашады.

45. Бидің жұмысында асығыстық болмауға тиісті.

46. Би сөзін қашан, қалай айтуы керектігін анық білуі шарт.

47. Айыптыны ақтап сөйлеген би өзіне айып тағады.

48. Әдет-ғұрып, салт-дәстүр өз күшінде тұрса, ел де мықты болады.

49. Досыңа сенбесең, досың да саған сенбейді.

50. Өлімнен ешкім қашып құтыла алмайды.

51. Өзгенің кемшілігіне кешіріммен қарауға болады, өзіңнің кемшілігіңе кешіріммен қарауға болмайды.

52. Жақсы ат – атадан балаға қалған мұраның асылы.

53. Атадан арсыз туған түзелмейді.

54. Қылмыс арқалап тірі жүргеннен бейнет арқалап
өлген артық.

55. Бидің абыроймен өмір сүргені жақсы, абыроймен
өлгені одан да жақсы.

56. Адал еңбекпен тапқан абыройды жоғалту оны
таппағаннан жаман.

57. Кездейсоқ жақсы болатын адам жоқ.

58. Бидің жазықсыз адамды жазықты қылуы оның
өзін-өзі жазықты қылуымен бірдей.

59. Кедейді кедей деме, қанағаты болса.

60. Жаудың қарасын көріп қашпа.

61. Жаудың найзасын көріп бұқпа.

62. Өмір деген – білім дариясы. Одан үйренетін нәрсе
көп. Бірақ одан жүзіп өтуге асықпау керек.

63. Өмір деген – Алланың берген сыйы. Оның бір жайсыз әрі жақсы жайы бар. Ол – өмірдің өтпелілігі.

64. Біреулер басқаға ақыл айтады, сол ақылын өзі керек қылмайды.

65. Біреулер басқаға ақыл береді, басқаның ақылын алмайды.

66. Көздің көргенін тілдің бұлжытпай жеткізуі қиын.

67. Жалғаншының жаманы – жалған куәлік беруші.

68. Әділ би шындықты өзі үшін емес өзгелер үшін іздейді.

69. Ақылың мен күшіңді жат елге берме, өз еліңе бер.

70. Батыр болсаң, жауға шап.

71. Көршіңмен керісіп батыр болмайсың.

72. Екі туысқаныңның дауына төреші болма.

73. Алладан қорықпағанды адам санатына қосуға болмайды.

74. Баукеспе ұры ұрлық жасағаны үшін өкінбейді,
тұтылып қалғаны үшін өкінеді.

75. Бидің жақсысы адамдардың әділетті болуын
тілеген би емес, адамдардың әділетті болуының
жолын тапқан би.

76. Даналықтың негізі – өмір тәжірибесі.

77. Бидің жіберген аз ғана қателігі зор қауіп төндіруі
мүмкін.

78. Көк пен жер, өзен мен көл өзгереді, адамның
болмысы өзгермейді.

79. Таудай тас болғанша, тарыдай жақұт бол.

80. Қолыңда жоқ болса, қасыңа ешкім келмейді.
Қолыңда бар болса,
қиырдағы туысқандарың іздеп келеді.

81. Ары таза адам жайлы ұйықтайды.

82. Жүз әкім табудан бір би табу қиын.

83. Қарттар еккен алма ағашының жемісін жастар жейді.

84. Күшім көп деп тасыма, сенен де күшті табылады.

85. Жуас адам жүндеуге жақсы, жуас ат мінгенге жақсы.

86. Дүние қуып адам баласы өтеді, тамақ іздеп құс баласы өтеді.

87. Көргені көп шектен шықпайды.

88. Көргенді кісі қайырымды келеді.

89. Ақыл тоқтатқан кісі әр нәрсенің байыбына ақылмен ойлап жетеді.

90. Аузыңа харам салғаннан аштан қатқан жақсы.

91. Кім көрінгенмен бірге жүргенше өзіңмен өзің бол.

92. Алланың адамға бергенінің бәрі – аманат.

93. Ақыл – Алланың адамға берген сыйы.

94. Адам Алланы ақылмен танып біледі.

95. Адамның хайуаннан айырмашылығы – ақылында.

96. Ақылды кісі өзіне қатыссыз дауға араласпайды.

97. Ақыретте дүниеде істеген игілікті істерің ғана жолдас болады.

98. Жақсымен жолдас болсаң, жолың болады,
Жаманмен жолдас болсаң, жүзің солады.

99. Адамшылығын жоғалтқан адам қатарына жатпайды.

100. Ағайыныңмен жауласпа.

101. Көршіңмен дауласпа.

102. Өсиетке терең бол.

103. Өсек сөзге керең бол.

107. Саудагердің сөзін алма, бөзін ал.

108. Кәрі мен жас жараспас.

111. Кедеймін деп налынба,
Арыңды сатып, жалынба.

112. Терің төгіп еңбек ет!

113. Атаңның ботасын алма, батасын ал!

114. Жалақор өз жазасын өзі табады.

115. Зорлық көргенді Құдай көреді.

116. Жауға жаныңды берсең де, сырыңды берме.

117. Өсер елдің арманы көп,
Өшер елдің жанжалы көп.

ЕСЕЙ БИ АТЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ АҢЫЗДАР

1. Есей баба төбесі

Есей бидің ауылы жаз бойы жайлауда отырған. Жайлаудағы ауылдың жанында биік төбе болған. Төбенің етегі көкмайса, төбесінде бұлақ көзі болған. Бұлақ көзінің суы арна салып төмен қарай ақпаған. От орнындай жерден қайнап шығып, асып төгілмеген, бір қалыпта болған. Ауыл адамдары бұлақтың көзін қасиетті деп, оған тиіспеген.

Ауылдың Есей би бастаған үлкендері сол төбенің басында отырып кеңес құрған. Елдің ішіндегі дау да сол төбенің басында қаралған. Басқа ауылдың кісілері келген шаруаларын сол төбенің басында айтып, Есей бидің шешімін күткен. Есей би қайтыс болғанда, ел оны сол төбенің басында жерлеген.

Төбе «Есей төбе», «Есей баба төбесі» деп аталған.

2. Есей бұлақ

Есей төбенің етегіндегі жазғы жайлаудың екінші жағында орман болған. Орманда өскен қалың қаратал, долана, жиде тал ішінде мал жайылған. Орманның ортасындағы мөлдір бұлақтың суы шипалы болған. Есей би орманға бас-көз болып, оған балта тимеуін, оның ортасындағы бұлақ басының бүлінбеуін қадағалаған. Ауыл адамдары сол бұлақтың басындағы алып қараталдың түбіне ниет етіп келіп, Жаратқанға жалбарынып тілек тілеп, бұлақтан су ішкен.

Бұлақ «Есей бұлақ» деп аталған.

3. Есей бидің киесі

Есей бидің айдаһары болған деседі. Есей би ел ішінің дауын тыңдап, әділ билік шешімін шығарғанда, айыпты тарап бидің әділдік жолына қарсылық білдірсе, бидің киесі оларға айдаһар бейнесінде көрінеді екен. Сонда айыпты адам теріс пиғылынан қайтып, бидің әділ билігіне мойынсұнған.

4. Есей бидің құты

Есей би жерленген биіктің айналасына барған адамдардың қайбірінің көзіне айдаһар көрінеді. Оны білетін адамдар Есей баба жатқан төбе маңынан өткенде, дәрет алып, бидің рухына құран бағыштап, дұға оқыған. Айдаһар ниеті жақсы, ойы мен бойы таза адамдарға көрінген. Оны көрген адамдарға құт қонады екен.

5. Ойық бұлақ 1

Түркістан облысы Түркістан қаласынан бір көш жер қашықтықта Ойық тауы тұр. Тау етегі ілгеріде Есей бидің жайлауы болған. Бүгінде Таудың етегінде Ойық ауылы отыр.

Тау ортасы ұзыннан ұзақ ойық, сол ойықтың табанында бұлақ ағып жатыр. Бұлақ «Ойық бұлақ» деп аталады. Бұлақтың ағын арнасы бар. Бұлақ таудың жақпар тасынан қайнап шығып, екінші бағыттағы жақпар тасына барып сіңеді. Бұлақтың суы шипалы. Бұлақтың суын ішкен адамның көңілі ашылады, ойы тазарады.

6. Ойық бұлақ 2

Ерте заманда Ескендір патша өлместің суын іздеп көп жүріпті. Күндердің бір күнінде таудың ойығында жатқан бұлаққа кез болыпты. Патша бұлақтың суын өлместің суы

деп біліпті. Бұлақтың суына түсіп, оның суын ішуге ыңғайланады. Сонда бір үн шығады:

– Ескендір, бұлақтың суын ішпе! – деген.

Ескендір жан-жағына қарап, кірпінің үлкендігіндей бір жәндікті көреді. Ол Ескендірге былай дейді:

– Мен де сендей болғанмын. Мына бұлақтың суын ішсең, сен де мендей боласың.

Ескендір бұлақтың суын ішпепті.

7. Қосмола

Бала Бөгеннің жоғары ағысының бойында тау бар. Тауды, таудың етегіндегі жайлауды Бәйдібек баба жайлаған. Бәйдібектің Зеріп атты әйелінен Жәлменбет туады. Жәлменбеттің Сыланды атты әйелінен Шапырашты, Ысты, Ошақты тарайды. Зеріп ана мен келіні Сыланды бір күнде қайтыс болып, бір таудың биігіне қойылыпты. Таудың биігіндегі қос мола елдің көз алдында тұрған. Зеріп ана мен оның келіні Сыландының молалары тұрған тауды ел «Қосмола» деп атаған.

8. Алты сары

Елге шапқан жауға қарсы сұрапыл соғыстардың бірі Күйік асуында болған. Бәйдібек жасақтары шапқыншы жауды Күйік асуында ойсырата жеңіпті. Сол қырғын ұрыста Бәйдібектің алты бірдей батыр ұлы ерлікпен қаза тауыпты. Қапалы, қаралы Бәйдібек алты ұлын Қошқарата өзені жағасында Сарыкемер деген жерде жерлепті. Әйгілі «Алты сары» дейтін обалы биік соның белгісі екен.

Дерек көзі: «Есей бидің өсиет сөздері», «Есей би атына байланысты аңыздар» осы кітапта жарияланған еңбектер мен Абай институтының қолжазбалар қорындағы деректер негізінде берілді.

МАЗМҰНЫ

Бірінші бөлім. Есей бидің ататегі

Шежіреге бай елміз.....	3
Тұрсынқұлов Қ. Истеми қаған.....	10
Салғараұлы Қ. Істемі.....	16
Дәдебайұлы Ж. Ыстымы қаған.....	23
Тауасарұлы Қ. Бәйдібек бай.....	39
Бәйдібек баба.....	45
Бәйдібек Қарашаұлы (609-655).....	56
Тұрысов Е. Бәйдібек. Мәңгілік есім.....	62
Омарбеков Т. Бәйдібек баба.....	73
Дәдебайұлы Ж. Жауатар.....	82

Екінші бөлім. Есей бидің өмірі мен заманы

Төрекүл Н. Есей би.....	91
Дара ойлар.....	98
Әбдірайымов Ә. Есей есімі ескерілсе.....	100
Бегалиев Т. Есей емес, Есейхан.....	103
Рақышев Т. Бабаға құрмет – ұрпаққа тағылым.....	107
Диқамбай батырдың шежіресінен.....	110
Төрекүл Н. Досай би.....	111
Қойшыбайұлы Қ. Алдамұратұлы Есейдің ұрпағы	
Шақантай батыр.....	119
Дәдебайұлы Ж. Есей бидің өсиет сөздері.....	129
Құлбарақ С. Төле би мен Есей би.....	136
Смағұл Ж. Тарихи тұлғаға тағзым.....	141
Тұрысбек Р. Ел есіндегі Есей би.....	146
Көпбаева М. Есейхан Алдамұратұлы тұлғасының ұлттық	
құндылықта алар орны.....	155
Шортанбай Ш. Есей бидің есті сөздері.....	162
Мұсалы Л. Есей бидің би мен билік жөніндегі	
толғамдары.....	169

Шормақова С. Есей бидің Төле би сөздерімен үндестік тапқан қоғамдық тұжырымдары.....	175
Әбілұлы М. Есейхан би және оның заманы.....	182
Үшінші бөлім. Есей бидің өсиет сөздері мен аңыздар	
Есей бидің өсиеттері.....	187
Есей би атымен байланысты аңыздар.....	198

Ғылыми көпшілік басылым

ЕСЕЙ БИ ТУРАЛЫ МАҚАЛАЛАР, ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР

Редакторы *Л. Мұсалы*

Корректоры *Б. Даутова*

Компьютерде беттеген *Г. Ыбырайқызы*

Мұқабаны безендірген *А. Кенжеқожаева*

ISBN 978-601-08-4897-9



9 786010 848979

Басуға 10.02.2025 жылы қол қойылды. Формат 60x84/16.

Көлемі 12,69 б.т. Электрондық басылым.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Абай ғылыми-зерттеу институты.

Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалды.

